


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҒҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ  
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М. АУЭЗОВА  
M. AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN UNIVERSITY



ISSN 2522-4026

KAZPOST 76084



**AUEZOV**

UNIVERSITY

1943

**М. Әуезов атындағы ОҚМУ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ**  
**НАУЧНЫЕ ТРУДЫ ЮКГУ им. М. Ауэзова**  
**TRANSACTIONS Of M. Auezov SKSU**

**№ 4 (56) 2020**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

М. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІ  
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. М. АУЭЗОВА  
M. AUEZOV SOUTH KAZAKHSTAN UNIVERSITY



**М. Әуезов атындағы ОҚМУ  
ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ**

**НАУЧНЫЕ ТРУДЫ  
ЮКГУ имени М. Ауэзова**

**TRANSACTIONS  
of M. Auezov SKSU**

**№4 (56)**

**ШЫМКЕНТ 2020**

ISSN 2522-4026

**М. Әуезов атындағы  
ОҚМУ ҒЫЛЫМИ ЕҢБЕКТЕРІ**

**НАУЧНЫЕ ТРУДЫ ЮКГУ  
им. М. Ауэзова**

**TRANSACTIONS  
Of M. Aueзов SKSU**

**№4 (56) 2020**

---

**Меншік иесі:** М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:**

**Бас редактор:** Қожамжарова Д.П. - М. Әуезов атындағы ОҚУ ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі.

**Редакциялық алқа мүшелері:** Сүлейменов Ү.С. – ҒЖ және И жөніндегі проректоры, т.ғ.д., профессор; Изабелла Новак – х.ғ.д., профессор, Познань қ. Адам Мицкевич университеті, Польша; Аврамов К.В. – т.ғ.д., профессор, «Харьков политехникалық институты» ұлттық техникалық университеті, Украина; Соловьев А.А. – ф.-м.ғ.д., профессор, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей; Емелин А.В. – ф.-м.ғ.д., профессор, Санкт-Петербург мемлекеттік университеті, Ресей; Богуслава Леска - х.ғ.д., профессор, Познань қ. Адам Мицкевич университеті, Польша; Полина Прокопович – PhD, Кардифф университеті, Ұлыбритания; Меор Мохаммед Фаред – ассоциациялық профессор, Путра университеті, Малайзия; Олден А. - академик, Лондон Батыс университетінің есептеуші техника және технология мектебі, Ұлыбритания; Ивахненко А.П.- PhD докторы, директор, Мұнай зерттеу орталығы, Хериот-Ватт университеті, Ұлыбритания; Елизавета Фаслер-Кан - PhD докторы, профессор, Базель университеті, Австрия; Радюк С.Н. - PhD докторы, ассоциациялық профессор, Оңтүстік әдістемелік университеті, АҚШ; Жонго Ок - PhD докторы, профессор, Сеул ұлттық техникалық университеті, Корея; Марфенин Н.Н. - б.ғ.д., профессор, М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті, Ресей; Бишімбаев У.Қ. - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан; Жұрынов М.Ж. - х.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан; Айменов Ж.Т. – т.ғ.д., профессор; ҚР ҰЖҒА академигі, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Байтанаев Б.А. - т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Калменов Т.Ш. – ф.-м.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Қазақстан; Молдабеков Ш.М. – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰИА, Қазақстан; Надилов Н.К. – х.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі; М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Жекеев М.К. - т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Кулымбетова А.Е. – п.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Қалыбекова А.А. - п.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Мырзахметов М. - ф.ғ.д., профессор, Қазақстан; Назарбекова С.П. – х.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Ташимов Л.Т. – т.ғ.д. профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Таймасов Б.Т. - т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Ниязбекова Р.К. - э.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Волненко А.А. - т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ; Тлеулов Э.М. – п.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Маймаков Ғ.Қ. – т.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Сарсенбі Ә.М. – ф.-м.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Қазақстан; Тлеуов А.С. – т.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Жолдасбекова С.Ә. – п.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Карбозова Г.К. – ф.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан; Орынтаев Ж.К. – з.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы ОҚУ, Қазақстан.

**ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР**  
**ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ**  
**TECHNICAL SCIENCES**

---

ӘОЖ 541.18

**А.Б. Ақберген, М.А. Қамбаров**

магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент,  
Қазақстан

т.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент,  
Қазақстан

**ҚЫСҚЫ БЕТОНДАУ ЖҰМЫСТАРЫНДА ЖАСАЛАТЫН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ  
ЖҰМЫСТАР МЕН ӘДІСТЕР**

**Түйін**

Бұл мақалада қыс мезгілінде ғимараттар мен құрылыстарды бетондау жұмыстарын жүргізу мәселесі көтеріледі. Қоршаған ортаның әртүрлі температураларындағы бетонның сипаттамалық ерекшеліктерін талдау негізінде бетондау кезіндегі ауа температурасын ғана емес, сонымен қатар тасымалдау кезіндегі бетонның температурасын да ескеру қажеттілігі анықталды. Теріс температураның бетон араласпасына кері әсері және оның алдын алу жолдары сипатталды. Қолданылатын бетонның түріне және құрылыста қолданылу аймағына сәйкес қысқы бетондау жұмыстарын жүргізу әдістері қарастырылды және оларға сипаттама берілді. Қысқы бетондау жұмыстарын жүргізуде қолданылатын әдістердің технологиялық ерекшеліктері, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылды. Бұл әдістердің орындалу технологиясына сипаттама берілді. Монолитті құрылыста қолданылатын ұсақдәнді толтырғышты бетон араласпасы үшін тиімді қысқы бетондау әдісі анықталды.

**Кілттік сөздер:** электрлі қыздыру, аязғатөзімді қоспалар, қысқы бетондау

**Кіріспе**

Қазіргі уақытта елде әртүрлі функционалды мақсаттағы күрделі модификаторларды қолдана отырып, монолитті бетоннан ғимараттар мен құрылыстарды салу технологиялары қарқынды дамуда. Соның ішінде көп қолданысқа ие болып жатқан бетон түрі - ұсақдәнді бетондар. Себебі, құрылыс материалының бұл түрі құрамы дұрыс таңдалған жағдайда өзінің жоғары сапалы құрылымымен ерекшеленеді. Ұсақдәнді бетон құрылыстың көптеген аймақтарында пайдалануға мүмкіндік беретін иілу кезіндегі жоғары беріктікке, су өткізбеушілік және аязға төзімділікке ие.

Ұсақдәнді бетон дайындауда өзекті проблемалардың бірі төмен және жоғары температурада бетондау тиімділігін арттыру болып табылады. Төмен оң температурада цементтің қатаюы баяулайды- ал теріс жағдайда - цементпен реакция жасамаған бос су қатып, мұзға айналады, көлемі ұлғаяды. Сонымен қатар, бетонды ерте мұздату арматураның және агрегаттың бетінде жұқа мұз қабаттарының пайда болуына байланысты арматураның және агрегат түйірлерінің цемент тасына адгезиясының төмендеуіне әкеледі. Бұл ретте көлемі бойынша елеулі ішкі кернеулер және егер қажетті бетон беріктігі жиналмаса оларға төтеп бере алатын жеткілікті күш оның құрылымын бұзады. Сол себепті қыстық қатаю жағдайында бетон бұйымдарын дайындау, жеткізу, төсеу жұмыстарын жақсарту маңызды мәселе болып табылады [1,2,3].

Суық ауа райында бетонмен жұмыс істеу кезінде температураның екі мәнін ескеру қажет: біріншіден, қоршаған ауаның температурасы, екіншіден, жеткізу кезінде бетонның температурасы. Егер жаңадан дайындалған бетон 0 °С-ден төмен температураға дейін

салқындаса, қоспадағы су қатып, кеңейеді. Бұл бетон араласпасының құрылымын зақымдауы мүмкін және оны қолдануға жарамсыз етеді [7].

### Негізгі бөлім

Қазіргі кезде қысқы бетондау жұмыстарын жүргізудің 3 әдісі бар:

- «Термос» әдісі;
- Аязға қарсы қоспаларды қолдану;
- Электрлі қыздыру:
  - а) электродты қыздыру;
  - б) қыздыру сымдарымен жылыту;
  - в) Индукциялық қыздыру;
  - г) инфрақызыл жылыту.

Осы әдістердің технологиялық ерекшеліктерін, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері, сондай-ақ қолдану аясын қарастырып көрейік.

«Термос» әдісі бойынша бетонды ұстау және жайғастыру технологиясы келесідей:

- электродтардың көмегімен бетон 25-45°C дейін қызады;
- алаңға тасымалданады;
- бетонды қалыпқа жайғастырады;
- бетін жылу оқшаулағыш материал қабатымен жабады;
- қатаю бетон қоспасын дайындау кезінде енгізілген жылу және цемент қамырының қатаю кезіндегі экзотермиялық процессте бөлінетін жылу есебінен жүреді.

Мұндай әдіс массивті құрылымдарды бетондау кезінде қолданылады. Бірақ егер сыртқы ауаның орташа тәуліктік температурасы +5°C-тан төмен, ал ең төмен температура – 0 °C-тан төмен болса, бұл әдісті қолдануға болмайды. Кейде "термос" әдісі басқа әдістермен біріктіріледі [3].

Кесте 1 – Берілген әдістің артықшылығы мен кемшілігі

«+»	«-»
Құнының төмендігі	Өте төмен температура кезіндегі тиімсіздігі
Технологиялық процесінің қарапайымдылығы	Күрделі конструкцияларға жарамайды
	Тек шағын салқындатылған аймақта қолдануға арналған

Аязға қарсы қоспаларды қолдану әдісінің технологиясы.

Аязға қарсы қоспалар сұйықтықтың қатаю температурасын төмендетеді, осылайша сыртқы ауаның төмен температурасы кезінде бетонның қатаюын тездетеді. Қоспаның бетон араласпасына қанша енгізілгенін бақылау керек, өйткені жеткіліксіз мөлшер мерзімінен бұрын қатып қалуға әкеледі, ал шамадан тыс қосу кезінде бетон баяу қатайды.

Бетон араласпасына қоспа араластыру кезінде немесе кейбір жағдайларда құрылыс аймағында қосылады.

Егер бетонның қатаю процесі жұмыс кестесімен сәйкес келмесе, аязға қарсы қоспаларды қолдану әдісін басқа әдістермен бірге пайдаланса болады.

Кесте 2 – Берілген әдістің артықшылығы мен кемшілігі

«+»	«-»
Құнының төмендігі	Бетонның есептік беріктігіне жету уақытының артуы
Құны жоғары арнайы жабдықтар пайдаланылмайды	Арматураның коррозияға төзімділігі төмендейді (хлоридті қоспалар үшін)
Төмен еңбек шығындары	
Жұмысты жүргізудің қарапайымдылығы	

Электр жылыту әдістері. Электродты қыздыру әдісінің технологиясы  
Бетонның беткі жағына трансформаторға қосылатын электродтар орналастырылады. Электр өрісі пайда болып, ол бетонды жылытады. Қажетті қыздыру температурасына жету үшін трансформатор параметрлерін таңдау және реттеу керек. Бұл әдіс қысқы бетон дайындаудың ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады.

Кесте 3 – Берілген әдістің артықшылығы мен кемшілігі

«+»	«-»
Әдістің жоғары жылулық тиімділігі	Дайындалу уақытының ұзақтығы
Монтаждаудың сенімділігі мен қарапайымдылығы	Қосымша жабдықтар
Кез-келген қалыңдық пен формадағы конструкцияны қыздыру	Көп мөлшердегі білікті мамандардың көмегіне жүгіну қажеттілігі
	Жоғары энергия шығындары

Қыздырылған сымдармен жылыту  
Жылу көзі (сым) тікелей бетон конструкциясына салынады. Жылыту кондуктивті түрде конструкцияның ішкі жағында жүргізіледі. Бетон араласпасын құйғаннан кейін араласпаны ішінен жылыту үшін сым арқылы белгілі бір параметрдегі электр тогы жүреді. Жылытатын сымдар конструкция ішінде мәңгі қалады.

Жылыту үшін қалыңдығы 1,2-ден 3 мм-ге дейін диаметрдегі арнайы қыздырғыш сымдар қолданылады.

Бұл әдіс бетонды төмен температурада термооқшаулаудың әмбебап технологиясы болып табылады. Монолитті көп қабатты тұрғын үйлердің құрылысы кезінде кеңінен қолданылады.

Жылыту сымы арматура мен конфигурацияның сипатына қарамастан кез-келген бетонды жылытуға жарамды[4, 6].

Кесте 4 – Берілген әдістің артықшылығы мен кемшілігі

«+»	«-»
Құнының төмендігі	Сымдардың қайта қолдануға жарамсыздығы
Әдістің жоғары жылулық әсерлілігі	Көп мөлшердегі қосымша жабдықтардың қажеттілігі
	Қалыптаудың жоғары еңбек сыйымдылығы

#### Индукциялық қыздыру әдісінің технологиясы

Технология магниттік индукция принципіне негізделген. Оқшауланған индукциялық катушка ретінде әрекет ететін және тізбекте болатын кабель айнымалы ток, бетон элементіне оралған. Нәтижесінде құрылымында электромагниттік өріс жасалады.

Индукциялық қыздыруды есептеу бетон конструкцияларын берілген режимде жылытуға және қажетті есептік магнит өрісінің кернеуін алуға арналған индукциялық катушка орамдарының санын анықтаудан тұрады.

Индукциялық қыздыру ұзын өлшемді конструкцияларды термиялық өңдеу үшін қолданылады.

Бұл технология тек ядро құратын металл элементтері бар армиленген конструкцияларда қолданылады. Әдіс негізінен зауыттық және құрылыс жағдайында қолданылады[5].

Кесте 5 – Берілген әдістің артықшылығы мен кемшілігі

«+»	«-»
Құнының төмендігі	Әр конструкция үшін күрделі есептеулер жүргізілуі
Қыздырудың біркелкілігі	Конструкцияның шектеулі түрлерінде ғана қолданылуы
Қосымша жабдықтардың болмауы	

Инфрақызыл жылыту әдісінің технологиясы.

Энергия көздері конструкциямен тікелей қашықтықта орналасады. Жылу инфрақызыл энергия көзі арқылы қаланған бұйымға дереу беріледі. Кейін араласпа өзінің жылуөткізгіштігі әсерінен қызады. Бетон қоспасындағы қажетті температураға жету үшін орнату қуатын дұрыс реттеу керек. Бұл жағдайда еркін су кристалданбайды. Әйтпесе, конструкцияның бүкіл құрылымы бұзылады.

Кесте 6 – Берілген әдістің артықшылығы мен кемшілігі

«+»	«-»
Энергия шығынының төмендігі	Салыстырмалы түрде шағын жұмыс аймағы және бір жылу бөлгіштің жылыту тереңдігі
Әдістің жоғары жылулық әсерлілігі	Қондырғыларды орналастыру үшін қосымша кеңістік қажеттілігі
Қосымша жабдықтардың болмауы	

**Қорытынды.** Жоғарыда аталған барлық әдістер кең және жақсы жабдықталған құрылыс алаңдарында сәтті қолданылады. Олардың кейбіреулері жеткілікті қымбат қосымша жабдықты немесе жабдықты ұйымдастыруды талап етеді. Үлкен аумақтарды қысқы бетондаудан бұрын, жақсы және жаман жақтарын өлшеп, бетондау кезінде барлық қауіптерді ескеру қажет. Ал ұсақдәнді толтырғыштардан жасалған монолитті бетондар үшін бұл әдістердің ішінде ең тиімдісі бірінші кезекте бетон араласпасына аязға қарсы қоспаларды қосу арқылы бетондау жұмыстарын жүргізу. Аязға қарсы қоспалар қосумен қатар монолитті көпқабатты бұйымдар құрылысында көп қолданылатын әмбебап әдіс қыздырылған сымдарымен жылыту әдісі болып табылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Тамазина А.А., Костина Н.В. Особенности бетонирования в зимний период. В сборнике: Актуальные проблемы инженерных наук Материалы VII-й (64) ежегодной научно-практической конференции преподавателей, студентов и молодых ученых Северо-Кавказского федерального университета «Университетская наука-региону». Ставрополь, 2019. С. 497-498.
2. Гнам П.А., Кивихарью Р.К. Технология зимнего бетонирования в России. // Строительство уникальных зданий и сооружений, 2016, № 9 (48). С. 2-7
3. Колчеданцев Л.М., Васин А.П., Осипенкова И.Г., Ступакова О.Г. Технологические основы монолитного бетона. Зимнее бетонирование. СПб: Лань, 2018, 280 с.
4. Головнев С.Г. Технология зимнего бетонирования. Оптимизация параметров и выбор методов: изд-во ЮУРГУ, 1999. С. 148.
5. Тринкер А.Б. Зимнее бетонирование и работы в условиях вечной мерзлоты // Технология бетонов, 2013, С. 42-44.
6. Лесовик Р.В., Сопин Д.М., Ильинская Г.Г., Богусевич В.А., Гайнутдинов Р.М. Электропрогрев бетонных смесей на композиционных вяжущих // Строительные материалы, 2014, № 10, С. 54-58.

7. Ageeva M.S., Sopin D.M., Lesovik G.A., Metrohin A.A., Kalashnikov N.V., Bogusevich V.A., The modified composite slag-cement binder // ARPN Journal of Engineering and Applied Sciences, 2014, T. 9, № 8. С. 1381-1385.

#### **Аннотация**

В данной статье поднимается вопрос о проведении работ по бетонированию зданий и сооружений в зимний период. На основе анализа характерных особенностей бетона при различных температурах окружающей среды выявлена необходимость учета не только температуры воздуха при бетонировании, но и температуры бетона при транспортировке. Описано негативное влияние отрицательной температуры на бетонную смесь и способы ее предотвращения. Рассмотрены и дана характеристика методов проведения зимних бетонных работ в соответствии с типом применяемого бетона и областью применения в строительстве. Рассмотрены технологические особенности методов, применяемых при проведении зимних бетонных работ, их преимущества и недостатки. Дана характеристика технологии выполнения этих методов. Определен эффективный метод зимнего бетонирования для бетонной смеси мелкозернистого наполнителя, применяемого в монолитном строительстве.

#### **Abstract**

This article raises the question of carrying out works on concreting buildings and structures in winter. Based on the analysis of the characteristic features of concrete at different ambient temperatures, the need to take into account not only the air temperature during concreting, but also the temperature of concrete during transportation is revealed. The negative effect of negative temperature on the concrete mix and ways to prevent it are described. Methods of carrying out winter concrete works in accordance with the type of concrete used and the scope of application in construction are considered and characterized. The technological features of the methods used in winter concrete works, their advantages and disadvantages are considered. The technology of performing these methods is characterized. An effective method of winter concreting for a concrete mixture of fine-grained filler used in monolithic construction is determined.

ӘОЖ 661.321.32

#### **А.А. Анарбаев, А.Т. Амирханова**

т.ғ.к., профессор, М. Әуезов атындағы Оңтiстiк Қазақстан университетi, Шымкент, Қазақстан  
магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтiстiк Қазақстан университетi, Шымкент, Қазақстан

### **СОЗАҚ КЕН ОРНЫНЫҢ АС ТҰЗЫН БЕЙОРГАНИКАЛЫҚ ҚОСПАЛАРДАН ТАЗАРТУ ҮРДІСІН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ЛИТИЙДІ БӨЛУ**

#### **Түйін**

Тұздың әлемдік өндірісі 2019 жылы 330 млн.тоннадан асып жаңа жетістікке жетті. Азия елдері 2019 жылы 160 млн.тоннадан астам көлемде ас тұзын пайдаланып, барлық өндіретін натрий хлоридінің ең ірі тұтынушысы болып табылады. Бұл көрсеткіш аймақтық химиялық және өнеркәсіптік орындарға, сондай-ақ халық санына байланысты. Әлемдік хлор өндірісі 2018 жылғы 72,9 млн.тоннадан 2028 жылы 98 млн. тоннаға дейін немесе орташа есеппен 25,1 млн. тоннаға, жылына шамамен 3% - ға өседі деп болжануда. Сондықтан жоғары таза натрий хлоридіне деген әлемдік нарықтың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өндіріске одан әрі жаңа технологияларды енгізу және ас тұзын қоспалардан тазарту әдістерін зерттеу ұсынылады.

Қаныққан ас тұзы ерітінділерінің сулы - тұзды жүйелерінің фазалық тепе - теңдігі 100 - 108,5°C температурадағы Са және Mg хлоридтері мен сульфаттарының қоспаларының қатысуымен зерттелді және натрий хлоридінің кристалдану аймақтары анықталды. NaCl тазарту және литийді бөлу әдістері жасалды.

**Кілттік сөздер:** ас тұзы, натрий хлориді, кальций сульфаты, магний сульфаты, кристалдау.




Қазіргі уақытқа дейін натрий хлоридін тазалаудың түрлі тәсілдері зерттелді. Тұздықтардан ас тұзын алудың келесі тәсілдері әзірленді:

- 1) кальций хлоридімен тікелей құю арқылы;
- 2)  $\text{CaCl}_2$  қатысуымен тұздың политермиялық қайта кристалдау.


Екі жағдайда да таза, ұсақ кристалды тұз алынады және ерітінділерді буландыру бойынша қымбат операция жойылады [1].

Аталған тәсілдердің теориялық негізі 1-суретте  $\text{CaCl}_2$  ерітінділерінде  $\text{NaCl}$  ерігіштік диаграммасы болып табылады, одан  $\text{NaCl}$  абсолютті ерігіштігі азаяды, ал ерігіштіктің температуралық коэффициенті ерітіндіде  $\text{CaCl}_2$  концентрациясы жоғарылаған кезде өседі.



Сурет 1 -  $\text{CaCl}_2$  ерітіндісіндегі  $\text{NaCl}$  ерігіштігі.

$\text{NaCl}$  шығысы толығымен 2-суретте көрсетілгендей аралас тұздықтардың концентрациясы мен салыстырмалы мөлшеріне байланысты [2].



Сурет 2 - 25,36%  $\text{NaCl}$  (тұз = 26,29% кезінде) бар  $\text{CaCl}_2$  ерітіндісі бар тұздықты ығыстырғанда  $\text{NaCl}$  шығысы 31,5% (1) 35% (2) және 40% (3)

Тазалықтың жоғары дәрежелі тұзы (99,9% NaCl және одан да көп) тұздың техникалық сорттарын және NaCl\*2H<sub>2</sub>O қайта кристалданумен, сондай-ақ тұзды тұз қышқылымен өңдеу кезінде дайындайды[3].

Кесте 1-Құрамында түрлі CaCl<sub>2</sub> бар NaCl ерітінділерінің қайнау температурасы кезінде қаныққан ерітіндіні 0°C дейін салқындатқандағы NaCl шығысы [4].

CaCl <sub>2</sub> құрамы, г/100 г H <sub>2</sub> O	NaCl ерігіштігі г/100 г H <sub>2</sub> O		Қайнау температурасы, °C	C <sub>t</sub> / C <sub>0</sub>	NaCl шығымы
	0°C, C <sub>0</sub>	T <sub>қай.</sub> ,C <sub>t</sub>			
0	35,6	39,7	107,7	1,15	4,1
20	17,2	52,2	109,2	1,52	9,0
40	4,0	13,6	113	3,40	9,6
58	0,8	7,4	119	9,25	6,6

Құрамында 98,2% негізгі заты бар NaCl - "чда" маркалы дистилденген сумен экстрагироваланды және белгілі әдістеме бойынша кристалданды. NaCl ерітінділері тұндырады, центрофугалау, содан кейін булады. Барлық түскен NaCl кристалдары жатыр ерітіндісінен декантация арқылы бөлініп, вакуумда 100°C кезінде екі сағат бойы кептірілді. Алынған кристалды NaCl негізгі заттың 99% құрайды және жақсы қалыптасқан, жылтыр кристалдар болып табылады [5].

Кесте 2-NaClерігіштігі

Температура, °C	NaCl, %	Температура, °C	NaCl, %
21,2	24,42	60	27,07
0	26,28	80	27,55
20	26,39	100	28,15
40	26,68	180	30,99

Тұздықтардың химиялық құрамын анықтау белгілі әдістермен жүргізілді. Натрий мен калий жалынды фотометрия әдісімен, хлор - Фольгардт, кальций, магний және SO<sub>4</sub><sup>2-</sup> - иондарды өлшеу әдісімен анықталды [6]. Ыстық әлсіз қышқылдан (pH = 4-6) сүзілген SO<sub>4</sub> тұздығы барий сульфаты түрінде BaCl<sub>2</sub> ерітіндісімен тұндырылған, жуылған, кептірілген және өлшенген. Кальций иондарын кальций карбонаты түрінде Na<sub>2</sub>CO<sub>3</sub> ерітіндісімен шығарды. Магний күйдіргіш натриймен сілтілі (pH= 10 - 12) ерітіндіден Mg(OH)<sub>2</sub> түрінде тұнады [7].

Талдау нәтижелері бастапқы тұздардағы кальций, магний және SO<sub>4</sub><sup>2-</sup> - иондардың жоғары құрамын көрсетеді, ол химиялық таза ас тұзына ҚР МЕМСТ талаптарын қанағаттандырмайды және ауыр металдардың, барийдің, темірдің, калийдің, мышьяқтың және аммоний тұздарының жоқтығын көрсетеді.

Жұмыстың көптеген авторлары тұздың техникалық сорттарын және NaCl\*2H<sub>2</sub>O қайта кристалдануын (99,9% және одан да көп тазалықты) алуды, сондай-ақ HCl тұзын өңдеу кезінде көрсетеді. Алынған NaCl химиялық таза. Натрий хлоридінің жатық ерітіндісін бастапқы көлемнің жартысына дейін қайтадан буландырады, түскен кристалдарды бөліп, кептіреді, сұрыптайды [6, 8].

Жүргізілген талдау әдістемелері:



1. Барийлі-карбонатты
2. NaCl жоғары деңгейде тазалықты алудың тұзқышқыл тәсілі

3. Натрий хлоридін алудың реактивсіз тәсілі
4. Жоғары дәрежелі таза натрий хлоридін алудың барий-сілтілі әдісі.

Кесте 3. Ас тұзын зерттеу нәтижелері

№	Еріту әдісі \ зерттелетін көрсеткіштер	$Cl^-$	$Ca^{2+}$	$Mg^{2+}$	$SO_3^{2-}$	$Fe_2O_3$
1	2	3	4	5	6	7
1	NaCl МЕСТ бойынша	59,44%	0,2%	0,32%	0,79%	0,01%
2	NaCl қаныққан ерітіндіде кристалданған	59,59%	0,07%	0,11%	0,28%	0,014%
3	NaCl қаныққан ерітінді + 1 мл HCl +H <sub>2</sub> O 100мл дейін	58,92%	0,04%	0,09%	0,20%	0,032%
4	NaCl қаныққан ерітінді+ 5 мл HCl +H <sub>2</sub> O 100мл	58,66%	0,06%	0,15%	0,3%	0,067%
5	NaCl қаныққан ерітінді+ 1,5 мл HCl +H <sub>2</sub> O до 100мл	58,45%	0,07%	0,15%	0,44%	0,023%
6	NaCl қаныққан ерітінді +25 мл 1н HCl +H <sub>2</sub> O 100мл дейін	59,81%	0,08%	0,17%	0,54%	0,032%
7	NaCl қаныққан ерітінді + 50мл 0,05нHCl +H <sub>2</sub> O 100мл дейін	58,07%	0,12%	0,22%	0,59%	0,04%
8	NaCl қаныққан ерітінді+ 20мл 0,05н HCl +H <sub>2</sub> O 100мл	57,49%	0,06%	0,05%	0,24%	0,09%
9	NaCl қаныққан ерітінді + 20мл H <sub>2</sub> O +1мл 0,1нNaOH +1мл 10% Na <sub>2</sub> CO <sub>3</sub> + H <sub>2</sub> O 100мл	57,81%	0,06%	0,18%	0,44%	0,014%
10	NaCl қаныққан ерітінді+ 20мл H <sub>2</sub> O +0,5мл 0,1нNaOH +2 тамшы 10% Na <sub>2</sub> CO <sub>3</sub> + H <sub>2</sub> O 100мл дейін	60,32%	0,07%	0,13%	0,37%	0,016%

Элемент	Салм. %	Атомды, %
O	1.05	1.91
Na	36.91	46.90
Mg	0.21	0.25
S	0.00	0.00
Cl	61.72	50.85
Ca	0.11	0.08
Жалпы	100.00	



Сурет 3. Алынған ас тұзының химиялық құрамы

Қорыта айтқанда бұл жұмыста Созақ кен орнының ас тұзының орташа химиялық құрамы және оны қоспалардан тазарту әдістері зерттелді. Жоғары температура кезінде натрий хлоридінің қатысуымен әдебиетте және зерттелген жүйелерді кальций магний, натрий сульфаттары мен хлоридтерінің қатысуымен талдау қаныққан тұздықтарды ыстық сүзу кезінде натрий хлоридін тазартудың принципті мүмкіндігін көрсетеді,  $CaCl_2, MgCl_2, Na_2SO_4, CaSO_4, MgSO_4, KCl$ . Алайда, натрий хлоридін 2-3 қайта кристалдау

кезінде жүргізілген көптеген тәжірибелер ерітіндіден сульфат-иондарды толық алып тастамауын және нәтижесінде олардың мақсатты өнімде химиялық таза ас тұзына қойылатын талаптарды қанағаттандырмайтын мөлшерде болуын көрсетеді. Әдеби деректер және натрий хлоридінің қатысуымен зерттелген сулы-тұз жүйелері негізінде техникалық ас тұзын терең тазартудың үш тәсілі әзірленді: барий-карбонатты, тұзды - қышқылды және барий-сілтілі. Алынған өнімдердің шығуы 75%-дан 91,5% - ға дейін құрайды және өнімнің құрамында 99,5-99,91% дейін негізгі зат бар. Тазартылған тұздықтың құрамындағы 72-78 мг/кг литий хлоридін экстракция жасау арқылы бөліп алуға болады. Экстракция процессі кезінде литий хлоридінің экстрактқа өту дәрежесі 98,9-99,8% құрайды және ол қосымша өнім болып саналады. Алынған литий концентратынан литий тұздары алынады.

### Әдебиеттер тізімі

1. Зайцев И.Д., Ткач Г.А., Стоев Н.Д., Производства соды. М.: Химия, 1986, 312 с.
2. Bertrain В.М. Salt. Mining Eng., 2010, Vol. 42, No. 6, P. 572-574.
3. Способ очистки натрия хлорида. Заявка 2012117705/05. РФ, ФГУП. Опубликовано: 2013.10.20
4. Способ получения поваренной соли. Заявка 93008171/26. РФ, АО «Уралкалий» Опубликовано: 2006.03.20
5. Способ получения хлорида натрия. Заявка 2011121143/05. Нидерланды, АКЦО Нобель Н.В. Опубликовано: 2014.01.20
6. Способ извлечения натрия из рассолов. Заявка 2231506. Великобритания, МКИ В 01 39/02. Опубл. 21.11.10 г.
7. Шихеева Л.В., Нечепуренко В.Я., Макарова Л.В., Данилов Н.П. Способ выделения сульфата натрия из сульфат-хлоридных растворов. М.: Академия, 2009, 127 с.
8. Chirico Antony N. Process for recovery of chemicals from saline water. Pat. USA. No. 854811 опубл. 25.12.09.

### Аннотация

Мировое производство соли достигло нового рекорда более 330 млн. тонн в 2019 году. Азия является самым крупным потребителем хлорида натрия из всех регионов, в объеме более 160 млн. тонн в 2019 году. Обусловлен этот факт региональными химическими и промышленными секторами, а также численностью населения. Прогнозируется, что мировое производство хлора вырастет с 72,9 млн. тонн в 2018 году до 98 млн. тонн в 2028 году или же в среднем на 25,1 млн. тонн, около 3% в год. Поэтому целесообразно исследование способов очистки поваренной соли для дальнейшего введения в производство чтобы удовлетворить потребности мирового рынка в высокочистом хлориде натрия.

Изучены фазовые равновесия водно- солевых систем растворов насыщенной пищевой соли, в присутствии примесей хлоридов - и сульфатов Са и Mg при температурах 100 - 108,5°C и найдены области кристаллизации хлорида натрия. Разработаны методы очистки NaCl и разделения лития.

### Abstract

Global salt production reached a new record of more than 330 million tons in 2019. Asia is the largest consumer of sodium chloride of all regions, with more than 160 million tons in 2019. This is due to the regional chemical and industrial sectors, as well as the size of the population. Global chlorine production is projected to grow from 72.9 million tons in 2018 to 98 million tons in 2028, or an average of 25.1 million tons, about 3% per year. Therefore, it is advisable to study methods for cleaning table salt for further introduction into production to meet the needs of the world market in high-purity sodium chloride.

Phase equilibria of water-salt systems of solutions of saturated food salt in the presence of impurities of chlorides and sulphates of Ca and Mg at temperatures of 100-108.5°C were studied and areas of crystallization of sodium chloride were found. Methods for cleaning NaCl have been developed and lithium separation.

УДК 625.861

**Т.И. Косаев<sup>1</sup>, К.Е. Иманалиев<sup>1</sup>, А.М. Салимов<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>магистрант, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

<sup>1</sup>к.т.н., доцент, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

<sup>2</sup>доктор архитектуры, профессор, Ташкентский архитектурно-строительный институт, Ташкент, Узбекистан

## **ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОЦЕССОВ ВЗАИМОДЕЙСТВИЙ В ШЛАКОЩЕЛОЧНЫХ ВЯЖУЩИХ КОМПОЗИЦИЯХ НА ОСНОВЕ ДОМЕННЫХ И ФОСФОРНЫХ ГРАНУЛИРОВАННЫХ ШЛАКОВ**

### **Аннотация**

В инновационном индустриальном развитии Казахстана в условиях непрерывного роста промышленных производств и потребления природного минерального сырья. Проблема эффективного и целесообразно использования техногенных промышленных отходов имеет важное значение. Актуальной проблемой обусловленной недостаточностью и невосполнимостью месторождений природных сырьевых материалов является усложнением горногеологических условий залегания рудных тел и удорожанием стоимости их добычи, ухудшением количественного и качественного минералогического состава добываемых из недр руд, удорожанием цен сырья на мировом рынке, негативным влиянием на окружающую среду накапливаемых техногенных отходов и т.д. Применение доменных и фосфорных гранулированных шлаков в производстве композиционных вяжущих и бетонов на их основе позволяет сберечь ценное природное сырье, минимизировать вред, наносимый окружающей среде и снизить выбросы в атмосферу.

**Ключевые слова:** индустриальное развитие Казахстана, шлаки, физико-химические процессы.

Для установления возможности получения вяжущих композиций на основе фосфорного и доменного гранулированных шлаков, нами рассматривались основные физико-химические процессы взаимодействия между компонентами и фазовый состав новообразований.

Учитывая результаты [2,3], которые показали, что управлять процессами структурообразования шлакощелочных вяжущих систем могут регулироваться введением добавок, применяемых с целью изменения основности алюмосиликатного или щелочного компонента, исследования проводились на образцах, вяжущего теста нормальной густоты, подвергнутых тепловлажностной обработке.

Гранулированный доменный шлак в основном состоит из стекла (70÷90%), встречается кристаллическая фаза из геленита и белита [1].

Согласно данных рентгенофазового анализа следует (рис. 3.1, кр. 2) что при твердении вяжущей композиции из доменного гранулированного шлака, затворенного натриевым жидким стеклом в сочетании с хромпиком, рефлексы, наблюдаемые на рентгенограмме с  $d = 4,76; 3,34; 2,81; 2,7; 2,01 \text{ \AA}$ , указывают на наличие гидросиликатов кальция типа  $\text{Ca}_7(\text{SiO}_4)(\text{SiO}_2\text{O}_7) \cdot (\text{OH})_2$ , а линии с  $d = 2,98; 2,01; 1,74 \text{ \AA}$  и  $d = 3,34; 2,70; 2,47; 2,01 \text{ \AA}$  - на наличие, соответственно, фашагита и гмеленита. Также встречаются линии с  $d = 4,74; 3,34; 2,80; 2,7; 2,01 \text{ \AA}$ , относящиеся соответственно к деллаиту -  $\text{Ca}_6(\text{SiO}_4)(\text{Si}_2\text{O}_7)(\text{OH})_2$ .


О присутствии таких новообразований в продуктах гидратации свидетельствуют эндотермические эффекты на кривых дериватограммы при температурах 180 и 700 °С, соответствующие к дегидратации гидросиликатов кальция. При этом основная часть потери массы происходит до температуры 700 °С и составляет 11,98% , (рис. 2, кр.2).

Как показывают данные рентгенофазового анализа (рис.1, кр.3), в вяжущей композиции состоящего из доменного шлака с 5% портландцемента гидратированного с водным раствором хромпика, образуются гиллебрандит и жисмондин, о наличии которых

указывают линии соответственно с  $d=2,98; 2,83; 2,26; 1,97; 1,88; 1,74; 1,66; 1,52; 1,43 \text{ \AA}$  и с  $d=4,67; 4,24; 3,34; 2,98; 2,7; 2,01; 1,91 \text{ \AA}$ . А также линии с  $d=3,53; 3,08; 2,98; 2,81; 2,26; 1,66 \text{ \AA}$  и с  $d=4,67; 3,21; 2,95; 2,73; 2,26; 2,16; 2,01; 1,65 \text{ \AA}$  указывают соответственно о вероятности присутствия тоберморита и конкринита ( $\text{Na}_6\text{Ca}_2\text{Al}_6\text{Si}_6\text{O}_{24}(\text{CO}_3)_{22}\cdot\text{H}_2\text{O}$ ).


Полученные результаты ДТА (рис.2, кр.3) подтверждают рентгенофазового анализа, из которого следует, что при температуре  $180^\circ\text{C}$  наблюдается эффект дегидратации гидроалюмосиликатов кальция. Эффекты при температуре  $680 \div 820^\circ\text{C}$  указывают на разложение гидроалюмосиликатов кальция с кристаллизацией волластанита [4]. При этом общая потеря массы составляет 7,42%.

При затворении доменного гранулированного шлака водным раствором содосульфатной смеси, согласно рентгенограмме (рис.1, кр. 4) фазовый состав продуктов гидратации шлакощелочного вяжущего представлен жисмондином ( $\text{CaAl}_2\text{Si}_2\text{O}_8 \cdot \text{H}_2\text{O}$ ) и тоберморитом ( $\text{Ca}_5(\text{OH})_2\text{Si}_6\text{O}_{16}\cdot 4\text{H}_2\text{O}$ ), о наличии которых указывают линии соответственно с  $d=7,22; 4,98; 3,34; 2,98; 2,88; 2,7; 2,34; 2,01; 1,85; 1,81 \text{ \AA}$  и  $d=2,98; 2,81; 2,08; 1,85; 1,74; 1,37 \text{ \AA}$ . Также встречаются линии указывающие о вероятности наличия низкоосновных гидроалюмосиликатов кальция типа  $\text{CaAl}_2\text{Si}_4\text{O}_{12}\cdot 2\text{H}_2\text{O}$  и пектолита ( $\text{NaCa}_2\text{Si}_3\text{O}_3\text{OH}$ ).



1 – исходный шлак; 2 – то же, гидратированный с жидким стеклом в сочетании с хромпиком; 3 – то же, с добавкой 5% ПЦ и гидратированный хромпиком; 4 – то же, гидратированный с содосульфатной смесью; 5 – то же, гидратированный с жидким стеклом в сочетании с содосульфатной смесью.

Рис. 1. Рентгенограммы вяжущих композиций на основе доменного гранулированного шлака.



1 – исходный шлак; 2 – то же, гидратированный с жидким стеклом в сочетании с хромпиком; 3 – то же, с добавкой 5% ПЦ и гидратированный хромпиком; 4 – то же, гидратированный с содосульфатной смесью; 5 – то же, гидратированный с жидким стеклом в сочетании с содосульфатной смесью.

Рис. 2. Термограммы вязущих композиций на основе гранулированного доменного шлака.

Полученные данные дифференциально-термического анализа (рис.2, кр.4) также подтверждают результаты рентгенофазового анализа.

Полученные данные свидетельствуют о том, что рассмотренные композиции также обладают вязущими свойствами. Интенсивная потеря массы происходит в интервале 100 – 750 °С. В этом интервале происходит удаление гидратной воды, о чем свидетельствует потеря массы, которая составляет 10,4%, а при этом общая потеря массы равна 11,76%.

Полученные данные рентгенофазового анализа (рис.1, кр.5), продуктами гидратации шлакощелочного вязущего из доменного шлака затворенного щелочным компонентом,

состоящим из жидкого стекла в сочетании водного раствора содосульфатной смеси, представлены жисмондином и гиллебрандитом. А линии с  $d = 3,4; 2,73; 2,47; 1,96; 1,89; 1,74 \text{ \AA}$  и линии с  $d = 4,1; 2,88; 2,62 \text{ \AA}$  указывают на образование соответственно арагонита и натролита ( $\text{Na}_2\text{OAl}_2\text{O}_3\cdot 3\text{SiO}_2\cdot 2\text{H}_2\text{O}$ ).

Полученные данные ДТА этого состава вяжущего показывают, что имеющиеся эндоэффекты  $165$  и  $550 \text{ }^\circ\text{C}$  характеризуют на дегидратацию гидроалюмосиликатов кальция. Экзоэффекты при  $840 \text{ }^\circ\text{C}$  указывают на декарбонизацию арагонита (рис.2, кр.5). При этом общая потеря массы составляет  $11,88\%$ .

Рентгенографические исследования фосфорного шлака не дают четких дифрактограмм из-за аморфности гранулированного шлака. На термограмме шлака появляются два пика – эндоэффект при  $780 \text{ }^\circ\text{C}$ , связанный с размягчением стекла и экзоэффект при  $925 \text{ }^\circ\text{C}$ , обусловленный его кристаллизацией в  $\alpha\text{-CS}$ .




Рис. 3. Рентгенограмма (а) и дериватограмма (б) вяжущей композиции на основе фосфорного шлака с 5% портландцемента, затворенный водным раствором хромпика.

При рассмотрении вяжущей композиции на основе фосфорного шлака с добавкой 5% портландцемента, затворенный водным раствором хромпика, установлено (рис.3), что продуктами взаимодействия в изучаемой системе являются низкоосновные гидросиликаты кальция типа жисмондина, тоберморита, а также кальцит.

Таким образом, экспериментальные данные, полученные в результате изучения комплексными методами физико-химического исследования продуктов, взаимодействия шлаков и сульфатсодержащего щелочного компонента показали, что фазовый состав новообразований определяется видом шлака, добавки.

Введение портландцемента в состав вяжущей композиции ускоряет процесс возникновения новообразований.

Фазовый состав продуктов гидратации исследуемых вяжущих композиций представлен низкоосновными гидросиликатами и гидроалюмосиликатами кальция, кальцитом, арагонитом, щелочными новообразованиями, аналогами природных низкоосновных цеолитов, наличие которых предопределяет высокие физико-механические свойства вяжущих композиций на их основе.

Полученные результаты физико-химических исследований позволяют сделать вывод о том, что изучаемые вяжущие композиции на основе доменного и фосфорного



гранулированного шлаков и сульфатсодержащем щелочном компоненте обладают вяжущими свойствами.

### Список литературы

1. Куртаев А.С., Естемесов З.А. Композиционные материалы на основе неорганических вяжущих веществ. Алматы: Наука, 1998, 201 с.
2. Кривенко П.В. Специальные шлакощелочные цементы. Киев: Будивельник, 1992, 192 с.
3. Естемесов З.А., Сейтжанов С.С., Жунисов С.Ж., Урлибаев Ж.С., Махамбетова У., Куртаев А.К. Фосфорношлаковые вяжущие и бетоны. Под общей редакцией доктора технических наук З.А. Естемесова. Алматы: НИИИстромпроект, 1997, 456 с.
4. Горшков В.С., Тимашев В.В., Савельев В.Г. Методы физико-химического анализа вяжущих веществ: Учеб. Пособие. М.: Высш. школа, 1981, 335 с.
5. Волженский А. В. Минеральные вяжущие вещества. Учеб. для вузов. - 4-е изд., перераб. и доп. М.: Стройиздат, 1986, 464с
6. Баженов Ю. М. Бетонополимеры. М.: Стройиздат, 1983, 472 с.
7. Гринин А.С. Промышленные и бытовые отходы: Хранение, утилизация, переработка. М.: ФАИР-ПРЕСС, 2002, 336 с.

### Түйін

Қазақстанның инновациялық индустриялық дамуында өнеркәсіптік өндіріс пен табиғи минералды шикізатты тұтынудың үздіксіз өсуі жағдайында. Техногендік өндіріс қалдықтарын тиімді және мақсатқа сай пайдалану проблемасы үлкен маңызға ие. Табиғи шикізат кен орындарының жеткіліксіздігі мен алмастырылмауынан туындайтын өзекті проблема - кен денелерінің пайда болуының тау-кен-геологиялық жағдайларының күрделенуі және оларды алу құнының көтерілуі, жер қойнауынан өндірілген кендердің сандық және сапалық минералогиялық құрамының нашарлауы, әлемдік нарықтағы шикізат бағаларының өсуі, өндірістік қалдықтар мен қоршаған ортаға кері әсері т.б. Доменді және фосфорлы түйіршікті кождарды композициялық байланыстырғыштар мен олардың негізінде жасалған бетондар өндірісінде қолдану құнды табиғи шикізатты үнемдеуге, қоршаған ортаға зиянды азайтуға және атмосфераға шығарындыларды азайтуға мүмкіндік береді.

### Abstract

In the innovative industrial development of Kazakhstan in the conditions of continuous growth of industrial production and consumption of natural mineral raw materials. The problem of efficient and expedient use of man-made industrial waste is of great importance. An urgent problem caused by the insufficiency and irreplaceability of deposits of natural raw materials is the complication of the geological conditions of the occurrence of ore bodies and the rise in the cost of their extraction, the deterioration of the quantitative and qualitative mineralogical composition of ores mined from the subsoil, the rise in prices of raw materials in the world market, the negative impact on the environment of accumulated industrial waste and etc. The use of blast-furnace and phosphorus granular slags in the production of composite binders and concretes based on them allows you to save valuable natural raw materials, minimize harm to the environment and reduce emissions into the atmosphere.

ӘОЖ 541.18

**А. А. Утимова, М. А. Қамбаров**

магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,  
Шымкент, Қазақстан

т.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

## **ҮЙЛЕР МЕН ҒИМАРАТТАРДЫҢ КОНСТРУКЦИЯЛАРЫ МЕН МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ БИОЗАҚЫМДАНУЫ**

### **Түйін**

Бұл мақалада үйлер мен ғимараттардың конструкциялары мен материалдарының биозақымдануына байланысты зерттеу жұмыстарына және ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалынған. Биозақымданудың пайда болу себептері туралы ғалымдардың зерттеулері және де оларды анықтау әдістері қарастырылған. Биозақымдалған ғимараттар мен құрылыстарда құрылыс конструкцияларының қызмет ету мерзімінің төмендеуімен қатар экологиялық жағдайдың да нашарлануына әкеліп, адам денсаулығына қауіп төндіретіндігі туралы айтылған. Микроорганизмдердің теріс әсерін әртүрлі тәсілдермен болдырмауға болатындығы туралы, материалдар мен конструкциялардың беттерін зарарсыздандыру, композициялық материалдардың құрамына биоцидті қоспаларды енгізу және т. б. қарастырылған. Биозақымданудың алдын алудың ең тиімді жолы биоцидтік қоспалар қолдану екендігі ескерілді. Құрылыста қолданылатын биозақымданудың алдын алуға арналған биоцидті қоспалардың қасиеттері мен оларға қойылатын талаптар қарастырылып, биоцидті қоспалардың классификациясына анықтама жасалды.

**Кілттік сөздер:** биозақымдану, биоцидтер, фунгицидтер, бактерицидтер микроорганизмдер, макроорганизмдер, микроскопиялық организмдер.

### **Кіріспе**

Отандық және шетелдік тәжірибеде құрылыс индустриясы үшін әртүрлі мақсаттағы қоспалар қолданылады. Ғимараттар мен құрылыстардағы құрылыс материалдары мен бұйымдарына әр түрлі агрессивті орта әсер ететіндіктен, құрылыс материалдарының, бұйымдары мен конструкцияларының ұзақ тұрақтылығын арттыруға көп көңіл бөлінуде. Химиялық және физикалық орталаомен қатар, құрылыс материалдары мен конструкцияларына теріс әсер ететін агрессивті ортаның бірі – биологиялық орта. Биологиялық белсенді ортасы бар ғимараттарда жөндеу-қалпына келтіру және әрлеу жұмыстарын жүргізген кезде биоцидті құрғақ құрылыс қоспаларын қолданған жөн. Қазіргі кезде материалдар мен конструкциялардың биокоррозиясы мен биотөзімділігін зерттеу мәселесі өте өзекті болып табылады, себебі биоқирау процестері жыл сайын дамып келеді. Биозақымды әртүрлі тірі организмдер тудырады – микроорганизмдер – (бактериялар мен саңырауқұлақтар) және макроорганизмдер (өсімдіктер мен жануарлар). Алайда, көптеген авторлардың пікірінше, материалдарға негізгі зиянды микроскопиялық организмдер келтіреді. Олардың деструктивті әсер ету дәрежесі физикалық, химиялық, биологиялық және басқа факторлармен анықталады. Зақымдану жоғары ылғалдылықта, салыстырмалы түрде жоғары температурада, шаң мен органикалық ластанудың жоғары дәрежесінде қарқынды жүреді. Микроорганизмдердің дамуына қолайлы жағдайларда деструктивті процестер олардың өнімдердің бетіне өтуінен, адсорбциядан, гиф пен споралардың өсуіне байланысты микроколониялардың пайда болып өсуінен басталады, метаболизм өнімдерінің шығарылуымен және олардың жинақталуымен бірге жүреді. Нәтижесінде құрылыс материалдары есептелген нормалардан әлдеқайда тез бұзылады. Биозақымдалған ғимараттар мен құрылыстарда құрылыс конструкцияларының қызмет ету мерзімінің төмендеуімен қатар экологиялық жағдай да бұзылады. Бөлмелердегі микроорганизмдер ауа ағындарының қозғалысы арқылы адамның өкпесіне еніп, теріге түсіп, әртүрлі ауруларды тудырады. Микроорганизмдердің теріс әсерін әртүрлі тәсілдермен болдырмауға болады: материалдар

мен конструкциялардың беттерін зарарсыздандыру, композициялық материалдардың құрамына биоцидті қоспаларды енгізу және т. б. [1]

Биоцидтік қоспалармен түрлендірілген құрғақ қоспаларды жоғары ылғалдылық пен оң температура кезінде дамиды және құрылыс конструкцияларының биокоррозиясын тудыратын биологиялық организмдермен (зең, қынапшық, балдырлар және т.б.) жұқтыруға ұшырайтын ғимараттар мен құрылыстарды салу және жөндеу кезінде қолдануға болады.

Биологиялық және химиялық агрессивті ортада төзімділігі жоғарылаған, сондай-ақ физикалық-механикалық қасиеттері жақсарған биоцидті қоспалары бар құрылыс композицияларының цемент композицияларын өндіру және оңтайландыру технологиясын жасау құрылыс саласының шешілетін өзекті мәселелердің бірі болып табылады.


### **Негізгі бөлім**

Ғимараттар мен құрылыстардың қызмет ету мерзімінің төмендеуімен қатар биозақымданудан адамдардың денсаулық деңгейі төмендеп, еңбекке қабілеттілігі айтарлықтай нашарлайды. [1, 2, 3] Қалалық тіршілік ету ортасының нашарлауына байланысты конструкциялардағы микроорганизмдер ауа ағындарының қозғалысы арқылы адамның өкпесіне еніп, теріге түсіп түрлі ауруларды тудырады.

Осылайша, биозақымданулардан ғимараттар мен құрылыстарды биологиялық қирауға ұшырайтығын, адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін елеулі залалды ескере отырып, ғимараттар мен құрылыстарды құрайтын нақты материалдар мен құрылымдардың биологиялық төзімділігін және биологиялық тұрақтылығын арттыру жолдарын іздеу маңызды проблема болып табылады.

Кірпіш және тас ғимараттар мен құрылыстардың шикі қабырғаларында Б. Л. Исаченко тион мен нитрификациялайтын бактерияларды тапты, бұл оған құрылыс материалдарының тұтастығын бұзудағы биологиялық фактордың рөлін болжауға мүмкіндік берді. [4] Микроорганизмдердің бетонға әсер ету механизмі, оның пікірінше, келесідей болады: катаю кезінде бетон көмірқышқыл газынан құралған қорғаныш қабықпен жабылады; қорғаныш қабат бүтін болғанша, ол бетон өніміне судың диффузиясына жол бермейді және осылайша оны бұзылудан сақтайды. Карбонат қабатының бетіне түсетін тион бактериялары оны түзетін қышқылға байланысты іргелес су ортасының рН-ын өзгерту арқылы бұзады. Сонымен қатар, олар сульфаттарды өндіруге зиян келтіреді, өйткені соңғысы осы материалдың жойылуын тездететін гидросульфоалюминат түзеді.

Биотехнология саласындағы отандық және шетелдік авторлардың жұмыстарын зерттеу құрылыс конструкцияларының биозақымдануына қарсы күрестің негізгі әдістерін қорытындылауға мүмкіндік берді. [3, 6, 7, 8] Олар уақытша қолданылатын және ұзақ мерзімді болуы мүмкін. Материалдар мен конструкциялардың қорғаудың белгілі бір әдістерін дұрыс және тиімді қолдану үшін әр түрлі пайдалану жағдайында биологиялық зақымданудың нақты қоздырғыштарының түрлік құрамын білу қажет. Микроорганизмдердің бөлінуін анықтаудың әртүрлі әдістері бар.



Микроорганизмдердің теріс әсерінің алдын алудың келесі жолдары бар: биологиялық, механикалық және химиялық. [3]

Биологиялық қорғаныс әдістері ретінде микроорганизмдердің антагонизмге (бәсекелестікке) қабілеттілігі қолданылады, яғни микробтардың өсуін басқа микробтармен тежеу немесе толығымен басу – антибиотиктерді қолдану.

Материалдар мен конструкцияларды микроорганизмдердің зақымдануынан қорғаудың физикалық әдістері уақытша және тұрақты жұмыс істейтін әдістерге бөлінеді. Уақытша жұмыс істейтін іс-шараларға ылғалды жинау, желдету, сүзгілердің көмегімен ауаны тазарту жолымен ластануларды механикалық жою, электромагниттік және радиоактивті сәулелену, ультракүлгін, ультрадыбыспен, электрохимиялық қорғау және т. б. жатады. Биозақымданудан қорғаудың тұрақты физикалық әдістеріне дұрыс санитарлық-гигиеналық және оңтайлы температура мен ылғалдылық режимін сақтау жатады. Дәл осындай шараларға микроорганизмдердің био-зиян объектісіне енуіне жол бермеу (герметизация, ауаны тазарту, вакуум жасау, биоцидті газ ортасы) және бетті гидрофобизациялау жатады. [3]

Құрылыс материалдары мен конструкцияларын микроорганизмдердің зақымдануынан қорғаудың тиімді және ұзақ мерзімді әдістерінің бірі биоцидті қоспаларды қолдану болып табылады. [2, 5] Оларды материалдың құрамына дайындау процесінде енгізеді немесе материалға сіндіреді.

*Микроорганизмдерді жою үшін қолданылатын биоцидтерді екі топқа бөлуге болады:*

- фунгицидтер - материалдар мен өнімдерді саңырауқұлақтардың зақымдануынан (негізінен көгеруден) қорғауға;
- бактерицидтер - шіріп кететін, шырыш түзетін, қышқыл түзетін және басқа бактериялардан қорғау.

Агрегаттық күйі бойынша биоцидтер қатты (ұнтақтар), сұйық және газ тәрізді (фумиганттар, ұшпа фунгицидтер және басқалар); ерігіштік белгілері бойынша – суда еритін, аз еритін және органикалық еріткіштерде еритін болып бөлінеді. [9, 10]

Биоцидтер жоғары белсенділікке ие болуы керек, қоршаған ортаға теріс әсер етпеуі және бетондардың технологиялық және физика-механикалық қасиеттерін төмендетпеуі керек.

**Қорытынды.** Сонымен, құрылыс ғимараты мен конструкцияларына биозақымның негізгі зиянын микроскопиялық организмдер тигізетінін және оларды анықтаудың түрлі әдістері көрсетілді. Құрылыс ғимараттары мен конструкцияларының биозақымдануы тек қана материалдың физика-механикалық қасиеттеріне теріс әсерін тигізип қана қоймай, адам

денсаулығына да айтарлықтай зиян әкелетінін түсіндік. Ал биозақымданудың алдын алудың ең тиімді әдісі биоцидті қоспа қолдану екені белгілі болды. Және де биоцидті қоспаларды дұрыс таңдай білу үшін биозақымданудың пайда болу жолын дұрыс білген жөн.

### Әдебиеттер тізімі

1. Биоцидные цементные композиты с добавками, содержащими гуанидин / В. Т. Ерофеев, С. В. Казначеев, А. Д. Богатов, В. А. Спирин, Д. А. Светлов // Приволжский научный журнал, 2010, № 4, С. 87-94.
2. Антонов В. Б. Влияние биоповреждений зданий и сооружений на здоровье человека // Биоповреждения и биокоррозия в строительстве: материалы II Междунар. науч.-техн. конф. Саранск, 2006, С. 238–242.
3. Биологическое сопротивление материалов / Соломатов В. И., Ерофеев В. Т. и др // Саранск: Изд-во Мордов. ун-та, 2001, 196 с.
4. Ерофеев В. Т., Ерофеев В. Т., Соломатов В.И., Смирнов В. Ф. Биологическое разрушение зданий // Всероссийская конференция «Экологические проблемы биодegradации промышленных, строительных материалов и отходов производств» Сб. материалов. Пенза, 1998, С. 162-164.
5. Бочаров Б. В. Химическая защита строительных материалов от биологических повреждений // Биоповреждения в строительстве, 1984, №6, С. 35-47.
6. Пащенко А. А., Свидерский В. А. Кремнийорганические покрытия для защиты от биокоррозии. Киев: Техника, 1988, 136 с.
бәрі мені мектепте білім беруді дамыту тұжырымдамасын жүзеге асыруға алып келді. Өздеріңіз білетіндей, Бастауыш мектепте білім беруді дамыту жүйесін құрушы-Леонид Владимирович Занков. Оның жүйесі бойынша оқытудың негізгі міндеті: оқушылардың жалпы дамуы, ол оқушылардың ақыл-ойының, ерік-жігерінің дамуы және олардың білім, білік және дағдыларды игеруінің сенімді негізі ретінде түсініледі[7].

Оқу және сыныптан тыс іс-шараларда мен оқушылардың барлық жас топтарымен қарым-қатынас жасаймын, бірақ үлкен дәрежеде мен кіші оқушылар мен жасөспірімдермен байланысқа түсемін. Кіші мектеп оқушылары әр түрлі өнер түрлеріне ерекше сезімталдығымен ерекшеленеді. Жүйке жүйесінің сенсорлық аймақтарының жоғары сезімталдығы, барлық сезімдер бейнелі есте сақтаудың, бейнелі ойлаудың, бай қиял мен ассоциацияның негізі болып табылатын визуалды, есту, иіс сезу және әсіресе сөйлеу-есту көріністерін қарқынды байытуға мүмкіндік береді. Балалардың рекреациялық қиялы күштілігімен, жарықтығымен, өміршендігімен ерекшеленеді. Балалар оңай әр түрлі өнер туындыларының кейіпкерлеріне айналады. Кіші мектеп оқушылары эмоционалды түрде жауап береді, өз тәжірибелері мен сезімдерін тікелей және ашық айтады. Бірақ сонымен бірге олар үлкен эмоционалды тұрақсыздықпен ерекшеленеді, оларда еріксіз назар басым. Бұл жастың тағы бір өте маңызды ерекшелігі - зейіннің төмен бөлінуі - тек екі-үш объектіге. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, мен сабақта оқушылардың танымдық және шығармашылық белсенділігі үшін оңтайлы жағдай жасай аламын[2].

Жасөспірімдердің музыкалық дамуға және оқуға деген қызығушылығын қалыптастыру мәселесі күрделі, бірақ одан кем емес маңызды. Жасөспірімдер үлкен эмоционалды қозғыштығымен, өз сезімдерінің зорлық-зомбылық көрінісімен ерекшеленеді, олар қызғылықты кәсіппен айналысады, өз көзқарастарын құмарлықпен қорғайды, өздеріне және жолдастарына ең аз әділетсіздік кезінде жарылуға дайын. Олар кіші мектеп оқушыларымен салыстырғанда эмоционалды тәжірибенің анағұрлым тұрақтылығымен, сезімдерінің сәйкессіздігімен ерекшеленеді. Жасөспірімдерде топқа жату сезімі күшті дамыған, сондықтан олар мұғалімнің келіспеушілігінен гөрі достарының жақтырмауын өткір әрі ауыр сезінеді. Олар үшін құрдастарының арасындағы тұлғааралық қарым-қатынастың маңызы зор. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, мен өз қабілеттерін сыныпта құрбы-құрдастарының алдында көрсеткісі келетіндерге мүмкіндік беруге тырысамын, барлығының көзқарасын мұқият тыңдаймын, әсіресе жасөспірімдердің музыкалық қызығушылықтары мен қалауларына мұқиятпын. Кез-келген заманауи орындаушыға немесе топқа қатысты бір ұқыпсыз баға оқушының оқшаулануын, оқшаулануын немесе тіпті қастық сезімін тудыруы мүмкін. Жасөспірімде байсалды музыкаға эмоционалды жауап беру өте қиын. Мұнда жасөспірімдер ересектермен тең дәрежеде сезінетін және өздерінің көзқарастарына өз құқықтарын қорғайтын түрлі пікірталастар, даулар шешуші рөл атқарады

### Әдебиеттер

1. Иванова Л.А. Медиаобразование учащихся среднего школьного возраста на уроках иностранного языка. В сб.: Вопросы педагогического образования. Иркутск, 1999, С. 107-115.
2. Интернет и музыкальное образование школьников //Искусство и образование, 2000, №1, С. 45-50.
3. Усов М.В. Вопросы музыкальной педагогики. Выпуск 10. М., “Музыка”, 1991. Т.2, С. 254-260
4. Лейтес Н.С. Психология одарённости детей и подростков. М., “Академия”, 2000, 156 с.
5. Ригина Г.С. Рабочая программа по музыке 1-4 классы. Доступно на: <https://nsportal.ru/nachalnaya-shkola/muzyka/2014/10/01/rabochaya-programma-po-muzyke-1-4-klassy-rigina> (от 25 ноября 2020 г.).
6. Быховский Я.С., Калеников А.В. и др. Перспективная модель дистанционного образования: телекоммуникационные олимпиады. М.: "Прожект Хармони, Инк", 2000, 54 с.

7. Гергей Т., Машбиц Е. И. Психолого-педагогические проблемы эффективного применения компьютера в учебном процессе // Вопросы психологии, 1985, № 3, С. 41-49.

#### **Аннотация**

Современному человеку как никогда важно приобщение к мировым культурным традициям. Это повышает адаптивные возможности человека в нестабильных условиях, способствует успешности его социализации, позволяет творчески подходить к решению проблем. Культура выступает как “фактор творческого жизнеустройства”. Декларируемая в настоящее время идея гуманизации и гуманитаризации образования может быть реализована, на мой взгляд, только посредством глубокого проникновения культуры и искусства в содержание образования. Это повлечёт за собой пересмотр методов и средств решения воспитательно-образовательных задач, расширение прав искусства в школе, предоставление ему достойного места в системе образования. Внутренне протестую, когда уроки музыки называют по старинке “пение”. Музыка, один из самых мощных по силе воздействия на чувства человека видов искусства, не терпит к себе пренебрежительного отношения. Мои ученики знают, что урок музыки – это серьёзно, ответственно и необыкновенно интересно.

#### **Abstract**

It is more important than ever for a modern person to join the world's cultural traditions. This increases the adaptive capabilities of a person in unstable conditions, contributes to the success of his socialization, and allows a creative approach to problem solving. Culture acts as a "factor of creative life arrangement". The currently declared idea of humanization and humanitarization of education can be realized, in my opinion, only through a deep penetration of culture and art into the content of education. This will entail a review of methods and means of solving educational tasks, expanding the rights of art in schools, and giving it a worthy place in the education system. I protest internally when music lessons are called “singing” in the old-fashioned way. Music, one of the most powerful forms of art in terms of its impact on human feelings, does not tolerate neglect. My students know that a music lesson is serious, responsible, and extremely interesting.

ӘӨЖ 351.782

**Н.Қ.Аширбаев, Г.Ә.Оңалбек, К.Д.Кулекеев**

ф.-м.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент,  
Қазақстан

магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан  
ф.-м.ғ.к., доцент, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент,  
Қазақстан

### **ҮШБҰРЫШТЫҢ ӘРТҮРЛІ ЭЛЕМЕНТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ МЕТРИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫ КЕЙБІР АЛГЕБРАЛЫҚ ТЕНДЕУЛЕР ЖҮЙЕСІН ШЕШУДЕ ҚОЛДАНУ**

#### **Түйін**

Алгебралық есептерді шешудің бірнеше әдістерінің болуы бір жағынан есептерді шешу мүмкіндігін арттырады, ал екінші жағынан ең ұтымды шешімді таңдауға мүмкіндік береді. Сондықтан оқушылар алгебралық есептерді шешудің дәстүрлі шешу әдісімен қатар басқа әдісті меңгергені дұрыс болады. Екінші қосымша әдіс ретінде геометриялық әдіс таңдалды. Сонымен қатар, алгебралық есептерді шешу үшін геометриялық әдісті қолдану ең қолайлы емес, бірақ мүмкін болатындардың бірі ретінде қарастырылады, бұл кейбір жағдайларда есепті шешуді айтарлықтай жеңілдетеді. Геометриялық әдіс үшбұрыштың әртүрлі элементтері арасындағы метрикалық қатынастарды қолдануға негізделген, бұл оның жалпылығын және әмбебаптығын қамтамасыз етеді. Көптеген есептердің геометриялық шешімі фигураның жазықтықта немесе кеңістікте қарастырылып отырғанына байланысты емес; мұндай жағдайларда шешімде бірдей алгебралық есептеулер



қолданылады. Қорытындылай келе, бұл әдісті қолданған кезде, әдетте, көптеген дербес жағдайларды қарастырудың қажеттілігі туындамайды.

**Кілттік сөздер:** алгебралық есеп, үшбұрыш, косинустар теоремасы, медиана, биссектриса, ұзындық, бұрыш.

Кейбір алгебралық есептер мектеп бағдарламасында қарастырылатын дәстүрлі әдістермен шешіле бермейді, не өте күрделі түрде шешіледі. Ал, керісінше, мұндай есептерді үшбұрыштың әр түрлі элементтері арасындағы метрикалық қатынастарды пайдалану арқылы тиімді түрде шешуге болады. Бұл оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулу болып табылады.

Шығармашылық қабілетті дамытуда - мақсатты түрде арнайы құрастырылған шығармашылық тапсырмалардың рөлі ерекше. Шығармашылық тапсырмалар:

- оқушыларды пәнге қызықтыра алатындай;
- олардан терең ойлануды, тапқырлықты, ізденгіштік, әдеттен тыс әдістер мен тәсілдерді қолдануды қажет ететіндей;
- олардан математиканың пәнішілік байланыстарын ұғынуды және қарастыруды талап ететіндей етіп құрастырылуы шарт.

Шығармашылық тапсырмалардың ең көп тараған түрі – шығармашылық (оқушылардан пәнішілік, тіпті кейде пәнаралық байланыстарды пайдалануды қажет ететін, қиындығы жоғары немесе дәстүрлі емес) есептер [1].

Жалпы орта білім беретін мектептің қолданыстағы математика оқулығында берілген есептерді шығару барысында дәстүрлі тәсілден басқа дәстүрлі емес есепті шығару оның шығарылу жолдарын ықшамдайды және тиімді, ұтымды болып табылады [2].

Мақалада кейбір алгебралық теңдеулер жүйесін шешуде дәстүрлі емес тәсіл, атап айтқанда үшбұрыштың әртүрлі элементтері арасындағы метрикалық қатынастарды пайдаланып шешу жолдары қарастырылған. Сондықтан сол формулаларға тоқтала кетелік:

## 1. Косинустар теоремасы

$$\begin{aligned}a^2 &= b^2 + c^2 - 2bc \cos A \\b^2 &= a^2 + c^2 - 2ac \cos B \\c^2 &= a^2 + b^2 - 2ab \cos C\end{aligned}\tag{1}$$

## 2. Үшбұрыштың медианаларының ұзындығы

### а. Кез келген үшбұрыш үшін

$$m_a = \frac{1}{2} \sqrt{2b^2 + 2c^2 - a^2}\tag{2}$$

### б. Тең бүйірлі үшбұрыш

$$\begin{aligned}m_a &= \frac{1}{2} \sqrt{2b^2 + 2c^2 - a^2} \\m_a &= \frac{1}{2} \sqrt{4b^2 - a^2}\end{aligned}$$

### в. Тік бұрышты үшбұрыш

$$m_a = \frac{1}{2} \sqrt{2b^2 + 2a^2 - c^2}$$

г. Тең қабырғалы үшбұрыш

$$m_a = \frac{1}{2} \sqrt{2a^2 + 2a^2 - a^2} = \frac{\sqrt{3}}{2} a.$$

Мұндағы  $a$ ,  $b$  және  $c$  – үшбұрыштың қабырғалары, ал  $m_a$  -  $a$  қабырғасына жүргізілген медиананың ұзындығы.

3. Үшбұрыштың биссектрисаларының ұзындықтарын есептеу формулалары

$$l_a = \frac{2bc \cos \frac{\alpha}{2}}{b+c},$$

$$l_c = \frac{\sqrt{ab(a+b+c)(a+b-c)}}{a+b} \tag{3}$$

мұндағы  $a$ ,  $b$  және  $c$  – үшбұрыштың қабырғалары, ал  $l_a$  -  $a$  қабырғасына жүргізілген биссектрисасының ұзындығы.

**Есеп 1.** Теңдеулер жүйесін шешіңдер.

$$\begin{cases} 16 + a^2 = 2(b^2 + c^2) \\ 16 + b^2 = 2(a^2 + c^2) \\ a^2 + b^2 = c^2 + ab \end{cases} \tag{4}$$

**Шешуі.** Есепті дәстүрлі әдіспен шығарғаннан гөрі геометриялық мағына беру арқылы, яғни үшбұрыштың әр түрлі элементтері арасындағы метрикалық қатынастарды пайдалану арқылы шығару тиімді және ұтымды болып табылады. Яғни, берілген теңдеулер жүйесін төмендегіше түрлендіреміз[3].

$$\begin{cases} 2b^2 + 2c^2 - a^2 = 16 \\ 2a^2 + 2c^2 - b^2 = 16 \\ a^2 + b^2 - 2ab \cos 60^\circ = c^2 \end{cases}, \quad \begin{cases} \frac{\sqrt{2b^2 + 2c^2 - a^2}}{2} = 2 \\ \frac{\sqrt{2a^2 + 2c^2 - b^2}}{2} = 2 \\ a^2 + b^2 - 2ab \cos 60^\circ = c^2 \end{cases}$$

Егер қабырғалары  $a$ ,  $b$  және  $c$  болатын кез келген ABC үшбұрышын қарастырсақ, онда  $a$ ,  $b$  және  $c$  қабырғаларының сандық мәндері теңдеулер жүйесінің ізделінді шешімі болып табылады. Соңғы алынған теңдеулер жүйесінің бірінші және екінші теңдеулері кез келген үшбұрыштың медианаларының ұзындығын (2) есептеу формулалары негізінде, үшбұрыштың медианалары  $m_a = m_b = 2$ ,  $a = b$  екендігі шығады. Ал, (1) косинустар теоремасы бойынша соңғы алынған теңдеулер жүйесінің үшінші теңдеуіндегі  $a$  және  $b$

қабырғаларының арасындағы бұрыш  $60^0$ -қа тең болып, ізделінген шамалар тең қабырғалы үшбұрыштың қабырғаларын сипаттайтыны байқалады. Яғни,  $a=b=c$  болғаны. Онда берілген (4) теңдеулер жүйесіндегі 1-теңдеуден

$$2a^2 + 2a^2 - a^2 = 16, \quad a = \pm \frac{4}{\sqrt{3}}.$$

Теңдеулер жүйесін  $a$ -ның табылған екі мәнінде қанағаттандырады. Сонымен,

$$a = b = c = \pm \frac{4}{\sqrt{3}}.$$

**Есеп 2.** Теңдеулер жүйесін шешіндер.


$$\begin{cases} a^2 + c^2 = b^2 + ac \\ a^2 + b^2 = c^2 \\ 2a^2 - 100 = c^2 - 2b^2 \end{cases} \quad (5)$$

**Шешуі. 1-тәсіл.** Алдымен орта мектепте қолданылып жүрген дәстүрлі әдіспен шығаралық.

$$\begin{aligned} & \begin{cases} a^2 + c^2 = b^2 + ac \\ a^2 + b^2 = c^2 \\ 2a^2 - 100 = c^2 - 2b^2 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} a^2 + a^2 + b^2 - b^2 - ac = 0 \\ a^2 + b^2 = c^2 \\ 2a^2 - 100 = a^2 + b^2 - 2b^2 \end{cases} \Rightarrow \\ & \begin{cases} 2a^2 - ac = 0 \\ a^2 + b^2 = c^2 \\ a^2 + b^2 = 100 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} 2a^2 - ac = 0 \\ a^2 + b^2 = c^2 \\ c^2 = 100 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} 2a^2 - ac = 0 \\ a^2 + b^2 = c^2 \\ c_{\frac{1}{2}} = \pm 10 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} a(2a - c) = 0 \\ a^2 + b^2 = c^2 \\ c_{\frac{1}{2}} = \pm 10 \end{cases} \\ & \Rightarrow \begin{cases} a = 0, \quad 2a - c = 0 \\ a^2 + b^2 = c^2 \\ c_{\frac{1}{2}} = \pm 10 \end{cases} \Rightarrow \\ & \begin{cases} a = 0, \quad 2a - c = 0 \\ a^2 + b^2 = c^2 \\ c_{\frac{1}{2}} = \pm 10 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} a_1 = 0, \\ 2a - c = 0 \\ 2a = c \\ a_{\frac{2}{3}} = \pm 5 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} a_1 = 0, \quad a_{\frac{2}{3}} = \pm 5 \\ a^2 + b^2 = c^2 \\ c_{\frac{1}{2}} = \pm 10 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} a_1 = 0, \quad a_{\frac{2}{3}} = \pm 5 \\ b^2 = c^2 - a^2 \\ c_{\frac{1}{2}} = \pm 10 \end{cases} \Rightarrow \\ & \begin{cases} a_1 = 0, \quad a_{\frac{2}{3}} = \pm 5 \\ b^2 = (\pm 10)^2 - (\pm 5)^2 = 75 \\ c_{\frac{1}{2}} = \pm 10 \end{cases} \Rightarrow \begin{cases} a_1 = 0, \quad a_{\frac{2}{3}} = \pm 5 \\ b_{\frac{1}{2}} = \pm 5\sqrt{3} \\ c_{\frac{1}{2}} = \pm 10 \end{cases} \end{aligned}$$

Жауабы:  $\pm 5; \pm 5\sqrt{3}; \pm 10$

**2-тәсіл.** Енді, үшбұрыштың әртүрлі элементтері арасындағы метрикалық қатынастарды пайдаланып, шешіп көрелік (сурет 1). Ол үшін (5) теңдеулер жүйесін төмендегіше түрлендіреміз[4].



Сурет 1 - Тік бұрышты үшбұрыш

$$\begin{cases} a^2 + c^2 - 2ac \cos 60^\circ = b^2 \\ a^2 + b^2 - 2ab \cos 90^\circ = c^2 \\ 2a^2 + 2b^2 - c^2 = 100 \end{cases}$$

Айнымалылары  $a$ ,  $b$  және  $c$  болатын теңдеулер жүйесінің ізделінді түбірлерін үшбұрыштың қабырғаларының сандық мәні ретінде алсақ, онда олар тік бұрышты үшбұрыш беретіні байқалады. Соңғы теңдеулер жүйесіндегі 1 және 2-теңдеулерде (1) косинустар теоремасы орындалып тұр, мұндағы  $\angle C = 90^\circ$ ,  $\angle B = 60^\circ$  және  $\angle A = 30^\circ$  болғаны. Соңғы теңдеулер жүйесіндегі 3-теңдеу (2) медиананың формуласын беріп тұр.

Сонымен,  $m_c = 5$  және  $a = \frac{c}{2} = m_c = 5$  болатынын оңай байқауға болады.

Демек,  $a = 5, c = 10, b = \sqrt{c^2 - a^2} = \sqrt{75} = 5\sqrt{3}$  болады. Теңдеулер екінші дәрежелі теңдеулер болғандықтан, түбір таңбасы астынан шыққан мәндер – оң және теріс таңбаларымен алынады.

Яғни  $a = \pm 5, b = \pm 5\sqrt{3}, c = \pm 10$

Жауабы:  $(\pm 5; \pm 5\sqrt{3}; \pm 10)$

**Есеп 3.** Теңдеулер жүйесін шешіндер.

$$\begin{cases} a^2 + b^2 = 63 - ab \\ ab = 2(a + b) \\ 3b((6 + b)^2 - c^2) = 2(6 + b)^2 \end{cases} \quad (6)$$

**Шешуі. 1-тәсіл.** Есепті дәстүрлі әдіспен шығаралық. (6) теңдеулер жүйесіндегі бірінші теңдеуден[5]

$$(a + b)^2 - 2ab = 63 - ab$$

$$(a + b)^2 = 63 + ab$$

$$ab = (a + b)^2 - 63$$

(6) теңдеулер жүйесіндегі екінші теңдеу  $ab = 2(a + b)$  болғандықтан,

$$(a + b)^2 - 63 = 2(a + b)$$

$$(a + b)^2 - 2(a + b) - 63 = 0$$

$$a + b = t$$

$$t^2 - 2t - 63 = 0$$

$$D = 2^2 - 4 \cdot (-63) = 4 + 252 = 256 = 16^2$$

$$t_1 = \frac{2 + 16}{2} = 9, \quad t_2 = \frac{2 - 16}{2} = -7$$

$$1. \ a + b = 9$$

$$a = 9 - b$$

$$2. \ a + b = -7$$

$$a = -7 - b$$

(6) теңдеулер жүйесіндегі екінші теңдеуге қоямыз

$$1. \ (9 - b)b = 2(9 - b + b)$$

$$9b - b^2 = 18$$

$$b^2 - 9b + 18 = 0$$

$$D = 9^2 - 4 \cdot 18 = 81 - 72 = 9 = 3^2$$

$$b_1 = \frac{9 + 3}{2} = 6 \Rightarrow a_1 = 9 - b_1 \Rightarrow a_1 = 9 - 6 \Rightarrow a_1 = 3,$$

$$b_2 = \frac{9 - 3}{2} = 3 \Rightarrow a_2 = 9 - b_2 \Rightarrow a_2 = 9 - 3 \Rightarrow a_2 = 6$$

$$2. \ (-7 - b) \cdot b = 2(-7 - b + b), \ -7b - b^2 = -14, \ b^2 + 7b - 14 = 0,$$

$$D = 7^2 - 4 \cdot (-14) = 49 + 56 = 105$$

$$b_1 = \frac{-7 + \sqrt{105}}{2} \Rightarrow a_1 = -7 - \frac{-7 + \sqrt{105}}{2} \approx -8,6,$$

$$b_2 = \frac{-7 - \sqrt{105}}{2} \Rightarrow a_2 = -7 - \frac{-7 - \sqrt{105}}{2} \approx 1,6$$

Табылған мәндерді (6) теңдеулер жүйесіндегі үшінші теңдеуге қойып с белгісіз айнымалыны тауып аламыз:

$$1. \ b_1 = 6 \Rightarrow 3 \cdot 6 \cdot ((6 + 6)^2 - c^2) = 2(6 + 6)^2$$

$$18 \cdot 12^2 - 18 \cdot c^2 = 2 \cdot 12^2$$

$$18 \cdot c^2 = 2 \cdot 12^2 - 18 \cdot 12^2$$

$$18 \cdot c^2 = -16 \cdot 12^2$$

$$18 \cdot c^2 = -2304$$

$$c^2 = \frac{-2304}{18}$$

$$c^2 \neq -128$$

$$b_2 = 3 \Rightarrow 3 \cdot 3 \cdot ((6+3)^2 - c^2) = 2(6+3)^2$$

$$9 \cdot 9^2 - 9 \cdot c^2 = 2 \cdot 9^2, -9 \cdot c^2 = 2 \cdot 9^2 - 9 \cdot 9^2, 9 \cdot c^2 = 7 \cdot 9^2, c^2 = 7 \cdot 9, c = \sqrt{63}.$$

$$2. \quad b_1 = \frac{-7 + \sqrt{105}}{2} \approx 1,6$$

$$3 \cdot 1,6 \cdot ((6+1,6)^2 - c^2) = 2(6+1,6)^2$$


$$4,8 \cdot (57,76 - c^2) = 115,52. \text{ Жауабы жоқ.}$$

$$b_2 = -8,6. \text{ Жауабы жоқ.}$$

**2-тәсіл.** Енді берілген теңдеулер жүйесіне үшбұрыштың әр түрлі элементтері арасындағы метрикалық қатынастарды пайдаланып шешелік[6].

$$\begin{cases} a^2 + b^2 = 63 - ab \\ ab = 2(a + b) \\ 3b((6+b)^2 - c^2) = 2(6+b)^2 \end{cases}$$

**Шешуі:** Берілген теңдеулер жүйесін төмендегіше түрлендіреміз (сурет 2).



Сурет 2 - Кез келген үшбұрыш

$$\begin{cases} a^2 + b^2 - 2ab \cdot \cos 120^\circ = 63 \\ \frac{2ab \cdot \cos 60^\circ}{a + b} = 2 \\ \frac{\sqrt{6b(6+b+c)(6+b-c)}}{6+b} = 2 \end{cases}$$

Теңдеулер жүйесінің  $a$ ,  $b$  және  $c$  болатын ізделінді түбірлерін үшбұрыштың қабырғаларының сандық мәні ретінде алатын болсақ, 1-теңдеуден (1) косинустар теоремасы бойынша  $a$  және  $b$  қабырғаларының арасындағы бұрыш  $120^\circ$  болып, үшінші қабырғасы  $c = \sqrt{63}$  болады. 2-теңдеу  $a$  және  $b$  қабырғаларының арасынан шыққан биссектрисасының

ұзындығын береді және  $CD = 2$  болады. 3-теңдеу – сол биссектрисасының үш қабырғасы арқылы өрнектелгенін көрсетеді. Екінші және үшінші теңдеуде (3) биссектрисаның ұзындығын табу формуласы қолданылды. Мұндағы  $a = 6$  болғаны. Осы табылған  $a$  және  $b$  мәндерін 1-теңдеуге қоямыз:

$$36 + b^2 = 63 - 6b, \quad b_1 = 3, \quad b_2 = -9$$

$b_2$  -түбірі теңдеуді қанағаттандырмайды.

Жауабы:  $(6; 3; \sqrt{63})$

Қорыта келгенде, оқушыларды стандарт емес есептердің шешімін іздеуге, нақтырақ айтқанда, стандарт емес есептерді әртүрлі әдістермен, дәстүрлі емес әдістермен шығаруға, стандарт емес жаңа есептерді құрастыруға, сондай-ақ стандарт емес есептерді шешудің әртүрлі және дәстүрлі емес әдістерін іздеуге баулу - математика саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады[7].

#### Әдебиеттер тізімі

1. Қарабаев А.Қ. Жоғары сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамытуға ықпал жасайтын стандарт емес есептер. Шымкент: Нұрлы бейне. 2013, 200б.
2. Ажғалиев У.А. Приложение векторов к решению геометрических, алгебраических и физических задач, Астана: Эверо, 2012, 212с.
3. Потоскуев Е.В., Звавич Л.И. Геометрия. 10 кл. Задачник для общеобразовательных учреждений с углубленным и профильным изучением математики. М.: Дрофа, 2013, 128 с.
4. Сканави М.И. Сборник задач по математике для поступающих во втузы. М.: Высшая школа, 1993, 528 с.
5. Прасолов В.В. Задачи по планиметрии. Ч. 2. – 2-е изд., перераб. и доп. М.: Наука. Гл. ред. физ.-мат. лит., 1991, 240 с.
6. Готман Э.Г., Скопец З.А. Решение геометрических задач аналитическим методом. Пособие для учащихся 9 и 10 классов. М.: Просвещение, 1979, 128 с.
7. Яценко И.В. Математика: интенсивный курс подготовки к экзамену. М.: Айрис-пресс, 2013, 432 с.

#### Аннотация

Владение несколькими методами решения алгебраических задач с одной стороны увеличивает шансы на решение задачи и с другой стороны позволяет выбрать наиболее рациональное решение. Поэтому хорошо, если учащиеся помимо традиционного школьного способа решения алгебраических задач будут владеть еще одним методом. В статье выбран в качестве второго дополнительного способа геометрический метод. При этом использование геометрического метода для решения алгебраических задач рассматривается не как наиболее предпочтительный, а как один из возможных, который в некоторых случаях существенно упрощает решение задачи. Геометрический метод основан на использовании метрических соотношений между элементами треугольника при решении алгебраических задач, что обеспечивает его большую общность и универсальность. Геометрические решения многих задач не зависят от того, является рассматриваемая фигура плоской или пространственной; в подобных случаях в решении используются одни и те же алгебраические выкладки. Наконец, при использовании этого метода, как правило, отпадает необходимость рассматривать многочисленные частные случаи.

#### Abstract

Possession of several methods for solving algebraic problems, on the one hand, increases the chances of solving the problem and, on the other hand, allows you to choose the most rational solution. Therefore, it is good if students, in addition to the traditional school method of solving algebraic problems, will master another method. The article chose the geometric method as the second additional method. At the same time,

the use of the geometric method for solving algebraic problems is considered not as the most preferable, but as one of the possible, which in some cases significantly simplifies the solution of the problem. The geometric method is based on the use of metric relations between the elements of a triangle when solving algebraic problems, which ensures its greater generality and versatility. Geometric solutions to many problems do not depend on whether the figure under consideration is plane or spatial; in such cases, the solution uses the same algebraic calculations. Finally, when using this method, as a rule, there is no need to consider numerous special cases.

ӘОЖ 378(075.8):51

**Н.Қ.Аширбаев<sup>1</sup>, Қ.Б. Куздеубаева<sup>1</sup>, А.Д. Адамова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.-м.ғ.д., профессор, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

<sup>1</sup> магистрант, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

<sup>2</sup> PhD, доцент, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұрсұлтан, Қазақстан

## **ОРТА МЕКТЕПТЕГІ « ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫ МЕН МАТЕМАТИКАЛЫҚ СТАТИСТИКА ЭЛЕМЕНТТЕРІ » ТАҚЫРЫБЫНА ШОЛУ**

### **Түйін**

20 ғасырдың 60-70 жылдарында мектеп бағдарламасына енгізілген реформалар кезеңінде ықтималдықтар теориясының негіздерін мектепте формальды - логикалық деңгейде оқыту тәжірибесі негізінен негативті нәтижелер берді, соның салдарынан бұл бөлім мектеп бағдарламасынан алынып тасталды: материал қиын болып шықты, оқушылар нашар игерді. Сонымен қатар, жоғары сыныптарда оқушылардың математикалық білімін бірнеше рет зерттеу нәтижесінде алынған білім ықтималдық интуиция мен статистикалық ойлауды дамытуға қаншалықты аз ықпал ететіндігі дәлелденді. Алайда, уақыт өте бұл материалды негізгі мектепте математика курсына енгізу туралы тағы бір шешім қабылданды. Математиканың негізгі мектеп курсына ықтималдық-статистикалық желіні енгізу көптеген мәселелердің туындауына себеп болды. Математика мұғалімдерінен бастап оқулықтардың авторларына дейін – бұл курстың пайда болуына барлығы дайын емес еді. Таңқаларлықтай, әлемдегі ең танымал және мойындалған ықтималдықтар теориясының академиялық мектептерінің біріне ие бола отырып, бізде әлі күнге дейін мектепте математиканың осы саласын оқытудың жалпы тұжырымдамасы және мектеп оқушылары үшін тиісті материалдарды қамтыған оқулықтардың саны жеткілікті емес.

**Кілттік сөздер:** ықтималдық, статистика, комбинаторика, кездейсоқ оқиға, жиілік, эксперимент, алмастыру, орналастыру, теру.

Адам ойы мен қиялы өте шексіз. Жылдарға, ғасырларға кейіндеп те, ілгерілеп те алға оза алады. Саналы адам көрсем, білсем, үйренсем деп тұрады. Көрген, білгенінен ой түйіндейді, қорытынды шығарады. Математика, физикада қарастырылатын есептер көбінесе бір мәнді анықталады. Мысалы: қолымызбен тасты лақтырсақ, онда тастың орнын кез-келген уақыт кезеңінде анықтай аламыз. Бірақ ғылымның әр саласында, техникада, шаруашылық саласында қолданылатын көптеген есептер бір мәнді анықталмайды. Мысалы: тиынды лақтырып, оның қай жағымен түсетінін нақты айтуға болмайды. Мұндай жағдайда осы сияқты есептерді шешуде белгілі бір нақты шешім айтуға болмайтын тәрізді көрінеді. Алайда бұл тәжірибеде керісінше. Ойын практикасы көрсеткендей тиынды неғұрлым көбірек лақтырсақ, солғұрлым әрекеттің жартысында елтаңба жағы түссе, енді жартысында цифр жағы түсетіні байқалды. Бұл кездейсоқ оқиға. Белгілі бір заңдылыққа байланысты. Міне осындай заңдылықтарды ықтималдықтар теориясы қарастырады. Ең қарапайым мысал ретінде тиын лақтыруды алдық. Бірақ ықтималдықтар теориясында бұдан да күрделірек есептер қарастырылады. Шаруашылықтағы маңызды мәселенің бірі аудан мен облысты байланыстыратын телефон жүйесін орнату. Бұл да таза ықтималдық есеп. Мысалы: мұнда орталықтан ауданға телефон жүйесін тарту үшін қанша сым қажеттігі белгілі болу керек.



Өмірде мұндай мәселелер көптеп кездеседі. Осындай мәселелер өндіріс саласын жоспарлауда, зерттеулер жүргізуде қолданылады [1].

Ықтималдықтар теориясы өз бастауын XVII ғасырдан алады. Алдымен азартты ойындар пайда болды. Араб тілінде «азар» деген сөз «қиын» деген мағына береді. Арабтар «азар» деп лақтырылған ойын сүйегінің екеуінде де 6 ұпайдан түсуін айтады екен. Куб түріндегі ойын құралы ол кезде піл сүйегінен жасалатын болғандықтан «ойын сүйегі» деген атау сол заманнан қалыптасып қалған. Ықтималдықтар теориясы жөніндегі алғашқы жұмыстар XVII ғасырда басталды. Еуропа елдерінде адамды құнықтыратын әртүрлі ойындардың кең таралуына байланысты әр ойыншы өзінің жеңілмеу ықтималдығын алдын ала анықтауға тырысты. Сол кездегі математиктер де бұл мәселеге назар аудартып, бірнеше рет қайталанатын кездейсоқ оқиғалар туралы заңдылықтар ашуға талпынды. Бұл мәселеге алғашқы болып еңбектерін ұсынған: француз оқымыстысы Блез Паскаль, Пьер Ферма, голландиялық Христиан Гюйгенс, швейцариялық математик Яков Бернулли болды. Француздың атақты математиктері Пьер Ферма мен Блез Паскальдың азартты ойындар жөніндегі зерттеулері ықтималдықтар теориясының негізін қалады. Кейіннен сақтандыру жұмыстарында және демография саласында ықтималдықтар теориясы өз қолданысын тапты. Жаратылыстану ғылымдары мен техниканың дамуы ықтималдықтар теориясына жаңа мәселелер қойды. Ықтималдықтар теориясының дамуына Бернулли, Муавр, Гаусс, Лаплас, Пуассон еңбектері көп әсер етті. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап бұл саланың дамуына зор әсер еткен В.Я.Буняковский бастаған математиктер мектебі: П.Л.Чебышев, А.А.Марков, С.Н. Бернштейн, А.Н.Колмогоров секілді орыс ғалымдары үлкен үлес қосты. XVIII ғасыр аяғы мен XIX ғасыр басында ағылшын оқымыстысы А.Муавр, Л.Эйлер, Н.Бернулли, француз П.Лаплас, С.Пуассон, неміс К.Гаусс геодезия мен астрономияның өркендеуіне қатысты өлшеу қателіктерін бағалау, ату теориясындағы снарядтардың жағдайларын анықтау үшін ықтималдықтар теориясының рөлін көрсету мақсатында ғылыми жұмыстар жүргізді. XIX ғасыр ортасында Ф. Гальтон, Л.Больцман, А.Кетле, А.М.Ляпунов, П.Л.Чебышев, А.К.Колмогоров сияқты ғалымдар жиындар теориясы, нақты айнымалылы функциялар теориясы, функционалдық анализ сияқты жоғары математикалық жаңа табыстарына сүйенетін ықтималдықтар теориясының өркендеуіне негіз салды. Ықтималдықтар теориясының дамуына байланысты оның адамзат өмірінде қолдану мүмкіндігі артты. Жалпы алғанда ықтималдықтар теориясының әдісі ғылымның барлық саласына өз үлесін қосты [2].

Мектептегі математикалық білімнің мазмұны қазіргі математика ғылымының мазмұны мен даму деңгейін көрсетеді және өспелі ұрпақты қажетті математикалық деңгейде дайындау қоғамдық қажеттілікті білдіреді.

Еліміздегі мектеп біліміне ықтималдық-статистикалық мазмұнды енгізу қажеттілігі-оның білімділік және әлемдік көзқарастағы бағалылығына негізделген. Академик Б.В.Гнеденко ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистиканың маңыздылығын ерекшелеп, назарын мынаған аударды: «болашақ азаматтарды бала кезінде немесе жас шағында табиғат құбылыстарындағы заңдылықтарды іздестіруді кең қарастыруға мүмкіндік беретін ғылымның үлкен тарауы ретінде статистикалық тұжырымдармен таныстыру маңызды».

Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін мектепте оқытудың дүниетанымдық маңызы зор. Шетелдерде ықтималдық-статистикалық материалдарды мектеп математика курсына енгізу идеясы 1960 жылдардан бері зерттеліп және оларды оқытудың айтарлықтай тәжірибесі жинақталған.

Әлемдік тәжірибеде статистика және ықтималдық негіздерін баяндауға мектепте математиканы оқытуда айтарлықтай көңіл бөлінеді. Сонымен бірге ықтималдық және түсіндірмелі статистика туралы көрнекі түсініктермен танысу оқудың алғашқы жылдарынан басталады, оқушылар кейінгі барлық мектеп жылдары бойында стохастикалық материалды оқып үйренуді жалғастырады.

Мектепте ықтималдық және статистика негіздерін оқытуда мол және жалғасқан тәжірибесі бар, ал қазіргі уақытта білім беру мазмұнын жаңарту бойынша белсенді жұмыс жасап жатқан елдердің тәжірибесін талдау маңызды болып саналады. Бұл Ұлыбритания, Белгия, АҚШ, Жапония, Франция, Германия жәнет.б.

Англия мен Шотландияның ұлттық жоспарларының өзгешеліктеріне қарамай, жалпы Ұлыбританияның екі бөлігінде де ықтималдық-статистикалық материалды оқып-үйренуге едәуір уақыт дәстүрлі белгіленген. Төменгі сыныптарда заттарды топтау, мәліметтерді жинау, кестені оқу және толтыру, диаграммаларды оқу және тұрғызу, ықтималдық сөздікті қалыптастыруға, кездейсоқ оқиғаның пайда болу мүмкіндіктерін салыстыруға ерекше көңіл бөлінеді.

Осыдан, Англия мектептерінде математикалық білім беруде ықтималдық-статистикалық материал жеке маңызды желі түрінде ұсынылған деп қорытынды жасауға болады. Сонымен қатар, жаңа стандарт Англияның математикалық білім берудегі бұрынғы стандартымен (1989) салыстырғанда курстың практикалық бағытын күшейтуді, яғни мазмұндық есептерге бағдар, статистика негіздерін стохастикалық желі базасы ретінде қарастыру, кездейсоқ оқиғаның ықтималдығы ұғымын алдымен статистикалық, ал кейін классикалық тәсілмен беруді қарастырады. Бұл статистикамен ешқандай байланыссыз жеке баяндалатын, формалды комбинаторика базасында классикалық жорамал ықтималдық модельдер тұрғызу басты мақсат болып табылатын, ықтималдық-статистикалық материалды берудің дәстүрлі жүйесінен батыл бастартуды айтады. Англияның қазіргі стандартында оқушыларға қойылатын талаптар негізінен формалды емес мазмұндық, сапалы категориялық деңгейде тұжырымдалған, нәтижені түсінуге, түсіндіре білуге және тұжырымдауға бағытталған. Сондай-ақ сәйкестендірілген формалды және абстрактілі математикалық аппаратты меңгеру талаптары тура әлсіз формада ұсынылған, сонымен қатар мектептегі математикалық білім қазіргі әлемдік тенденцияларға сәйкес келеді [3].

Белгияда шығарылған және үлкен атақты иеленген, авторлармен «Статистика мен ықтималдықтың антиокулығы» деп аталған орта мектепке арналған оқулық қызығушылық туғызады. Математикалық тұрғыда сауатты, қызықты, жақсы тілмен жазылған оқулық толығымен нақты мәліметтер, елдің қазіргі нақты өмірі негізінде құрылған. Бұл «антиокулықта» математикалық теория мен есептер жұмыссыздықтың көбеюі, жұмысшылар мен мемлекеттік қызметкерлер, әйелдер мен ерлер жалақысын салыстыру, оқушылардың оқу нәтижелерінің ата-аналарының әлеуметтік-кәсіби деңгейіне тәуелділігі және т.б. тікелей практикалық, әлеуметтік мәселелер базасында тұрғызылған. Бұл белгілі оқулықтың қызықтылық жағы елдің ресми құрылымдарымен ұсынылған статистикалық мәліметтерді жалған түсіндіруді кәсіби және сенімді талдау. Осылайша, ықтималдық-статистикалық дайындықты адамның өмірлік маңызды білім қорына ендіру, мұнда мектеп оқулығы шегінде жүзеге асырылған.

Жапонияда түсіндірмелі статистика курсы мектептің екінші сыныбынан басталады, көп назар пропедевтикаға, мәліметтерді жинау бойынша жұмысқа, кестелер мен диаграммалармен жұмыс жасауға аударылады. Орта мектепте салыстырмалы және жинақталған жиілік, мода, медиана және мәліметтер қатарының арифметикалық ортасын табу қарастырылады. Ықтималдық туралы алғашқы ұғым ұтыстарды бағалау сияқты көрнекі деңгейде беріледі, қарапайым комбинаторикамен бір уақытта қарастырылады.

Бастауыш мектепте жеті жастан бастап түсіндірмелі статистика базасында пропедевтикалық жұмыс жүргізіледі. Мұнда бес жыл бойында балалар кестелер мен диаграммалар көмегімен ақпараттарды жинау және өңдеу дағдыларына оқытылады. Негізгі курстың бірінші оқу жылы бойында мәліметтерді жүйелеу және таңдамамен жұмыс жасауға байланысты сұрақтар қарастырылады. Мұнда мәліметтерді жинау және жүйелеу тәсілдері: жиілік үлестірімінің кестесі; гистограммалар; кумулятивтік жиіліктер қарастырылады. Кейін олардың мағыналық ерекшеліктеріне байланысты әртүрлі орта мәндерін (мода, медиана) табуды үйренеді. Келесі сыныпта ықтималдықты оқып-үйренуге өтеді. Мұнда қарапайым

комбинаторика базасында ықтималдық ұғымдарға классикалық тәсіл қарастырылады. Тек қорытындысында ғана статистикалық ықтималдық ұғымы енгізіледі. Соңғы кезеңде мәліметтер корреляциясы қарастырылады. Сонымен қатар, қарапайым мысалдармен бас жиынтық және таңдама ұғымдары оқып-үйретіледі және таңдау әдісі қарастырылады.

Жалпы алғанда, нақты өмірдің мысалдарын, есептерін талдауға жоғары деңгейде назар аударылады. Сұрақтың формалды жағын қарастырмауға тырысу байқалады. Ақпаратқа адекватты арақатысты тәрбиелеу маңызды міндет болып есептеледі.

Көптеген елдерде ықтималдыққа деген формалды және формалды емес тәсілдер арасындағы белсенді күрес жалғасуда екенін атап кеткен жөн. А.Плоцкидің жұмысында Польшада оқыту әдістемесінде ықтималдықтар теориясын қарастырудың кең тараған дидактикалық тәсілдерінде ол көбінесе комбинаторикамен одақтастырылады және математикалық статистикадан жасанды жекеленеді. Бірақ та, көпшілігі қазір стохастиканы бірінші кезекте статистикалық ұғымдардың табиғи мағынасы мен материалдық әлеммен генетикалық байланысына, олардың нақты түсіндірмесі мен қолданылуын тұрғызу және пайдалануына сүйене отырып қарастыруды ұсынады.

Жүргізілген шетелдік тәжірибені талдауды аяқтай келе келесі қорытындылар жасауға болады[4]:

1. Ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика курсының орны мен көлемі 15 жасқа дейінгі балалар үшін әртүрлі елдерде түрлендірілген, бірақ барлық елдерде материал көлемі едәуір және қарастырылған барлық елдердің мектептерінде оқытылатын кейбір жалпы базалық элементтер ерекшеленеді.

2. Әлемдік тәжірибеде стохастикалық материал бастауыш, негізгі және орта мектептің барлық курсы бойында сандармен, функциялармен, планиметрия және стереометриямен тең деңгейде оқытылады.

Қазақстан мектептерінің практикасына 1999 жылы жалпы білім беретін мектептердегі математика пәнінің бағдарламаларына (жоба) ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтері енгізілді.

2002 жылы бекітілген және қазіргі уақытта қолданыстағы ҚР орта білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандартында «Математика» пәні бойынша оқу пәнінің базалық білім мазмұнында ықтималдық теориясы мен математикалық статистика элементтері бойынша оқушыларға қойылатын талаптар ауқымы айқындалған.

«Ықтималдықтар теориясы мен статистика элементтері» желі мазмұнын берейік: статистикалық мәліметтердің берілу тәсілдері (кестелер, диаграммалар, полигон), статистикалық сипаттамалар (мода, медиана, арифметикалық орта, өріс, орта сипаттамадан ауытқу); нақты процестердің графиктері, варианттарды санау, жүйелі кіріктеу, варианттар терегі, алмастырулар, орналастырулар, терулер, Ньютон биномы; кездейсоқ сынау; ақиқат, мүмкін емес және кездейсоқ оқиғалар, тең мүмкіндікті оқиғалар, жиілік, кездейсоқ оқиғаның ықтималдығы; ықтималдықтың классикалық, геометриялық моделі.

Демек, бүгінгі күн тәртібінде біздің елімізде ықтималдық және статистика негізін мектептегі математикалық білім мазмұнына тең құқықты етіп енгізу туралы сұрақ тұр. Ол талқылау мен дискуссия кезеңінен мектептің базалық математика курсынан статистикалық жүйенің орнын таңдау, оның мазмұнын нақтылау мен оқытудың әдістерін жасауға байланысты нақты шешімдерді іздеу кезеңіне өтті.

Әртүрлі, елдерде орта мектепте ықтималдықтар теориясы мен математикалық статистика элементтерін оқытудың бізге белгілі баптарын талдау мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік береді:

- ол елдердің басым көпшілігінде бұл материалды оқыту бастауыш мектепте басталады;
- барлық келесі оқу жылдары ішінде оқушылар эмпирикалық берілгендерді талдаудың ықтималдық – статистикалық амалдарымен танысады, сонда қолданбалы сипаттағы есептер, нақтылы жағдайларды талдау үлкен рөл атқарады;
- оқыту барысында оқушылардан шағын топтарда жұмыс істеуді, өз беттерімен

берілгендерді жинауды, топтар жұмысының нәтижелерін қорытындылауды, өз беттерімен зерттеулер жүргізуді, практикалық сипаттағы жұмысты, эксперименттер қоюды, шағын лабораториялық жұмыстар жүргізуді, ұзақ мерзімді курстық тапсырмалар дайындауды талап ететін мәселелерге (есептерге) едәуір көп уақыт бөлінеді;

– бұның бәрі ықтималдық – статистикалық материалдың өзіндік ерекшелігінен, оның практикалық іс-әрекеттермен тығыз байланысынан шығады.

Статистика элементтері жаңа негізгі мектептің бағдарламасына кіріп отыр. Қазақстан Республикасы орта білім берудің мемлекеттік стандартында математикадан ықтималдық теориясы және математикалық статистика элементтері бойынша оқушыларға қойылатын талаптар ауқымы айқындалған.

Бүгінде мектеп математика курсына 7 – сынып оқушыларына «Статистика элементтері» тарауына 6 сағат бөлінген. Олар: вариациялық қатар - 1с., абсолютті жиілік және салыстырмалы жиілік. Жиілік кестесі - 2с., жиілік алқабы - 3с. 8 – сынып оқушыларына «Статистика элементтері» тарауына 8 сағат бөлінген. Олар: жиілік алқабы, жиілік гистограммасы – 3с., орта мән. Дисперсия. Стандартты ауытқу- 5с. Ал 9 – сынып оқушыларына «Комбинаторика элементтеріне» 8 сағат, «Ықтималдықтар теориясы элементтеріне» 8 сағат берілген[5].

**Статистика** – ол белгілі бір ортақ белгі қасиеттерімен сипатталатын мәліметтерді, деректерді жинақтау, өңдеу,талдау және оның нәтижелерін түсіндірумен айналысатын ғылым саласы.

**Комбинаторика** (лат.Сombio- жалғастырамын) – комбинаториялық анализ деп те аталады.**Комбинаторика** — дискретті объектілерді, жиындарды және олардың арасындағы қатынастарды зерттейтін математиканың бір бөлімі.Комбинаторика математиканың көп салаларымен – алгебрамен, геометриямен, ықтималдықтар теориясымен тығыз байланысты және генетика, информатика, статистикалық физика облыстарында кеңінен қолданылады.

**Комбинаторикалық анализ.**Комбинаторикалық математика,комбинаторика математиканың кез –келген объектідегі шектеулі жиын (шектеудің кейбір шарттарын қанағаттандыратын шексіз жиын ) бөліктерінің орналастыруы мен өзара орналасуына байланысты мәселелерін зерттейтін бөлімі.

**Ықтималдылық теориясы** – кездейсоқ бір оқиғаның ықтималдығы бойынша онымен қандай да бір байланыста болатын басқа бір кездейсоқ оқиғаның ықтималдығын анықтауға мүмкіндік беретін математика бөлімі.Ықтималдылық теориясында кездейсоқ құбылыстардың заңдылығы зерттеледі.Кездейсоқ құбылыстарға анықталмағандық, күрделілік, көп себептілік қасиеттері тән.Сондықтан мұндай құбылыстарды зерттеу үшін арнайы әдістер құрылады.Ол әдістер мен тәсілдер ықтималдылық теориясында жасалынады.

Ойын ойнағанда (теннис, шахмат, минифутбол т.с.с.) бірнеше балалар жиналатыны белгілі.Енді осы балалардан екіден, үштен т.с.с. бөліп алып команда құруға тура келеді.Сонда қатысып отырған барлық балалардан осындай командаларды неше жолмен құруға болады.

#### **Мысалдар қарастырайық.**

1-мысал.5-ші сыныптан мектеп бойынша кезекшілікке Ермек, Ерлан және Азамат жіберілді. Аға кезекші олардың екеуін алып қалды да, біреуін сыныпқа қайтарды.Аға кезекші үш оқушының екеуін неше жолмен бөліп алып қалар еді?

Екі оқушыны үш оқушыдан бөліп алудың барлық жолдарын қарастырайық:

Ермек Ермек Ерлан

Ерлан Азамат Азамат

Сонымен үш оқушыдан екі оқушыны үш жолмен бөліп алуға болады екен.

2-мысал. Берілген 1,2,3 цифрларынан неше екі таңбалы сан жазуға болады?

Мұнда осы цифрларды пайдаланып екі таңбалы сандарды жазып көрелік[6].

12

21

23

13

31

32

Сөйтіп берілген әртүрлі үш цифрдың көмегімен алты екі таңбалы сан жазуға болады екен.

3-мысал. Шахматтан жарысқа үш спортшы қатысты. Олар өзара бір партиядан ойнау керек болды. Жарыста барлығы қанша партия ойналды.


Партиялардың санын анықтау үшін жарысқа қатысқан спортшылардың аттарын бір әріптен белгілейік: Алмас-А, Елнар-Е, Қайрат-Қ. Сонда мынадай партиялар ойналады:

АҚ, АЕ, ҚЕ.

Сөйтіп жарыста барлығы үш партия ойналады екен.

4-мысал. Әр түрлі екі күміс теңге лақтырылсын. Ең болмағанда бір күміс теңгенің елтаңба жазылған жағымен шығуының қанша мүмкіндігі бар?


Екі күміс теңге лақтырылғанда бірінші теңге елтаңба жағымен, ал екінші теңге цифр жазылған жағымен пайда болуы мүмкін. Сондай-ақ, бірінші теңге цифр жағымен, ал екінші теңге елтаңба жағымен пайда болуы да мүмкін. Үшінші мүмкіндік – екі теңге де елтаңба жағымен пайда болуы мүмкін. Демек, осы үш мүмкіндіктің біреуі пайда болса, онда елтаңба пайда болады. Сөйтіп әртүрлі екі күміс теңгені лақтырғанда елтаңбаның ең болмаса бір рет пайда болу мүмкіндігі 3-ке тең. Тәжірибе жасап осы нәтижені тексеріп көріңдер (сурет 1).



Сурет 1–Тәжірибе нәтижесі

5-мысал. Екі ойын кубы бір рет лақтырылсын. Екі кубтың жоғары жағында пайда болған сандардың қосындысы 2-ге тең болуы үшін қанша мүмкіндік бар (сурет 2)?

Екі кубтың жоғары жағында шыққан цифрлардың қосындысы 2-ге тең болуы үшін екі кубта да 1 саны шығуы керек. Демек, екі кубтың жоғары жағындағы цифрлардың қосындысы 2-ге тең болу үшін тек бір мүмкіндік бар.



Сурет 2–Екі ойын кубы

6-мысал. Әртүрлі үш түсті шарлар бар. Шолпан мен Айман бір бірден шар алды. Шолпан мен Айман екі шарды неше жолмен таңдап алар еді?

Шешуі: Айталық бірінші болып шарды Шолпан алсын, онда оның бір шарды алуының 3 мүмкіндігі болады. Шолпаннан кейін шарды Айман алса, онда оның шар алу 2 мүмкіндігі болады. Осылай тәжірибе жалғастырсақ Шолпан мен Айман екі шарды 6 жолмен алатынына көз жеткізуге болады [7].

Жоғарыда айтып кеткендей ықтималдықтар теориясы адам өмірінде маңызды орын алады. Оның маңызы адамның күнделікті өмірі, дүниені танып білу барысы кездейсоқ оқиға толы болғандықтан ондағы кездейсоқтық заңдылықтарын білуде. Ықтималдықтар теориясы әрсалада үлкен үлесін қосады. Экономикалық, биологиялық жағынан ғана емес демография,

жаратылыстану т.б салаларында да қызмет етеді. Ықтималдықтар теориясы-өндірісті жоспарлау мен ұйымдастыруға, технологиялық процесстерде талдауға, өнім сапасын тексеруге, көптеген басқа салаларда қолданылады. Ықтималдықтар теориясы өмірдегі кездейсоқтықтарды зерттеп, олардың заңдылықтарын ашады. Сонымен қатар ықтималдықтар теориясының білімге, дағдыға, ептілікке үйрететінін атап көрсетуге болады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Гнеденко Б.В. О перспективах математического образования. // Математика в школе, 1965, №6, С.25-29.
2. Peltier M., Rouche N., Manderick M. Contremanuel de statistique et probabilité. Bruxelles: Elsevier, 1982. 196р.
3. Степенко Г.В. О преподавании теории вероятностей и математической статистики в школах Японии. Киев: Изд-во Института математики АН УССР, 1974, 43с.
4. Плоцки А. Стохастика в школе как математика в стадии созидания и как новый элемент математического и общего образования. Дис.д-ра наук в форме науч.докл. Санкт-Петербург, 1992, 52 с.
5. Бектаев К.Б., Пиотровский Р.Г. Математические методы в языкознании, ч.1, Теория вероятностей и моделирование нормы языка, Алма-Ата.: Наука, 1973, 126с.
6. Колмогоров А.Н. Основные понятия теорий вероятностей, М.: Наука, 1974, 258с.
7. Жаңбырбаев Б.С. Ықтималдылықтар теориясы және математикалық статистика элементтері, Алматы: Ғылым, 1988, 256 б.

#### Аннотация

Как известно, опыт преподавания в школе основ теории вероятностей в период реформы 60-70 гг. на формально-логическом уровне дал в основном негативные результаты, что привело к изъятию этого раздела из школьных программ: материал оказался сложным, плохо усваивался учащимися. К тому же неоднократно проводимые исследования знаний учащихся старших математических классов показали, сколь мало эти знания способствуют развитию вероятностной интуиции и статистического мышления. Однако совсем недавно было вновь принято решение ввести этот материал в курс математики основной школы. Внедрение вероятностно-статистической линии в базовый школьный курс математики породило немало проблем. К его появлению оказались не готовы буквально все – от учителей математики до авторов учебников. Удивительно, но, обладая одной из наиболее известных и признанных во всем мире академических школ теории вероятностей, мы до сих пор не имеем ни общей концепции преподавания этого раздела математики в школе, ни достаточного количества учебных пособий для школьников, содержащих соответствующий материал.

#### Abstract

As you know, the experience of teaching at school the foundations of the theory of probability during the reform period 60-70. at the formal-logical level, it gave mostly negative results, which led to the removal of this section from school curricula: the material turned out to be difficult, poorly absorbed by the students. In addition, repeated studies of the knowledge of high school students have shown how little this knowledge contributes to the development of probabilistic intuition and statistical thinking, but only recently it was decided to introduce this material into the course of mathematics in basic school. The introduction of the probabilistic-statistical line into the basic school course of mathematics has given rise to many problems. Literally everyone was not ready for its appearance - from teachers of mathematics to authors of textbooks. Surprisingly, possessing one of the most famous and recognized worldwide academic schools of probability theory, we still do not have a general concept of teaching this branch of mathematics at school, nor a sufficient number of textbooks for schoolchildren containing relevant material.

ӘОЖ 351. 853. 1: 81'373

**Н.Ш. Базарбекова, Г.Ж. Утегенова, А.Е. Сералиева**

аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан ф.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан email: nagimabazarbekova@list.ru

**ТІЛ АДАМНЫҢ САНАСЫНЫҢ КӨРІНІСІ**

**Түйін**

Бүгінгі күннің өзекті мәселелерін көтеріп, адамның қоршаған әлемдегі орнын анықтау сипатындағы дәстүрді жаңашылдық тұрғысынан дамытып, оны заманауи құндылықтар негізінде интерпретациялау арқылы жеткізуді көздей отырып, шығармашылық ізденісіне негізделген күрделі құрылымдық жүйе қазіргі қазақ әдебиетінде аталған жанры теориясын студенттердің кәсіби тұрғыдан пәндік игеруін міндеттейді. Қазіргі өзгермелі қоғам жағдайында өркениетті елдер қатарынан орын алу әр мемлекеттің білімінің беріктігіне байланысты болатындықтан қазақстандық білім беру жүйесі де әлемдік деңгейге сай жаңа құрылымдық сипат алуда. Сол себепті отандық білім беру жүйесінің даму деңгейінің дүниежүзілік стандартқа сәйкес келуі мемлекетіміздің әлемдік қауымдастық қатарынан орын алуын көздейтін негізгі фактор болып табылады. Бүгінгі таңда еліміздің жоғары білім беру жүйесін дамыту стратегиясының басты мақсаты – адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тани отырып, оның шығармашылық еркіндігі мен белсенділігіне және кәсіби іскерлігінің дамуына жағдай жасау болып табылады.

**Кілттік сөздер:** ұрпақ тәрбиесі, сапа, дәстүр, шеберлік, тәрбиелеу, білім, тұжырым.

**Кіріспе**

Еліміздің жоғары оқу орындарының алдында болашақ мамандарды кәсіби білімдендірумен қатар оларды өз ұлтының әдеби мұраларын, ұлттық құндылықтарын дәріптейтін оқу мен оқытуға креативті шығармашылықпен талпынатын құзіретті тұлғаны қалыптастыру міндеті тұр. Білімгерлерге арнайы кәсіби білім берумен бірге оның дүниетанымын, құндылықтық бағдарын, өмірлік ұстанымын қалыптастыру оқыту үдерісінде ғылыми-зерттеушілік пен әдістемелік тұрғыда даярлаудың бірлікте жүргізу білім алушыларды мобильділік, көшбасшылық, кәсіби құзыреттілік таныта алатын маман ретінде оқытудың қажеттігін білдіреді.

Оқу-танымдық құзіреттілік. Оқу-танымдық құзіреттілікті адамның жаңа білім мен тиісті дағдыларды игеріп қана қоймай, сонымен бірге танымның бастапқы үштұғырлығына сәйкес келетін әрбір тұтас оқу - танымдық актінің сапалы жаңа-интеграцияланған нәтижесін қамтамасыз ететін таным объектісін түсінетін сапалы деңгейдегі танымдық іс-әрекетке қабілеттілігі ретінде қарастырған жөн. Студенттердің оқу-танымдық құзіреттілігін қалыптастырудың шарттарына, студенттердің танымдық белсенділіктерін жандандыру, оқу процесінде студенттердің дербестігі арттыру, жетістікке жету жағдайын жасау; студенттердің оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әр түрлі формалары мен белсенді әдістерін қолдану, оқытушының әр студенттің оқу-танымдық тәжірибесін оқу процесіне енгізу тәсілдерін іздеуі.

Ақпараттық құзіреттілік. Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастыру студенттерді оқу-зерттеу қызметіне - оқу іс-әрекетінің формасына қосу арқылы қамтамасыз етіледі, оның мақсаты терең білім деңгейіне жету, студенттердің шығармашылық, зияткерлік қабілеттерін дамыту болып табылады.

Зерттеушілік құзыреттілік. Зерттеушілік құзыреттілік келесі іс-әрекетер арқылы қалыптасады: бақылау, өлшеу, эксперимент жүргізу, индуктивті пайымдау мен модельдерді құру, ақпараттық технологияларды меңгеру, ақпараттың барлық түрлерімен жұмыс істеу.

Коммуникативтік құзыреттілік. Студенттердің кәсіби коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бойынша оқу жұмысының тиімді түрлері оқытудың әртүрлі инновациялық құралдары мен әдістерін қолдану болып табылады: жобалар жасау, көпшілік алдында сөз сөйлеу, кәсіби маңызды мәселелерді пікірталаста талқылау, проблемалық жағдайларды қарастыру, бейнефильмдер мен презентациялар дайындау және т.б.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, жобалық іс – әрекеттің негізгі нәтижесі кәсіби оқыту жағдайында қалыптасуы арнайы әдістемелік сүйемелдеуді қажет ететін негізгі құзыреттіліктер болып табылады деп қорытынды жасауға болады.

### **Нәтижелер мен талқылау**

Студенттерді жобалық іс-әрекетке қосу теориялық білімді кәсіби тәжірибеге айналдыруға мүмкіндік береді және тұлғаның өзін-өзі дамытуына жағдай жасайды, шығармашылық әлеуетті іске асыруға мүмкіндік береді және студенттерге өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі жүзеге асыруға көмектеседі еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілік пен сұранысты қамтамасыз ететіді.

Жобалық іс-әрекетті пайдалану тәжірибесін талдау негізінде А.И. Савенковтың [7] теориялық материалын қолдана отырып, олардың типологиясын төмендегідей қарастыруға болады.

Зерттеу жобалары. Жобалардың бұл түрі зерттеу үшін алынған тақырыптың өзектілігін дәлелдеуді, зерттеу мәселесін, оның тақырыбы мен объектісін тұжырымдауды, қабылданған логика тізбегіндегі зерттеу міндеттерін белгілеуді, зерттеу әдістерін, ақпарат көздерін анықтауды, аталған мәселені шешудің болжамдарын ұсынуды қамтиды.

Шығармашылық жобалар. Шығармашылық жобалардың, әдетте құрылымы жоқ, ол тек жоспарланған және әрі қарай дамып, жобаға қатысушылардың логикасы мен мүдделеріне бағынады.

Рөлдік, ойын жобалары. Қатысушылар жобаның сипаты мен мазмұнына байланысты белгілі бір рөлдерді алады. Мұнда шығармашылық дәрежесі өте жоғары, бірақ басым қызмет әлі де рөлдік ойын болып табылады.

Таныстыру-бағдарлы (ақпараттық жобалар). Жобалардың бұл түрі бастапқыда қандай да бір объект, құбылыс туралы ақпарат жинауға бағытталған.

Практикалық-бағдарлы (қолданбалы жобалар).

Жобалық іс-әрекетті ұйымдастыру барысында мұғалім мен студенттердің рөлі өзгереді. Мұғалім, студенттердің танымдық іс-әрекетін ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді. Оның міндеті-студенттерді өз бетінше оқуға үйрету. Студенттер, пассивті тыңдаушының орнына өзіне қол жетімді барлық ақпарат құралдарын қолдана алатын, жеке басын, көзқарасын, эмоцияларын, талғамын көрсете алатын құзретті тұлға болып қалыптасады.

### **Қорытынды**

ЖОО болашақ мұғалімді жобалық іс-әрекетке дайындаудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін оқытушылар болашақ мұғалімдерді жобалық іс-әрекетке дайындаудың теориялық және практикалық компоненттерінің бірлігін, студенттерді жобалық іс-әрекетке дайындаудың мазмұнын, формалары мен әдістерін таңдау кезінде тұлғаға бағытталған тәсілді қолдануды, позитивті тұлғааралық қарым-қатынас негізінде педагогикалық процесс субъектілерінің қызметін ұйымдастыруды, оқу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды белсенді қолдануды қамтамасыз ету керек.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2050» жолдауы. Мына сілтемеде: [https://www.akorda.kz/kz/events/astana\\_kazakhstan/participation\\_in\\_events/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-elbasy-nenazarbaevtyyn-kazakistan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kaza](https://www.akorda.kz/kz/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-elbasy-nenazarbaevtyyn-kazakistan-2050-strategiyasy-kalyptaskan-memlekettin-zhana-sayasi-bagyty-atty-kaza) (15 қараша 2020 ж.).
2. Кулганов В., Николаева Е., Юнацкевич П. История педагогики и образования: учебник для вузов, ведущих подготовку по направлению «Педагогическое образование». Санкт-Петербург: Питер, 2016, 255 с.
3. Колесникова И. А. Педагогическое проектирование: Учеб. пособие для высш. учеб. заведений. М.: Издательский центр «Академия», 2008, 288 с.
4. Степанов Е.Н., Лузина Л.М. Педагогу о современных подходах и концепциях воспитания. М.: ТЦ Сфера, 2005, 160 с.
5. Полат Е. С., Бухаркина М. Ю. Современные педагогические и информационные технологии в системе образования: Учебное пособие. М.: Издательский центр «Академия», 2007, 376с.



6. Сергеев И.С. Как организовать проектную деятельность учащихся: Практическое пособие для работников общеобразовательных учреждений. М.: Аркти, 2004, 144 с.
7. Савенков А.И. Методика исследовательского и проектного обучения школьников. Самара: Федоров, 2016, 125 с.

#### **Аннотация**

Данная статья посвящена исследованию проблемы проектирования как особого вида профессионально-педагогической деятельности. Проектная деятельность рассматривается как средство развития и саморазвития, как специфических проектировочных способностей, так и личности в целом, как универсальное средство формирования профессиональных компетенций будущих педагогов. Рассмотрены основные функции проектной деятельности, такие как исследовательская, аналитическая, прогностическая, преобразующая, нормирующая. Выделена отличительная особенность проектной деятельности от научно-исследовательской, заключающаяся в конструктивности, т.е. нацеленности на получение совершенно определенного практически значимого результата на основе прогностического знания.

Выделены виды компетенций формирующиеся в процессе проектной деятельности, такие как ценностно-смысловая компетенция обеспечивающая механизм самоопределения студента в ситуациях учебной и иной деятельности, учебно-познавательная компетенция и условия ее формирования, информационная компетенция, исследовательская компетенция.

Подробно раскрыты цели, задачи, структура наиболее эффективных видов педагогических проектов и специфика их использования в подготовке студентов, таких как: исследовательские, творческие, ролевые, игровые, ознакомительно-ориентировочные, практико-ориентировочные.

#### **Abstract**

This article is devoted to the study of the design problem as a special type of professional and pedagogical activity. Project activity is considered as a means of development and self-development, both of specific design abilities and of the individual as a whole, as a universal means of forming professional competencies of future teachers. The main functions of project activities, such as research, analytical, predictive, transformative, normalizing, are considered. The distinguishing feature of the project activity from the research activity, which consists in constructiveness, i.e. aiming at obtaining a completely definite practically significant result based on predictive knowledge.

The types of competencies that are formed in the process of project activities are highlighted, such as value-semantic competence, which provides a mechanism for student self-determination in situations of educational and other activities, educational and cognitive competence and the conditions for its formation, information competence, research competence.

The goals, objectives, structure of the most effective types of pedagogical projects and the specifics of their use in training students, such as research, creative, role-playing, game, orientation and practice, are disclosed in detail.

ӘОЖ 81'373.2

**Б.М. Тілеубердиев, М.Н. Иманова**

ф.ғ.д., профессор, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті,  
Шымкент, Қазақстан

магистрант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

### **ҚАЗАҚ ОНОМАСТИКАСЫНДАҒЫ «ТӨРТКҮЛ» МИФТІК-ЭПОСТЫҚ КЕҢІСТІКТІҢ МОДЕЛІ**

#### **Түйін**

Ғаламның мифтік тілдік бейнесінде мифологиялық кеңістік тігінен алғанда үш әлемнен (жоғары, орта, төменгі) құралатындығы мақалаға негіз болады. Сонымен қатар ғаламның горизонталь моделі де бар. Осы аталмыш мифологиялық модельдің сипатын мифтік-лингвистикалық әдіспен

зерттеуге талпыныс жасалынады. Ғаламның ситуациялық келбетін, көлденең (горизонталь) космографиясын сипаттау барысында Төрткүл, Хантөрткүл, мифонимдеріне, мифтопонимдеріне талдау жасадық. «Мифтік ғаламның горизонталь моделі», «Орталық пен шеттің» (центр мен периферия) қарама-қарсы қойылуына негізделеді. Бұл модельдеудегі басты көрсеткіштер - орта (кіндік, центр) мен төрт тарап (бағыт): «оң» - «сол», «алғы» - «артқы», «солтүстік» - «оңтүстік», «батыс» - «шығыс» танымда қалыптасқан. Сондықтан да горизонталь модель көбінесе төртбұрыш (квадрат, шартарап, төрткүл) және шеңбер түрінде суреттеледі. Ғаламның көлденең құрылымы шеңбер немесе төрт бұрыш тұрпатты болып, төрттік жіктелумен ерекшеленеді. Мақалада ұлттық топонимдер мифологиялық, ментальдік, когнитивтік аспектіде «Төрткүл» концептісінің құрылымында қарастырылады.

**Кілттік сөздер:** ғалам моделі, этникалық кеңістік, концепт, ментальді көрініс, когнитивті аспект, мифонимиялық бейне, Төрткүл, Хантөрткүл, Көктөрткүл, арғықазақ мифологиясы.

Осы жаңа бағыттар аясында тіл мен ұлт, тіл мен діл, тіл мен мәдениет, тіл мен сана арақатынастарын зерделейтін, таным тұрғысынан қарастыратын когнитивтік лингвистиканың бір саласы – ономастикалық лингвоконцептология деп білуіміз керек. Кез келген ғылыми жаңа саланың, әрине, өз объектісі, өз ұғымдары, соған сәйкес терминологиясы болу керек. Осы қағиданы есепке ала отырып, жұмыстың өз табиғатынан, болмысынан туындап отырған «ғаламның (дүниенің) ономастикалық бейнесі», «дүниенің антропонимиялық бейнесі», «дүниенің мифонимиялық бейнесі» сынды мәселелер мен терминдерді қарастырып, зерттеуге енгізуді мақсат етіп отырмыз.

«Ғаламның ономастикалық (ұлттық) бейнесі» деп біз ономастикалық концептілердің жүйелі де кешенді жиынтығын атаймыз және ұлт танымының жалқы есімдер деңгейіндегі тілдік көрінісі деп түсінеміз. Ұлттың, адамның тіршілігі, өмірі, шаруашылығы, ой-санасы, эстетикалық талғамы, мифологиялық, діни, этикалық ұғымдары, әлеуметтік тәжірибесі «тіл айнасында» яғни лексикада, фразеологияда – жалпы және жалқы есімдерде тайға таңба басқандай өз өшпес ізін қалдырады. Ол іздер тек тілдік іздер емес, ол іздер - сонымен қатар таным іздері, таным таңбалары.

Ономастикалық атаулардың таңбалық (семиотикалық) қасиеті өте зор, себебі жалқы есімде кодталған суггестиялық түрінде яғни, «пресстелген» жиынтық формада көптеген тілден тыс, экстралингвистикалық ақпараттар сақталған, жинақталған. Сол ақпараттарды ашу барысында ғаламның ономастикалық бейнесін суреттеуге мүмкіншілік туады. Антропоним, топоним, зооним т.б. жалқы есім сыртында сол атауға байланысты көптеген ұлттық нышаны бар таным ақпараттары, ұғымдары болады, олар ономастикалық концептілердің көп қабатты диахрониялық, хронологиялық деңгейлерін құрайды. Сол қабаттарды, деңгейлерді аршу, талдау, сипаттау - ғаламның ономастикалық бейнесін суреттеу, айқындау болып табылады.

Ғаламның тілдік бейнесі тек жалпы есімдердің кеңістігінде ғана емес, сонымен бірге фразеологиялық жүйеде, ономастикалық жүйеде яғни жалқы есімдер кеңістігінде өз көрінісін береді. Ғаламның мифологиялық моделінің қазақ тілінде жалқы есімдермен өрнектелуін, өріліуін зерттеуші С.Е.Керімбаева өз диссертациялық еңбегінде қарастырған [1]. Ғаламның мифтік (мифологиялық) бейнесі мен ғаламның мифологиялық моделінің арасында айырмашылықтар болуы анық. Модель – негізінен структуралық құрылым ретінде танылатын болса, бейнені модельден ауқымы кеңірек, «бейнелілігі» толықтау тілдік жүйе деп білуіміз қажет. Модельде ғаламның тілдік бейнесі беріледі, бірақ модель (құрылым) шеңберінде ғана, ал шынайы түрдегі ғаламның мифологиялық (мифонимиялық) бейнесі өз жүйесінде модель құрылымын қоса тұра толыққанды жан-жақты «кеңістік», «уақыт», «адам», «жануар» т.б. концептілерге қатысты кең көріністі бере алады. Тағы бір ескеретін жай: ғаламның мифтік бейнесі мифологиялық жалпы есімдер арқылы да, мифологиялық жалқы есімдер, яғни мифологиялық онимдер, мифонимдер арқылы да көрсетіле алады. Сол себептен біздің жұмысымызда ғаламның мифтік бейнесін жалқы есімдер (мифонимдер)

деңгейінде көрсетуге әрекет жасалынғаннан кейін біз бұл бөлімді «ғаламның (дүниенің) мифонимиялық бейнесі» деп атадық. Әрине, кішкене тараушада қазақ дүниетанымындағы ғаламның мифологиялық бейнесін толығымен, жан-жақты сипаттау мүмкін емес, бұл әрекет осы ғылыми тақырыпта қозғалатын негізгі мәселенің басын ашу ғана деп түсінгеніміз абзал.

Мифонимдер тіл бірліктері ретінде ономастикалық когнитивтік концептілер құрамына және құрылымдарына енеді, ал ономастикалық когнитивтік концептілердің түрлері мен сипаттары жөнінде осы жұмыстың алдыңғы бөлімдерінде айтылды. Ғаламның тілдік, оның ішінде, мифонимиялық бейнесін суреттеу, сипаттау концептілер арқылы ғана жүзеге асады, себебі бейнені жасап тұрған «бейнелеп» тұрған концептілер болады. Ал концептілер когнитивтік лингвоментальді құрылымдар болғаннан кейін сол құрылымның ажырамас бөлігі ретінде танылатын тіл бірліктері (ал дәл қазір осы жұмысымыздағы – мифонимдер) ғаламның мифтік бейнесін көрсетіп сипаттай алады.

Зерттеуші С.Е.Керімбаеваның пікірінше қазақтың халық космоимдерінде әр стадиялық, әр қабаттық және де бейгомогендік (түп-төркіні бөтен, дара) түйсіктер жинақталған – олардың ең маңыздылары жан-жақты бәрін қамтитын антропоморфизм және анимизм [1].

Ғаламның мифонимиялық бейнесінде үстіңгі (жоғарғы) қабатты меңзейтін мифоним, ал дәлірек айтсақ, мифотеоним – *Тәңір*. Көне түркі тілінде *тәңір* сөзі төрт мағынада қолданылған көрінеді: 1. аспан (көк); 2. құдай, тәңір; 3. тәңірлік; 4. билеуші, тақсыр. Көне түркілерде *Тәңір* (тәңіршілдік) ежелгі бір құдайға табынушылық, монотеистік сенім ретінде қанатын кең жайған дін болған болуы керек. Ғаламның құрылымындағы үстіңгі қабат (көк, аспан) киелі болып саналған, себебі сол қатта *Тәңір* төменгі, астындағы әлемдерді билеген, өз әмірін жүргізген. Сол себепті осы күнге дейін сақталған: «*Тәңір жарылқасын*» немесе «көк соқсын» деген фразеологизмдер ежелгі сенімнің айғағы, дерегі бола алады.

Көне түркілердің, одан кейінгі қазақтардың дүниетанымындағы, мифтік ғалам бейнесіндегі үш қабатты (үш деңгейлі) модельмен қатар басқа да модельдер орын алған. Дүниенің тілдік бейнесіне қатысты қазақ тілінде *жеті қат көк, жеті ғалам* деген де сөз оралымы бар.

*Жеті ғалам* астында  
Дауысың кетті алысқа  
Өзіңнен өрнек жайылды,  
Жақынға туған қалысқа [2].

Н.Уәлиұлының пікірінше *жеті ғалам* мифологиялық түсінігіндегі *жеті* саны негізгі жеті бағытты білдірген. Олар – дүниенің төрт бұрышы: *күншығысы, күнбатыс, түстік, терістік және тігінен* келген модельдегі *аспан – жоғарғы ғалам, жер – орта ғалам, жер асты – төменгі ғалам* [3].

Ғаламның мифтік тілдік бейнесінде мифологиялық кеңістік тігінен алғанда үш әлемнен (жоғарғы-орта-төменгі) құралады. Ал енді ғаламның горизонталь моделі де бар. Осы аталмыш мифологиялық модельдің сипатын мифтік-лингвистикалық әдіспен біршама толыққанды, егжей-тегжейлі көрсеткен зерделі зерттеуші Қондыбай Серікбол болды. Ғаламның ситуациялық келбетін, көлденең (горизонталь) космографиясын сипаттау барысында С.Қондыбай *Төрткүл, Хантөрткүл, Алғи, Әзіреттің Алатауы (Ғазіреті Ғали тауы), Құндыздың Қара Теңізі, Нұрбұлақ* т.б. мифонимдеріне, мифотопонимдеріне талдау жасаған. Біз С.Қондыбай жасаған талдау, сипаттамаларды өз жұмысымызда келтіреміз.

Сонымен, «мифтік ғаламның горизонталь моделі» «орталық пен шеттің» (центр мен периферия) қарама-қарсы қойылуына негізделеді. Бұл модельдеудегі басты көрсеткіштер – орта (кіндік, центр) мен төрт тарап (бағыт): «оң» - «сол», «алғы» - «артқы», «солтүстік» - «оңтүстік», «батыс» - «шығыс». Сондықтан да горизонталь модель көбінесе төрт бұрыш (квадрат, шартарап, төрткүл) және шеңбер түрінде суреттеледі. Ғаламның көлденең құрылымы шеңбер немесе төрт бұрыш тұрпатты болып, төрттік жіктелуімен ерекшеленеді.

Көп жағдайда көлденең модель орта дүниеге – адамдар дүниесінің моделі ретінде көрсетіледі, дегенмен оның ғалам моделі екендігін де естен шығармаған жөн.

Адамдар дүниесі – ғаламның, жердің ортасында, ал, төрт тарапта басқа мифтік, тарихи пенделер орнастырылады. Жер не болмаса адамдар мекендейтін жер беті, ойкумена төрт бұрыш пішінді болып келеді де, оны айнала ғаламдық су немесе ғаламдық жылан қоршап жатады. Жердің кіндік тұсында: а) ғаламдық тау; б) ғаламдық бәйтерек өсіп тұрады. Ал, төрт бұрышты жер үстін дөңгелек, шеңбер, күмбез пішінді қатты аспан жауып жатады [4].

Осы келтірілген мифтік ғаламның горизонталь моделі тілдік санада, дүние таным аясында жалпы және жалқы есімдермен өрнектелген, экспликацияланған.

Зерттеу жұмысты жүргізу барысында мифтік модельдің горизонталь нысандарына, мифологиялық жалқы есімдерге, мифотопонимдерге басты назарымызды аударуымыз қажет, сонымен қоса ғаламның мифтік бейнесі тілде жалпы есімдермен де өрнектелетінін ескергеніміз жөн. Мифтік ғалам бейнесін сипаттайтын мифологиялық жалпы және жалқы есімдер таңбалық (семиотикалық), символикалық мәнге ие. Осындай сөздерге *шартарап* және *төрткүл*, *су басы*, *су аяғы*, *су аяғы құрдым*, *телегей* (*телегей теңіз*) т.б. жатқызуға болады (осы сөздердің кейбіреулері жалқы есімдер, мифонимдер деңгейінде де қолданылады).

Дүниенің төрт бұрышы – «шартарабы», «шартарапқа тарап кетті» т.б. сөз оралымындағы «шартарап» көне дүние танымындағы, мифтік келтірімдеріндегі (келтірім – представление) мифтік кеңістігіндегі төрт бұрышты жер моделі. «*Шартарап*» - қазақ тіліне: парсы тілінен (мұсылман дәуірінде) ауысқан сөз, мұндағы «шар» - «төрт», «тарап» - «бағыт, жақ», яғни «төрт бағыт, жақ», яғни «төрт бағыт» дегенді білдіреді. Бүгінгі қазақ тілінің белсенді сөздік қорына кіреді.

«Төрткүл дүние» деген тұрақты сөз тіркесіндегі *төрткүл*, археологиялық (архитектуралық) термин ретінде қолданылатын *төрткүлдің*, көптеген топонимдердің құрамындағы *төрткүлдің* көнеден келе жатқан мифологиялық мағынасы (түйсігі, өрісі, мәнділігі) бар. Қазақ эпосында, ертегілерінде *төрткүл* сөзі кездесіп тұрады: «Жолдастардың нақақ сөзіне ерген Қобыланды құлынға ертерек мінбек болады. Құлын дариядан өтіп бір *төрткүлдің* үстіне барып түседі. Одан әрі құлын жүрмейді. Қобыланды құлынды жүргізейін десе жүгені жок, ұрайын десе қаруы жок, біраз дағдарып қалады. Далада тұрып Қобыланды әйелінен күдіктенеді. Бірақ құлын оны кері алып келгенде Құртқа оның не істегенін, не ойлағанын айтып береді. Содан кейін Қобыланды Құртқаға тиіспейтін болады» («Қыдырбайұлы Қобыланды»). Осы үзіндідегі *төрткүлге* С.Қондыбай мынандай түсінік береді: «Бұл жердегі «төрткүл» деген сөзді ХІХ-ХХ ғасырдың жырларында «беткейлері тік, үсті тегіс болып келетін төбе (немесе тау)» (бұл – географиялық термин, орысша «останец», «останцовая гора» дегенге сәйкес келеді) деп түсінгені анық, дегенмен «дариядан өткенде кездесетін «төрткүл» арғықазақтық мифологиядағы «ғаламды қоршаған сулардың ортасындағы, құдды бір арал тәрізді төрткүл жер» [4].

Е.Қойшыбаевтың сөздігінде: «*Төрткүл* – елді мекен аттары, топырақ үйінділерінен тұрғызылған көне және ерте орта ғасырлардағы (VIII-XIV ғғ.) бекініс орындары, төбесі тегіс, беткейлері тік келген төрткүлді дөңестер. Төрткүлдердің көбі бір жүйеде салынған: солтүстік және шығыс жағы құрылыс орындарының қалдықтары, ал оңтүстік-батыс және шығыс жағы каналмен немесе өзенмен қорғанған. «Жетісу қалалары керуен жолдарының бойына салынған. *Төрткүл* қалдықтарын сол жолдардың сүрлеуі деп ұғыну керек. (Н.А.Бернштам)» [5].

Көне заманғы және ортағасырлық қалалардың төртбұрышты топографиясы болған көрінеді, қалдықтары (төрткүлдері) соны көрсетіп тұр. Ал төртбұрышты етіліп салынған қалалар мен ежелгі қорғандар – ғаламның мифтік нобайын (төртбұрышты горизонталь моделін) көрсетіп тұр. Бір қызығы - өлілер мекені де (кабірі, сағаналары т.б.) төртбұрышты етіп тұрғызылады және төрткүлақ деп аталынған.

С.Қондыбайдың пайымдауынша: «Төрткүл – мифтік-эпостық кеңістіктің моделі. Оны түсінудің төрт деңгейі бар:

Біріншісі – төрткүл – ғаламның көлденең моделі.

Екіншісі – төрткүл – ғаламның адамзат тұратын бөлігі.

Үшіншісі – төрткүл – этникалық өз кеңістігі.

Төртіншісі – алдыңғы әңгімелерде қарастырылған «үш қабаты» Төретамның (ілкі Төрдін) сыртқы пішіні.

Бірінші деңгейдегі төрткүл – ғалам болса, екінші деңгейдегі төрткүл – адамзат кеңістігі, үшінші деңгейдегі төрткүл – сол адамзат кеңістігінің ортасындағы «ноғайлы елі». Төртінші деңгейде – рухани орталық» [4].

Қазақ топонимиясында *Хантөрткүл*, *Төрткүл*, *Төрткүлтөбе*, *Көктөрткүл* сынды жер-су аттары кездеседі. Қазақ жырларында да жоғарыда аталған топонимдер ұшырасады. Мысалы, «Мұсахан» жырында:

Мекенімді сұрасаң,

Хантөрткүл деген жер еді,-

немесе

Еділ-Жайық бойында,

Боғданың бергі жағасы,

Хантөрткүлдің басы еді,

Мұсаханның салған қаласы.

«Қырымның қырық батыры» жырлар циклінде «Жұбаныш» жырындағы *Көктөрткүл*:

Елімізді билейтін

Қылыш деген хан дейді...

Көрініп тұрған Көктөрткүл

Сонда бар-ды, сұрасаң

Қылыш ханның қаласы.

Сонымен, ғаламның мифонимиялық бейнесіндегі *төрткүл* және сонымен байланысты топонимдер, сөз тіркестері ерекше орын алады деп есептеуімізге болады. Себебі *төрткүл* компонентті жер-су аттары ғаламның горизонталь мифологиялық келбетін кескіндейді және де бұрынғы замандарда да кескіндеген. С.Қондыбайдың мәлімдеуінше «бұл модель барлық дерлік мифологиялық дәстүрлерге тән, басқаша айтқанда, бергі қазақтың өзін былай қойғанда, оның арғы бабалары да осындай модельді білген» [4]. Мәселен, көне түркілік мифологиялық дүние танымды зерттеген тарихшы-ғалым С.Г.Кляшторный көне түркілердің мифтік ғалам келбетінің горизонталь моделі кескіндемесін былай етіп суреттейді: «Центром мира была *священная Отюкенская чернь*, населенная тюрками, резиденция тюрских каганов, откуда они ходили походами *вперед, назад, направо и налево* для покорения *четырёх углов*. Для обозначения границ мира в рунике употребляли термин *bulun* «угол», *tort bulun, dor jaуу ertis* (все народы, жившие по четырем углам света, были им врагами» [6].

Тас жазуларындағы көне түркілік ғаламның горизонталь келбетіндегі төртбұрышты тегіс кеңістік – «ыдық Иёр-суб» - киелі жер-су. Көне түркілер мекен еткен төрткүл дүние – қасиетті атамекен, киелі жер, сол жер ортасында киелі «ыдуқ», «*Ыдық баш*» тауы, «*ыдуқ Отүкен йыш*», «*Кегмен йер-суб*» тау жоталары орналасқан [7].

Осыдан шығатын қорытынды: түркілер мекен еткен жердің тауы да, суы да киелі, қасиетті, ал сол төрт «бұлынды» төрт бұрышты атамекеннің төрткүл дүниенің, сыртында түркілерге қарсы, жау, дұшпан халықтар тұрған деген қисынды пікірге жүгінбеуге болмайды.

Қазақ тіліндегі жалқы есімдер дүниенің тілдік, ономастикалық бейнесіндегі ұлттық мәдени сипатты анықтаушы мәдени ентаңбалы (маркілі), лингвомәдени бірліктер ретінде де зерттелуі тиіс. Жалқы есімдер дүниенің ономастикалық көрінісіндегі ұлттық мәдени ерекшеліктерін, мәнділіктерін, құндылықтарын айқындайды, халықтың когнитивтік санасымен тығыз байланысты болады. Қазақ онимдерінің лингвомәдени семантикасы тіл мен

мәдениеттің өзара байланысын, жалқы есімдердің қазақ этносы әдет-ғұрыптарына, жораяосындарына қатысын т.б. лингвомәдени мәнді құбылыстарды көрсетеді. Мысалы, көшпелі мал шаруашылығы, отырықшы (егінші және қалалық) мәдениет типтері қазақ жалқы есімдер мағынасында, семантикасында және ономастикалық концептілерінде өздерінің өшпес іздерін, таңбаларын қалдырып кетті. Осының есебінен жалқы есімді өзгеше сипаттағы мәдени мәтін (контекст) деп есептеуге болады. Жалқы есімдердің лингвомәдени сипаттары олардың қызметінде де (қарым-қатынас функцияларында мәдениетаралық коммуникацияда, магиялық қарым-қатынаста т.б.) айқындалады.

Ғаламның ономастикалық ұлттық бейнесі – ономастикалық концептілердің жүйелі де кешенді жиынтығы және ұлт танымының жалқы есімдер деңгейіндегі тілдік көрінісі. Дүниенің мифонимиялық бейнесі – мифологиялық танымның түрлі қабаттарынан сомдалатын, мифонимдер арқылы өз болмысын, білім-танымдық жүйесін суреттейтін лингвоментальді құрылым. Қазақ тіліндегі антропонимдік жүйе мифонимия сияқты қазақ танымында, тілдік санасында өз әлемін түзеп, сол әлемнің тілдік көрінісін бере алады, яғни дүниенің антропонимиялық бейнесін құрылымдайды. Топонимиялық концептілер ментальді-топонимдік стереотиптер негізінде жинақталып әлемнің топонимиялық көрінісін сипаттайды, бұл көрініс қазақ тілінде топонимдер арқылы өрнектеледі. Дүниенің топонимиялық бейнесін өрнектеуде, суреттеуде бағыттық (маршруттық) және радиальді таным модельдері қолданылады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Керимбаева С.Е. Ономастическая экспликация мифологической модели мира в казахском языке: Автореф. дис... канд. филол. наук. Алматы, 2004, 27 с.
2. Бес ғасыр жырлайды. Үш томдық. № 1 том, Алматы: Жазушы, 1984, 254 б.
3. Уәлиев Н. Жұмбақ жетілер // Жалын, 1988, №3, 105-106 б.
4. Қондыбай Серікбол. Арғықазақ мифологиясы. Бірінші кітап. Алматы: Дайк-Пресс, 2004, 512 б.
5. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 1985, 256 б.
6. Кляшторный С.Г. Мифологические сюжеты в древнетюркских памятниках // Тюркологический сборник. М.: Наука, 1981, с. 122-126.
7. Қондыбаев С. Қазақ мифологиясына кіріспе. Алматы: Зерде, 1995, 35-36 б.

#### Аннотация

В основе статьи лежит тот факт, что мифологическое пространство в мифологическом языковом образе Вселенной состоит из трех миров по вертикали (верхнего, среднего, нижнего). Также существует горизонтальная модель Вселенной. При этом делается попытка исследовать характер данной мифологической модели мифико-лингвистическим методом. В процессе описания ситуационной фигуры Вселенной, горизонтальной (горизонтальной) космографии проанализировали Торткуль, Ханторткуль, мифонимы, мифтопонимы. Основываются на противопоставлении «Горизонтальная модель мифической Вселенной», «Центр и периферия». Основные показатели этого моделирования - среднее (центр) и четыре стороны (направление): «правое» - «левое», «переднее» - «заднее», «северное» - «южное», «западное» - «восточное». Поэтому горизонтальная модель часто описывается в виде прямоугольника (квадрата, окрестности) и круга. Горизонтальная структура Вселенной отличается четвертичной классификацией как окружной или четырехугольным типом. В статье рассмотрены национальные топонимы в мифологическом, ментальном, когнитивном аспектах в структуре концепта «Торткуль».

#### Abstract

The article is based on the fact that the mythological space in the mythological language image of the Universe consists of three worlds vertically (upper, middle, lower). There is also a horizontal model of The universe. An attempt is made to investigate the nature of this mythological model using the mythic-linguistic method. In the process of defining situational pieces of the Universe, the horizontal (horizontal) cosmography analyzed the Tortkul, Hantortkul, mythonyms, mythoponyms. They are based on the contrast "horizontal model of the mythical Universe", "Center and periphery". The main indicators of this simulation

are the average (center) and four sides (direction): "right" - "left", "front" - "back", "North" - "South", "West" - "East". Therefore, the horizontal model is often described in the form of a rectangle (a square neighborhood) and the circle. The horizontal structure of the Universe is characterized by a Quaternary classification as a circle or quadrilateral type. The article considers national toponyms in mythological, mental, and cognitive aspects in the structure of the concept "Tortkul".

УДК.370.6: 780

**Н.Т. Фаттахова, Р.К. Жанабаева, С.А. Естемкулов**

Старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

Старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

Старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

### **ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ РАБОТА, НАПРАВЛЕННАЯ НА ПОИСКИ НОВЫХ, БОЛЕЕ ЭФФЕКТИВНЫХ ПУТЕЙ И СРЕДСТВ РЕШЕНИЯ НАСУЩНЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ**

#### **Аннотация**

Статья посвящена актуальной проблеме формирования у студентов навыков научно-исследовательской работы, развития творческой инициативы и умения применять достижения научно-технического прогресса на практике. Вовлечение студентов в научно-исследовательскую работу рассматривается как важный интеллектуальный потенциал, положительно влияющий на развитие специалиста в будущем. В статье проанализирована научно-исследовательская работа студентов, которая, являясь обязательной, неотъемлемой частью подготовки квалифицированных специалистов в вузе, становится неотделимой составляющей единого процесса: образовательного и научно-инновационного. В работе уделяется внимание модернизации высшего образования, возрастающих требований к профессиональной подготовке специалистов предполагающих разработку каждым студентом конкретной методологии исследования. Авторами раскрывается цель научно-исследовательской и учебно-исследовательской работы студентов, которая заключается в развитии творческих способностей будущих специалистов и повышении уровня их профессиональной подготовки на основе индивидуального подхода и усиления самостоятельной творческой деятельности, использования активных форм и методов обучения.

**Ключевые слова:** Исследовательская работа, педагогический процесс, умения и навыки, будущий учитель музыки, научный поиск, профессиональный интерес, развитие.

#### **Введение**

Задачи, стоящие перед современной высшей школой, диктуют, прежде всего, необходимость подготовки творчески мыслящих учителей, требуя целенаправленной организации учебно-познавательной деятельности, изначально направленной на привитие студентам самых необходимых навыков исследовательской работы. Процесс же их формирования выступает неотъемлемой частью творческой активности личности.

**Анализ исследований и публикации** Об основных направлениях по приобщению студентов к исследовательской работе, пишут, в частности, такие ученые как: Э.Б. Абдуллин, Л.Г. Арчажникова, Т.Ш. Ахметова, Р.Р. Джердималиева, О. А. Апраксина и др.

**Целью** публикации является анализ современного педагогического процесса, устанавливающего наиболее распространенные формы учебно-исследовательской работы студентов, способствующие формированию у них устойчивых и развитых интересов к будущей профессии – учителя музыки.

**Основные результаты исследования** Не требует доказательств то, что в своей практической деятельности учитель музыки постоянно соприкасается с исследовательской работой, направленной в большинстве случаев на поиски новых, более эффективных путей

и средств решения насущных педагогических проблем, способов овладения педагогическим мастерством. «Музыкант – педагог - исследователь - отмечает Э.Б. Абдуллин, - должен непременно быть и ученым, и педагогом-практиком. В области школьного музыкального (и не только музыкального) образования такое сочетание встречается совсем нечасто. А без него никак не обойтись....» [1].

Исследовательская работа учителя музыки дает возможность сопоставить собственные авторские инновации с уже имеющимися в этой области знаниями, на научной основе сформулировать область анализируемого явления, поднимая уровень профессиональной подготовки, устраняя во многих случаях теоретические ошибки и просчеты.

Педагогический опыт показывает, что ориентир на успешную педагогическую деятельность будущих специалистов может быть сформирован уже в ВУЗе путем исследовательского вовлечения обучающихся в активный поиск. Введение исследовательского принципа в учебно-познавательный процесс способствуют развитию самостоятельности студентов, приобщению их к атмосфере научного поиска, формированию у них потребности в полноценном и качественном знании. Иначе говоря, исследовательская работа выступает существенно важным дополнительным источником информации, становясь одновременно и эффективным средством накопления и пополнения приобретаемых субъектом знаний.

Об исследовательских качествах и умениях в научно-педагогической и, особенно, психологической литературе сказано уже немало. Опыт, приобретенный высшей школой в этом направлении, свидетельствует о том, что решающая роль здесь отводится созданию благоприятных условий для исследовательской деятельности студентов. Далеко не секрет, что во многих вузах и, в частности, на музыкально-педагогических факультетах, складывается такая ситуация, при которой исследовательской работой по-настоящему интересуется и активно занимается лишь наиболее одаренная, и, как правило, малочисленная часть студенчества, в то время как современное состояние педагогического образования обязывает к формированию элементарных исследовательских навыков практически у каждого выпускника.

По наблюдениям Л. Г. Арчажниковой, овладение исследовательскими навыками предполагает следующее:

- умение работать с научной литературой, пользоваться каталогами и подбирать соответствующий материал;
- умение поставить эксперимент;
- умение систематизировать и обобщить данные исследования;
- умение написать реферат или доклад по исследуемой проблеме [2].

Таким образом, перед преподавателем вуза стоит достаточно сложная, но актуальная задача приобщения студентов к сфере научно-исследовательского поиска. Требуется специально организованная система обучения, направленная на развитие у студентов активно – творческого самостоятельного мышления.

Иначе говоря, выступая важнейшей составной частью профессионально – педагогической подготовки будущих учителей музыки, исследовательская деятельность должна планироваться и осуществляться не изолированно от учебного процесса, а наоборот, стать неотъемлемым его слагаемым.

Музыкальная педагогическая практика доказывает, что процесс активного вовлечения студентов в сферу исследовательского поиска может начинаться уже с первого курса, когда перед ними выдвигаются различные учебно-познавательные задачи, ориентированные на включение простейших элементов исследования в содержание музыкального обучения.

Анализ состояния данной проблемы в педвузах показывает, что исследовательскую деятельность студентов в целом можно классифицировать по двум основным направлениям: к первому из них относится исследовательская работа, входящая в учебный процесс, второе же характеризует исследовательскую работу, проводимую во вне учебное время..



Примечательно, что каждой разновидности студенческого творчества присущи свои характерные особенности, различаемые по содержанию и формам, а так же степени участия обучающихся и методов контроля. На базе этих признаков сложились как бы два ведущих направления, по которым в настоящее время осуществляется исследовательская деятельность студентов, определяемые в педагогической литературе как учебно-методическая и научно-исследовательская.

Изучению данных видов деятельности студентов посвящено немало исследований, в которых они определяются как «новый подход» к обучению, реализующийся во введении элементов научного поиска, творческого мышления в устоявшиеся формы учебных занятий – лабораторно-практические занятия, курсовые и дипломные работы, педпрактику. Именно с этих позиций учебно-исследовательская работа оценивается в трудах Т. Ш. Ахметовой, Р. Р. Джердималиевой [3, 4].

Таким образом, речь идет о планомерно организованном и последовательном включении элементов научного исследования, естественно, в разумных пределах в содержание учебных планов по всем ведущим дисциплинам.

Анализ современного педагогического процесса дает возможность установить следующие наиболее распространенные формы учебно-исследовательской работы студентов, способствующие формированию у них устойчивых и развитых профессиональных интересов профессии. К их числу могут быть причислены как традиционные, так и не традиционные формы обучения. Так, например, широкие перспективы в этом плане открывает такая традиционная форма, как лекция, возможности которой, на наш взгляд, еще далеко не исчерпаны. Содержание ее должно быть сведено к задаче вовлечения обучаемых в исследовательский поиск и выработке у них элементарных навыков научного мышления. Это, в частности, может отражаться в самом выборе проблематики лекции, довольно часто построенной на сопоставлении различных точек зрения, научных концепций, вызывающих потребность в изучении дополнительной литературы, самостоятельном «вхождении» в круг еще не познанных вопросов.

В педагогической практике нередко встречается и другой ее тип, называемый проблемной лекцией. Функцией ее становится не только подача материала, но и ориентация будущих учителей на то, какими путями и методами достигаются те или иные творческие результаты, побуждение их к самостоятельным действиям. Особая роль в ориентации учебно-исследовательской работы студентов отводится и учебно-научным семинарам, представляющим собой один из видов творческого общения студенческой молодежи и ориентирующие ее на ознакомление с различными научными направлениями, концепциями и др. Благодаря им будущие педагоги-музыканты получают возможность соприкосновения как с уже существующими в сфере науки достижениями, так и с еще неизученными явлениями и фактами.

Одной из эффективных форм подобного рода деятельности, укрепляющей познавательный интерес к профессии учителя музыки, следует назвать участие студентов в учебно-научных кружках (курсовых и проблемных), а также в таких массовых мероприятиях, как предметные олимпиады, конкурсы, организацию учебных выставок и общественных смотров знаний. Работа студентов в таких или подобных учебно-научных кружках, организованных на музыкальных факультетах, благотворно влияет на получение глубинных и обширных знаний в области музыки, приобщает их к навыкам самостоятельного изучения актуальных проблем педагогической науки.

**Вывод** Учебно-исследовательская деятельность будущих педагогов – музыкантов и их практическая работа в школе тесно взаимосвязаны. Однако, как показывают данные анализа музыкально-педагогической работы учителей музыки, они недостаточно ориентированы на научно-экспериментальную деятельность, испытывая серьезные затруднения в ней. Распространенная форма научно-исследовательской работы студентов в вузе (НИРС) не может в полной мере решить эту проблему, охватывая ограниченный круг исследователей.

Речь идет о необходимости изучения всеми студентами программы «Основы исследовательской работы», осуществляемой в виде лекционного курса, индивидуальной работы над определенной темой под руководством преподавателя. То есть, учебно-научно-исследовательская работа (УНИРС) может быть охарактеризована как самостоятельная дисциплина, вводимая в учебные планы с определенным количеством часов. Она, в частности, реализуется в формах семинара, спецкурса или факультатива по проблемам методической организации педагогических исследований.

Основная цель, преследуемая введением подобных форм в процессе обучения, заключается, прежде всего, в приобщении студентов к основам научной деятельности, приобретении ими навыков проведения исследований в школе: усвоении на практике научно-методических вопросов. [6,7]. Субъекты познания получают первичные представления об основных исследовательских этапах, способах систематизации научных фактов и их отборе путем составления реферата, доклада или аннотации.

### Список литературы

1. Абдуллин Э.Б. Сущность и структура методологического анализа проблем музыкальной педагогики. М.:Музыка, 2010, 119с.
2. Арчажникова Л.Г. Профессия-учитель музыки. Книга для учителя. М.: Просвещение, 2017, 110с.
3. Ахметова Т.Ш. Формирование познавательной деятельности будущих учителей музыки во внеучебное время: Дисс... канд.пед.наук.- Алматы.: Ғылым, 2013, 152с.
4. Джердималиева Р.Р. Научно-педагогические основы методической подготовки учителя музыки в системе высшего образования. Алматы: Ғылым, 2007, 180с.
5. Джердималиева Р.Р., Момбек А.А., Ахметова З.Р. Музыкальное образование в Казахстане: Учебное пособие для студ вузов. Алматы: Ғылым, 2012, 296с.
6. Абдуллин Э.Б. Основы исследовательской деятельности педагога-музыканта. М.:Лань, 2014, 368с
7. Рачина Б.С. Педагогическая практика: подготовка педагога-музыканта. М.: Лань, 2015, 512с.

### Түйін

Мақала студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысының дағдыларын қалыптастырудың, шығармашылық бастаманы дамытудың және ғылыми-техникалық прогрестің жетістіктерін практикада қолдана білудің өзекті мәселесіне арналған. Студенттерді ғылыми-зерттеу жұмысына тарту болашақта маманның дамуына оң әсер ететін маңызды зияткерлік әлеует ретінде қарастырылады. Мақалада студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы талданады, ол жоғары оқу орнында білікті мамандарды даярлаудың міндетті, ажырамас бөлігі бола отырып, бірыңғай процестің ажырамас бөлігі болады: білім беру және ғылыми-инновациялық. Жұмыста жоғары білім беруді модернизациялауға, әр студенттің нақты зерттеу әдіснамасын әзірлеуді көздейтін мамандарды кәсіби даярлауға қойылатын талаптардың өсуіне назар аударылады. Авторлар студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-зерттеу жұмысының мақсатын ашады, ол болашақ мамандардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және жеке көзқарас негізінде олардың кәсіби дайындық деңгейін арттыру және өзіндік шығармашылық қызметті күшейту, оқытудың белсенді формалары мен әдістерін қолдану болып табылады.

### Abstract

The article is devoted to the actual problem of forming students ' research skills, developing creative initiative and the ability to apply the achievements of scientific and technological progress in practice. Involvement of students in research work is considered as an important intellectual potential that positively affects the development of a specialist in the future. The article analyzes the research work of students, which, being a mandatory, integral part of the training of qualified specialists at the university, becomes an inseparable component of a single process: educational and scientific-innovative. The paper focuses on the

modernization of higher education, increasing requirements for professional training of specialists, which involve the development of a specific research methodology by each student. The authors reveal the purpose of research and educational research work of students, which is to develop the creative abilities of future specialists and increase the level of their professional training on the basis of an individual approach and strengthening independent creative activity, the use of active forms and methods of training.

УДК 378.14.015

**Н.С. Ханжаров, А.У. Шингисов, А.Р. Тасполтаева, А.Т. Бердембетова, Э.Б. Ешаева**

к.т.н., доцент, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
д.т.н., профессор, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
к.т.н., доцент, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан  
старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

## **ПРАКТИКОРИЕНТИРОВАННОСТЬ ПРИ КОНТРОЛЕ ЗНАНИЙ СТУДЕНТОВ**

### **Аннотация**

В статье анализируются наиболее распространенные в вузовской системе методы тестирования для выявления, измерения и оценивания знаний, умений, навыков, уровня освоения дисциплины и образовательной программы обучающимся. Рассматриваются принципы составления практикоориентированных тестовых заданий для контроля уровня знаний обучающихся бакалавриата. В качестве примера составления практикоориентированных тестовых заданий для проверки теоретических знаний и профессиональной пригодности будущих специалистов в области технологии пищевых продуктов, приводится вариант составления тестового задания по теме «Психофизиологические основы сенсорного анализа» по дисциплине «Сенсорный анализ пищевых продуктов». Приводятся рекомендуемые количественные характеристики практикоориентированных тестов по дисциплине выносимых на итоговый и рубежный контроль, такие, как: количество тестовых заданий для базы данных; количество выносимых на тестирование тестовых заданий и вопросов.

**Ключевые слова:** студенты, тесты, тестирование, практикоориентированное обучение, качество подготовки, результаты обучения, профессиональная деятельность.

### **Введение**

В Республике Казахстан в последние годы подготовка специалистов, в целях обеспечения качества преподаваемого образования, гарантирования им успешной будущей профессиональной деятельности, а также обеспечения их востребованности на рынке труда, ведется по образовательным программам, которые разрабатываются вузом самостоятельно по направлениям подготовки, в рамках групп образовательных программ согласно классификатору направлений подготовки. При этом образовательные программы основываются на результатах обучения, которые при грамотном их формулировании должны быть акцентированы на практикоориентированность обучения. Однако, как показывает практика, наблюдаются противоречия в качестве подготовки кадров и требованиями рынка труда. Основным из них является разница между теоретической подготовкой студентов (уровнем теоретических знаний) и практическими навыками (уровнем готовности к профессиональной деятельности). При этом теоретические знания специалистов оказываются значительно лучше, чем их практическая подготовленность.

В связи с этим актуальным представляется поиск путей решения этих противоречий. Одним из путей решения этого является совершенствование качества контроля знаний обучающихся студентов через разработку практикоориентированных тестов и тестовых заданий [1-5].

### **Современное состояние проблемы**

Следует отметить, что при переходе на практикоориентированное обучение основные виды контроля уровня достижений обучающихся по осваиваемой дисциплине сохраняются и являются неотъемлемой составной частью системы научно-обоснованной проверки результатов обучения студентов:

- текущий – как форма оценки знаний студентов на лекционных, практических/семинарских или лабораторных занятиях, СРС, курсовых работ или проектов;
- промежуточный - как форма оценки знаний студентов в период рубежного контроля по отдельным модулям изучаемой дисциплины;
- итоговый - как форма оценки знаний студентов на экзамене по завершении изучения дисциплины.

Эти же виды контроля могут применяться и при выполнении выпускной квалификационной работы студентов, и при итоговой аттестации.

В вузовской системе для выявления, измерения и оценивания знаний, умений, навыков, уровня освоения дисциплины или образовательной программы в целом наибольшее распространение получили методы устного, письменного контроля и тестирования.

Метод устного контроля обладает большим развивающим эффектом, поскольку при индивидуальном опросе можно получить более полные и точные данные об уровне усвоения. Он позволяет выявить знания обучаемых, проследить логику изложения ими материала, умение использовать знания для описания или объяснения процессов и происходящих событий, выражения и доказательства своей точки зрения и т. д.

Метод письменного контроля предполагает выполнение письменных заданий у студента, которые обеспечивают экзаменатору тщательность, большую объективность контроля и оценки уровня освоения материала, а студенту показать, кроме уровня освоения материала, также умение работать самостоятельно.

Однако оба этих метода позволяют оценить уровень учебных достижений студента только в рамках проверяемых одной или нескольких тем, входящих в контрольное задание или экзаменационный билет. Оценка знаний студента в полном объеме изучаемой дисциплины или образовательной программы исключается.

Түркістан облысы аумағындағы қаттықанаттыларының тіршілік ету ортасының ылғалдылық дәрежесіне байланысты экологиялық ерекшеліктерін зерттеу бойынша төмендегі нәтижелер алынды: мезофил түрлер - 59 түрді, бұл барлық түрлердің 50%-ын, ксеромезофилдер - 7 түр, сәйкесінше 6%, мезоксерофил түрлер - 12, 10%, ксерофил түрлер - 19 түрді, 16%, гигрофил түрлер - 1 түрді, 1%, нектон түрлер - 18 түр, 15%, супранектон түрлер - 1 түрді, 1%, эвритоп түрлер - 1 түрді, 1% құрады.

Қаттықанаттылардың қоректік байланыстарын зерттеу нәтижелері бойынша өсімдікқоректі түрлердің саны – 69, жыртқыштар саны - 44, копрофагтардың саны – 5 құрады.

**Кілттік сөздер:** қаттықанаттылар, алуантүрлілік, экология, қоректік байланыстар, мезофил, ксерофил, фитофаг, зоофаг, копрофаг

**Кіріспе.** Қаттықанаттылар әр түрлі биотоптарда тіршілік етеді және биогеоценоздардағы биологиялық процестерде маңызды рөл атқарады. Олардың арасында өсімдікқоректі, аралас қоректі, жануарқоректі жыртқыш түрлер көптеп кездеседі. Өсімдікқоректі түрлері жаппай көбейген кезде, орман және ауыл шаруашылығына зиян келтіреді. Ал жыртқыш түрлері орман және ауыл шаруашылығындағы зиянды түрлердің санын реттеп, пайдалы әсер етеді [1,2].

Қаттықанаттылардың осындай шаруашылық маңызына қарамай, олардың экологиясы мен практикалық маңызы Қазақстанда толық зерттелмеген.

Қаттықанаттылар немесе қоңыздар (Coleoptera) бунақденелілер класының (Insecta) ең ірі отрядының бірі болып табылады. Қазақстанда олардың 20 000-нан астам түрі белгілі. Денелерінің ұзындығы 0,3 мм-ден 155 мм-ге дейін. Екі жұп қанаты бар, оның үстіңгі жұп қанатында жүйкелері жойылып, элитраға айналған. Ол қорғаныш қызметін атқарады. Олардың кез-келген биогеоценоздағы ролі ерекше маңызды болып табылады.

Негізгі тұқымдастары тақтамұрттылар (Scarabaeidae), жапырақжегіштер (Chrysomelidae), шырылдақ қоңыздар (Elateridae), бізтұмсық қоңыздар (Curculionidae), барылдауық қоңыздар (Carabidae), қараденелілер (Tenebrionidae), қанқызы қоңыздары (Coccinellidae), зер қоңыздар (Buprestidae), т.б. қоңыздар алуантүрлі және барлық жерде кездеседі. Олардың арасында жыртқыштары, өсімдік қоректілері, сапрофагтары, некрофагтары және құрлықта, топырақта, суда тіршілік ететін түрлері бар. Көпшілігі ауыл және орман шаруашылықтарының зиянкестері, сонымен

қатар қоңыздар шіріген заттарды (сапрофагтар), зиянды насекомдарды (жыртқыштар) жеп көп пайда келтіреді, табиғаттағы зат алмасуда маңызды орын алады [3,4].

**Зерттеу әдістері.** Бунақденелілер стандарттық әдістер бойынша жиналып зерттелді: арнайы энтомологиялық сүзгі; бұталарды сүзгіге немесе ақ матаға қағу; ұсақ бунақденелілерді эксгаустердің көмегімен жинау; түнгі жарыққа ұшып келгендерін ұстау (арнайы жасанды жарық көздері, автокөлік жарықтары, т.б. пайдаланылды); бұта мен шөптесін өсімдіктер түбінде тұрып, бақылаулар жүргізу [5].

Жиналған бунақденелілерді зерттеу және түр құрамын анықтау үшін МБС-9 және МБС-10 микроскоптары және анықтауыштар пайдаланылды [6].

**Нәтижелер мен талдау.** Түркістан облысының аумағында қаттықанаттылардың фаунасы мен экологиясы зерттелді. Анықталған қаттықанаттылардың түрлік құрамы туралы мәліметтер 1-кестеде берілген.

Кесте 1 - Түркістан облысы аумағында мекендейтін қаттықанаттылардың түрлік құрамы

№	Тұқымдастардың атауы	Түрлердің саны	Пайыздық үлесі
1	Барылдауық қоңыздар тұқымдасы – Carabidae	17	14
2	Алагүлік қоңыздар - Meloidae	15	13
3	Тоққарын қоңыздар тұқымдасы - Histeridae	3	3
4	Тозаңжегіш қоңыздар тұқымдасы – Alleculidae	5	4
5	Тақтамұртшалы қоңыздар тұқымдасы - Scarabaeidae	7	6
6	Өлексежегіш қоңыздар тұқымдасы - Silphidae	2	2
7	Зер қоңыздар тұқымдасы - BUPRESTIDAE	6	5
8	Кішкене қоңыздар тұқымдасы – Melyridae	1	1
9	Бүкір қоңыздар тұқымдасы - Mordellidae	2	2
10	Ұзын мұртшалы қоңыздар – CERAMBYCIDAE	5	4
11	Қанқызы қоңызы тұқымдасы - COCCINELLIDAE	6	5
12	Жапырақжегіш қоңыздар тұқымдасы – CHRYSOMELIDAE	13	11
13	Біztұмсық қоңыздар тұқымдасы – CURCULIONIDAE	10	8
14	Қара денелі қоңыздар - TENEBRIONIDAE	7	6
15	Жүзгіш қоңыздар тұқымдасы - DYTISCIDAE	18	15
16	Су сынап қоңыздар тұқымдасы - GYRINIDAE	1	1
Барлығы:		118	100

1-кестеде көрсетілген зерттеу нәтижелері бойынша Түркістан облысының аумағында қаттықанаттылардың 16 тұқымдасқа жататын 118 түрі анықталған. Түрлік құрамы жағынан басым кездесетін тұқымдастар: Dytiscidae (18 түр), Carabidae (16 түр), Meloidae (15 түр), Chrysomelidae (13 түр), Curculionidae (10 түр), Tenebrionidae, Scarabaeidae (7 түрден), Coccinellidae, Buprestidae (6 түрден), Alleculidae, Cerambycidae (5 түрден), қалған 5 тұқымдастан 1-3 түрден ғана кездескен.

Түркістан облысы аумағында мекендейтін қаттықанаттылардың 16 тұқымдасына жататын 118 түрінің фаунасы, экологиясы мен биологиясы зерттелген.

Тірі ағзалардың тіршілігінде ылғалдылық факторының маңызды рөл атқаратындығы белгілі. Құрылықта мекендейтін қаттықанаттылардың тіршілік ортасының сумен қамтамасыз етілу жағдайларына бейімделуінің де өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл әсіресе шөлдер мен шөлейттерде мекендейтін өкілдеріне қатысты. Олар суды өте тиімді пайдалануға бейімделген. Көпшілігі өсімдік ұлпаларымен қоректенгендегі ондағы суды, сонымен қатар ағзада зат алмасу нәтижесінде түзілген су есебінен тіршілік ете алады. 2-ші кестеде Түркістан облысы аумағында мекендейтін қаттықанаттылардың ылғалға қажеттілігіне байланысты экологиялық топтары көрсетілген.


Түркістан облысы аумағындағы қаттықанаттыларының тіршілік ету ортасының ылғалдылық дәрежесіне байланысты экологиялық ерекшеліктерін зерттеу нәтижелері бойынша төмендегі нәтижелер алынды: мезофил түрлер - 59 түрді, бұл барлық түрлердің 50%-ын, ксеромезофилдер - 7 түр, сәйкесінше 6%, мезоксерофил түрлер - 12, 10%, ксерофил түрлер - 19 түрді, 16%, гигрофил түрлер - 1 түрді, 1%, нектон түрлер - 18 түр, 15%, супранектон түрлер -1 түрді, 1%, эвритофил түрлер -1 түрді, 1% құрады.

Кесте 2 - Түркістан облысы аумағында мекендейтін қаттықанаттыларының мекен ету ортасының ылғалдылығына байланысты экологиялық топтары

№	Суға қатысты экологиялық түрлердің топтары	Түрлердің саны	Пайыздық қатынасы
1	Мезофилдер	59	50
2	Ксерофилдер	19	16
3	Ксеромезофилдер	7	6
4	Мезоксерофилдер	12	10
5	Эвритофилдер	1	1
6	Гигрофилдер	1	1
7	Нектон	18	15
8	Супранектон	1	1
9	Жалпы	118	100

Қаттықанаттылардың көптеген өкілдері құрылықта мекендеуге бейімделген. Сонымен қатар олар құрылықтың барлық дерлік мекен ету орталарында көптеп таралған. Мекен ету орталарының ерекшеліктеріне байланысты отрядтың өкілдерінің қоректік байланыстары қалыптасқан. Олардың ішінде өсімдік қоректілер де, жыртқыштар да, паразиттер де бар. Бірақ соңғылары, яғни паразиттер бұлардың ішінде көп емес.

Түркістан облысы аумағында мекендейтін қаттықанаттылар отрядының өкілдерінің қоректік байланыстарын зерттеу нәтижелері 1-ші суретте келтірілген. Жалпы қаттықанаттылардың анықталған түрлерінің саны -118 болса, солардың ішінде өсімдікқоректі түрлердің саны – 69, жыртқыштар саны - 44, копрофагтардың саны – 5 құрады. Қоректік байланыстарын зерттеу нәтижелері фитофагтардың үлесінің жоғары екенін көрсетті.



Сурет 1. Түркістан облысының аумағында мекендейтін қаттықанаттыларының қоректік байланыстары

**Қорытындылар.** Зерттеу жұмыстары барысында Түркістан облысының территориясында кездесетін қаттықанаттылардың фанистикалық құрамы, биологиясының ерекшеліктері мен экологиясы, қоректік байланыстары анықталды [6].

Зерттеу жұмыстарының нәтижелерін талдау бойынша төмендегі қорытындылар жасалды:

- Түркістан облысы аумағында мекендейтін қаттықанаттылардың фаунасының 16 тұқымдасқа жататын 118 түрі анықталды;
- түрлік құрамы жағынан басым кездесетін тұқымдастар: Dytiscidae (18 түр), Carabidae (16 түр), Meloidae (15 түр), Chrysomelidae (13 түр), Curculionidae (10 түр), Tenebrionidae, Scarabaeidae (7 түрден), Coccinellidae, Vuprestidae (6 түрден), Alleculidae, Cerambycidae (5 түрден), қалған 5 тұқымдастан 1-3 түрден кездескен;
- Түркістан облысы аумағында мекендейтін қаттықанаттыларының тіршілік ету ортасының ығалдылығы бойынша экологиялық топтарының құрамы - мезофил түрлер - 59 түрді, бұл барлық түрлердің 50%-ын, ксеромезофилдер - 7 түр, сәйкесінше 6%, мезоксерофил түрлер - 12, 10%, ксерофил түрлер - 19 түрді, 16%, гигрофил түрлер - 1 түрді, 1%, нектон түрлер - 18 түр, 15%, супранектон түрлер -1 түрді, 1%, эвритоф түрлер -1 түрді, 1%;
- Түркістан облысы аумағында мекендейтін қаттықанаттыларының қоректік байланыстары - зоофагтар – 44 түр (37%), фитофагтар – 69 түр (58%), копрофагтар – 5 түр (5%) құрады.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Глеппаева А.М., Кадырбеков Р.Х., Златанов Б.В., Колов С.В. Насекомые - ксилофаги древесно-кустарниковой растительности гор Алматинской области. Алматы, 2017, 115 с.
2. Кашеев В.А. Состав и распределение Охutelinae (Col., Staph.) в Семиречье //Тр. Ин-та зоологии. Алматы, 2005, С. 93-111.
3. Темрешев И.И. Долгоносикиобразные жуки (Coleoptera, Curculionoidea) Государственного национального природного парка «Алтын-Эмель» //Материалы Международной научно-практической конференции, проводимой в рамках ежегодных чтений памяти член-корреспондента АН Каз СССР А.А. Слудского. Алматы, 11- 12 марта 2014, Алматы: Нур-Принт, 2014, С. 524-531.
4. Темрешев И.И., Казенас В.Л., Есенбекова П.А. Определитель стволовых вредителей лесов Иле-Алатауского Государственного национального природного парка и сопредельных территорий. Алматы: Альманах, 2016, 245с.
5. Фасулати К.К. Полевое изучение наземных беспозвоночных. Москва: ВШ, 1971, 424 с.

6. Колов С.В., Казенас В.Л. Жуки-нарывники (тип Членистоногие, класс Насекомые). Серия «Животные Казахстана в фотографиях». Алматы, 2013, 110 с.
7. Толымбек Г.М., Бозшатаева Г.Т., Оспанова Г.С. Түркістан облысының территориясындағы қаттықанаттылардың экологиясы мен фаунасы // Әуезов оқулары-18: Абай Құнанбайұлының 175 жыл толуына орай «Ұлы Абайдың рухани мұрасы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, 16-17 сәуір.2020, Том 2, Б.155-160.

#### **Аннотация**

По результатам исследований на территории Туркестанской области выявлено 118 видов жесткокрылых, относящихся к 16 семействам. Из преобладающих по видовому составу семейств можно отметить: Dytiscidae (18 видов), Carabidae (16 видов), Meloidae (15 видов), Chrysomelidae (13 видов), Curculionidae (10 видов), Tenebrionidae, Scarabaeidae (7 видов), Coccinellidae, Buprestidae (6 видов), Alleculidae, Cerambycidae (5 видов), из оставшихся 5 семейств встречались только по 1-3 вида.

Результаты изучения экологических особенностей жесткокрылых в зависимости от степени увлажненности среды обитания показали следующие результаты: мезофильные виды - 59 видов, это 50% всех видов, ксеромезофилы-7 видов, соответственно 6%, мезоксерофилы виды - 12, 10%, ксерофилы - 19 видов, 16%, гигрофилы - 1 вид, 1%, нектон - 18 видов, 15%, супранектон -1 вид, 1%, эвритоп -1 вид, составил 1%.

По результатам исследования пищевых связей жесткокрылых численность растительноядных видов составила – 69, хищников - 44, копрофагов – 5.

#### **Abstract**

According to the results of research in the Turkestan region, 118 species of Coleoptera belonging to 16 families were identified. Of the dominant families in terms of species composition, we can note: Dytiscidae (18 species), Carabidae (16 species), Meloidae (15 species), Chrysomelidae (13 species), Curculionidae (10 species), Tenebrionidae, Scarabaeidae (7 species), Coccinellidae, Buprestidae (6 species), Alleculidae, Cerambycidae (5 species), of the remaining 5 families were found only in 1-3 types.

The results of the study of ecological characteristics of beetles, depending on the degree of moisture of the environment showed the following results: mesophilic species - 59 species, it is 50% of all species, xeromesophyte-7 species, respectively, 6%, mesoxerophyte types - 12, 10%, xerophilous - 19 species, 16%, gigrofilly - 1 species, 1%, nekton - 18 species, 15%, -1 supradicto view, 1%, -1 Mitop view, was 1%.

According to the results of the study of food relations of Coleoptera, the number of herbivorous species was 69, predators-44, and coprophages – 5.

ӘОЖ 595.754

#### **А.Е. Құралбай, Г.Т. Бозшатаева, Г.С. Оспанова, Г.Қ. Тұрабаева**

магистрант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан б.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан а.ш.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан п.ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

### **СЫРДАРИЯ-ТҮРКІСТАН Өңірлік Табиғи Бағының Су Жартылай Қаттықанаттылары (Нетероптера) Фаунасы, Биологиясы, Экологиясы және Таралуы**

#### **Түйін**

Насекомдар барлық жануарлар тобы арасында жер бетіндегі органикалық заттардың айналымы мен өсімдіктерде жиналған қуатты өңдеуде маңызды рөл атқарады, сондықтан биоәртүрлілікті сақтауға ғылыми негіз жасауға және оларды тиімді пайдалану үшін оларға зерттеу жұмыстарын жүргізу өзекті мәселе болып табылады. Су жартылай қаттықанаттылары түрлі биотоптарда тіршілік етіп, биогеоценоздағы биологиялық процестерде маңызды рөл атқарады. Олардың арасында аралас



коректі, жануарқоректі жыртқыш түрлер көптеп кездеседі. Жыртқыш түрлері су қоймаларындағы қансорғыш қосқанаттылардың санын реттеп, пайдалы әсер етеді. Оңтүстік Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи территорияларының бірі «Сырдария-Түркістан» Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің су жартылай қаттықанаттыларының (Heteroptera) фаунасы, экологиясы, биологиясы және таралуы зерттелді. Зерттеу барысында ғылыми-зерттеу экскурсиялары жүргізіліп, жиналған материалдар өңделді. *Сырдария-Түркістан Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің су жартылай қаттықанаттыларының* 11 тұқымдасына жататын 67 түрі анықталды. Түрлік алуантүрлілігі бойынша Corixidae (27) және Saldidae (17) тұқымдастары ерекшеленеді.

**Кілттік сөздер:** жартылай қаттықанаттылар, су қандалалары, фауна, өңірлік табиғи парк, биология, экология, коректік байланыстар, энтомология

**Кіріспе.** Қазақстанның жартылай қаттықанаттыларын зерттеудің ұзақ тарихы бар. Қазақстанда жартылай қаттықанаттыларды зерттеу ең алғаш XIX ғасырдың 80-жылдарында жүргізілген. В.Е.Яковлевпен 1875, 1881, 1889, 1905 жылдары Маңғыстау, Қазалы және Қарқаралы тауларының арасы, Балқаш көлі (Балқаш, Мың-Арал), Верный (Алматы), Іле өзенінде кейбір жартылай қаттықанаттылар анықталған. XX ғасырдың басында жартылай қаттықанаттыларды келесідей ғалымдар О.М. Ройтер Шымкент, Аулие-Ата (Тараз), Верный (Алматы); Г.Хорват Шымкент, Аулие-Ата (Тараз), Верный (Алматы), Іле өзені; В.Ф. Ошанин Перовск (Қызылорда), Қазалы, Балқаш көлі (Балқаш), Шымкент, Аулие-Ата (Тараз), Жаңақорған, Жетісу (Алматы, Ұзынағаш) зерттеген.

Жоғары көрсетілген В.Ф. Ошаниннің жұмыстарында, А.А. Кушакевичтің Жетісу облысында (Алматы), А.И.Вилькинстің – Құлжа ауданында, Д.В. Веригиннің (Әмудария), В.А.Баласоглоның – Қазалыдан Ташкентке баратын жол аралығында (Қызылорда, Шымкент, Жетісу, Тянь-Шань) жартылай қаттықанаттылар туралы мәліметтер жинағаны келтірілген. Жоғарыда аталған жұмыстар негізінен фауналық тізім ретінде көрсетілген.

Батыс Қазақстанның жартылай қаттықанаттыларын зерттеуге А.Н.Кириченко біршама үлесін қосқан. Оның жұмыстары Оралдан бастап Орскқа дейінгі, одан Атырау (Гурьев) гемиптерафаунасын қамтиды.

Гемиптрофауна Январцево ауданында (75 км солтүстік-шығыс Орал) ең көп жиналған, 1949-1950 жылдары Зоология институтының РҒА экспедициялық жұмыстарының негізгі базасы болған. Бұл жерде нағыз жартылай қаттықанаттылардың 287 түрі табылған.

Ақмола облысында А.Т. Тильменбаев 1960-1962 жылдары дәнді дақылдар егістіктеріне зиян келтіретін *Aelia* туысына жататын зиянкес қандалаларға (3 түр) зерттеу жүргізген.

Осы жылдары Қостанай облысында В.Н. Буров, Т.Г. Григорьева, Е.С. Терехин, осы туыстың зияндылығын, сондай-ақ басқа да түрлерін зерттеді. Сол жерде В.И. Танский қалқаншалы қандаланың дәнді дақылдарға зияндылығын реттейтін кейбір факторларға тоқталды. Сонымен бірге Е.М. Мейірманов Қызылорда облысындағы көкөніс дақылдарына үлкен зиян келтірген, айқышгүлді қандалалардың 6 түрін зерттеді.

В.Е. Камбулин жәндіктер мен кенелерді зерттеген, сонымен қатар көпжылдық дәнді дақылдар мен бұршақ тұқымдастарына (еркекшөп, қияқ, эспарцет) зақым келтіретін қандалаларды зерттеген.

И.М. Кержнер [1] Жоңғар Алатауында (Жетісу Алатауы) жартылай қаттықанаттылардың фаунасын анықтап, бірнеше жаңа түрді сипаттап жазды.

Қазақстанның жартылай қаттықанаттыларын зерттеуге үлкен үлес қосқан Р.Б. Асанова. Ол 1957-1989 жж. Қазақ ССР Ғылым академиясының Зоология институтында жұмыс істеді, 26 ғылыми еңбек жариялады және Б.В. Исаковпен бірге «Қазақстанның зиянды және пайдалы жартылай қаттықанаттылары» анықтауыш. Р.Б. Асанова 1957-1962 жж. жартылай қаттықанаттылардың фаунасын зерттеді. КСРО Ғылым академиясының Ботаника және зоологиялық институты және Қазақ ССР Ғылым академиясының зоология және ботаника институты биокешенді экспедициясының құрамында «Жаңа даму аймақтарының биологиялық кешендерін, оларды ұтымды пайдалану және байыту» тақырыбында жұмыс істеді. Негізінен Көкшетау тауының етегінде (Ақмола облысы), шөлді дала аймағында - Көксеңгір (Қарағанды облысы), Бетпақдала шөл аймағын, Қоғашық жолында (Қарағанды облысы) шөлейт аймақтарын Орталық Қазақстанның үш бөлімі зерттелген.

Ж.Б. Шілдебаев Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның жартылай қаттықанаттыларының биологиясын, экологиясын, кейбір маңызды, зиянды және пайдалы жартылай қаттықанаттылардың шаруашылық маңызын зерттеген.

**Зерттеу әдістері.** Қаңдалалар жалпыға ортақ келесі әдістер бойынша жиналды: арнайы энтомологиялық су сүзгісі; ұсақ насекомдарды эксгаустер арқылы жинау; түнгі жарыққа ұшып келгендерін ұстау (арнайы жарық көздері, автокөлік жарықтары, т.б. пайдаланылды).

Жиналған материал туралы мәліметтер дала күнделігіне ғана жазылып қоймай, жиналған материалдың, яғни мақта матрасшаның бетіндегі этикетка қағазына керекті мәліметтер толық жазылды. Ең керекті мәліметтер: географиялық жердің аты, жиналған күні және жинаушының аты-жөні. Географиялық нүктені мүмкіндігінше анық, дұрыс берілуіне назар аударылды. Жиналған уақытты көрсету ең маңызды мәлімет, осы арқылы керек болған жағдайда дала күнделігінен қажет мәліметтің бәрін тауып алуға болады. Көбіне жәндіктерді ұстаған өсімдіктерді көрсеткен дұрыс (себебі қоректік байланысы болуы мүмкін). Егер тау болса, қай беткейінен ұстағаны, биіктік белдеуі көрсетілгені жөн. Жәндіктің қай жерден ұсталғанын көрсету де өте маңызды: тас асты, ағаш қабығы асты, су жағасы, кеміргіш інінен, т.б. Бунақденелілерді жинау жұмыстары 1-ші суретте көрсетілген.

Морилкаға жиналған жәндіктерді жансызданғаннан кейін, бірден энтомологиялық инеге тізілді. Мұндай жәндіктер коллекцияда сақталады және оларды анықтау да оңай болады [2].

Жиналған жәндіктердің түр құрамын анықтауда, биологиялық, экологиялық және таралуы жайлы мәліметтерді қарауда мына авторлар еңбектері қолданылды: Арнольди, Бей-Биенко, Дубицкий, Асанова Р.Б., Искаков Б.В., Есенбекова, Кержнер И.М., Ячевский Т.Л., Кержнер И.М., Пучков [3,4].

Зертханалық жағдайда жартылай қаттықанаттыларды зерттеу және түр құрамын анықтау үшін МБС-9 және т.б. микроскоптар пайдаланылады.

**Нәтижелер мен талдау.** Жартылай қаттықанаттылар немесе қаңдалалар (Hemiptera, Heteroptera) – түрі мен мөлшері әртүрлі құрлық және су насекомдары.

Денесі жалпақ, сирек жұмыр болып келеді. Дене тұрқы 0,7–120 мм құрайды. Басы бос, бірақ аз қозғалады, жақсы жетілген фасеткалы көздері басының екі шетінде орналасқан. Аузы шаншуға, соруға бейім. Ауыз аппараты тесіп-сорғыш типті. Тесіп-сорғыш тұмсығы 3-4 буынды, басының алдыңғы жағында орналасқан [5].



Сурет 1. Энтомологиялық су сүзгісімен насекомдар жинау кезеңі


Мұртшалары жіп тәрізді (4–5, кейде 1–3 буынды) болып келеді, көзінің алдында орналасады. Қысқа қанаттары екі жұп, алдыңғылары қаттылау. Аяқтары секіруге, қазуға бейімделген. Шала түрленіп дамиды (4–5 жұмыртқа салады, дернәсілі 5 рет түлеп, сонан соң ересек қаңдалаға айналады). Хош иіс шығаратын безі (ересегінде – кеуде қуысында, дернәсілінде құрсағында орналасады) бар. Сілекейі улы болады.

Алдыңғы кеудесі жақсы жетілген және жоғарғы жағынан үлкен алдыңғы арқамен жабылған, шеттері тік, ойыс немесе дөңес болып келеді. Алдыңғы арқасының бұрыштары жиі тісше, тікенек және басқаша пішінді болып бітеді.

Ортаңғы кеудесі – бұл үлкен сегмент. Ортаңғы кеуде үстіңгі жағынан тек қалқанша түрінде көрінеді, ол көбіне үлкен немесе кішілеу үшбұрыш түрінде болады.

Артқы кеудесі көрінбейді. Төменгі жақ шетінде ортаңғы және артқы жамбастарының арасында иіс шығару безінің тесігі жатады.

Үстіңгі қанаттары (қанат үсті) тығыз, түбі терілі, ұш жағы жарғақты [6,7]. Артқы қанаттары жарғақты. Олардың құрылыс ерекшеліктері 2-ші суретте көрсетілген.



Сурет 2. Қанаттарының құрылысы: 1 – үстіңгі хитинді жұп қанаттары, 2 – астыңғы жарғақты жұп қанаттары

Қандалалардың дене мөлшері 0,8-ден 70 мм-ге дейін, денесінің пішіні шар, жартылай шар, жіңішке таяқша тәрізді және өте жалпақ түрлері де кездеседі.

Кейде денесінің хитинді жабынының қаттылығы қоңыз денесіне ұқсайды (мысалы, Scutelleridae тұқымдасы), ал кейбіреулерінің денесі өте жұсақ әрі нәзік болады (мысалы, Miridae тұқымдасы). Түстері де алуан түрлі. Көбіне қара, қоңыр, сары, сирек қызыл түсті, кейде металдық жылтыры да болады.

*Сырдария-Түркістан МӨТІП аумағындағы су жартылай қаттықанаттыларының фаунистикалық құрамын зерттеу жұмыстарының нәтижелері 1-кестеде келтірілген.*

Кесте 1 – *Сырдария-Түркістан МӨТІП су жартылай қаттықанаттылары тұқымдастарының түр саны*

№	Тұқымдастар	Түр саны
1	Nepidae	2
2	Naucoridae	1
3	Notonectidae	3
4	Pleidae	1
5	Hydrometridae	2
6	Corixidae	27
7	Mesoveliidae	2
8	Veliidae	2
9	Gerridae	9

10	Saldidae	17
11	Leptopodidae	1

**Қорытындылар.** Насекомдар барлық жануарлар тобы арасында жер бетіндегі органикалық заттардың айналымы мен өсімдіктерде жиналған қуатты өңдеуде маңызды рөл атқарады, сондықтан биоәртүрлілікті сақтауға ғылыми негіз жасауға және оларды тиімді пайдалану үшін оларға зерттеу жұмыстарын жүргізу өзекті мәселе болып табылады. Су жартылай қаттықанаттылары түрлі биотоптарда тіршілік етіп, биогеоценоздағы биологиялық процестерде маңызды рөл атқарады. Олардың арасында аралас қоректі, жануарқоректі жыртқыш түрлер көптеп кездеседі. Жыртқыш түрлері су қоймаларындағы қансорғыш қосқанаттылардың санын реттеп, пайдалы әсер етеді.

Оңтүстік Қазақстанның ерекше қорғалатын табиғи территорияларының бірі «Сырдария-Түркістан» Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің су жартылай қаттықанаттыларының (Heteroptera) фаунасы, экологиясы, биологиясы және таралуы зерттелді [8].

Ғылыми-зерттеу жұмысын орындау барысында зерттеу экскурсиялары жүргізіліп, жиналған материалдар өңделді. *Сырдария-Түркістан Мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің су жартылай қаттықанаттыларының* 11 тұқымдасына жататын 67 түрі анықталды. Түрлік алуантүрлілігі бойынша Corixidae (27) және Saldidae (17) тұқымдастары ерекшеленеді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Кержнер И.М., Ячевский Т.Л. Отряд Heteroptera (Hemiptera) полужесткокрылые. Определитель насекомых европейской части СССР. М.: Наук, 1964, Т.1., 843с.
2. Палий В.Ф. Методика изучения фауны и фенологии насекомых. Воронеж, 1970, 192с.
3. Есенбекова П.А. Полужесткокрылые (Heteroptera) Казахстана. Алматы: Нур-Принт, 2013, 268с.
4. Есенбекова П.А., Казенас В.Л. Полужесткокрылые. Серия «Животные Казахстана в фотографиях». Алматы: Нур-Принт, 2013, 192 с.
5. Саулич А.Х., Мусолин Д.Л. Сезонное развитие водных и околводных полужесткокрылых насекомых (Heteroptera). Пб.: С.-Петербург. ун-т, 2007, 203 с.
6. Канюкова Е.В. Водные полужесткокрылые насекомые фауны России и сопредельных стран. Владивосток: Дальнаука, 2006, 296с.
7. Темрешев И.И., Казенас В.Л., Есенбекова П.А. Определитель стволовых вредителей лесов Иле-Алатауского Государственного национального природного парка и сопредельных территорий. Алматы: Альманах, 2016, 245с.
8. Құралбай А.Е., Бозшатаева Г.Т., Оспанова Г.С. Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің жартылай қаттықанаттыларының экологиялық топтары және биоалуантүрлілігі //Әуезов оқулары-18: Абай Құнанбайұлының 175 жыл толуына орай «Ұлы Абайдың рухани мұрасы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, 16-17 сәуір.2020, Том 3-1, С.297-301

#### Аннотация

Насекомые играют важную роль в круговороте органических веществ на Земле и переработке энергии, накопленной в растениях. Создание научной основы для сохранения биоразнообразия и проведение исследований с целью их эффективного использования является актуальной проблемой. Водные полужесткокрылые обитают в различных биотопах и играют важную роль в биологических процессах в биогеоценозе. Среди них много видов со смешанным питанием и хищных животных. Хищные виды оказывают благотворное влияние, регулируя численность кровососущих двукрылых в водоемах. Исследована фауна, экология, биология и распространение водных полужесткокрылых (Heteroptera) одного из особо охраняемых природных территорий Южного Казахстана Сырдария Туркестанского государственного регионального природного парка. В ходе исследования были проведены научно-исследовательские экскурсии, обработан собранный материал. Выявлено 67 видов водных полужесткокрылых Сырдария - Туркестанского государственного регионального природного

парка, относящихся к 11 семействам. По видовому разнообразию отличаются семейства Corixidae (27) и Saldidae (17).

### Abstract

Insects play an important role in the circulation of organic matter on earth and the processing of energy stored in plants. Creating a scientific basis for the conservation of biodiversity and conducting research for their effective use is an urgent problem. Aquatic Hemiptera live in various biotopes and play an important role in biological processes in the biogeocenosis. Among them there are many species with a mixed diet and predatory animals. Predatory species have a beneficial effect by regulating the number of blood-sucking Diptera in reservoirs. The fauna, ecology, biology and distribution of aquatic Hemiptera (Heteroptera) of one of the specially protected natural territories of southern Kazakhstan, Syrdarya, Turkestan state regional nature Park, was studied. During the research, research excursions were conducted, and the collected material was processed. 67 species of aquatic Hemiptera of the Syrdarya - Turkestan state regional nature Park belonging to 11 families were identified. The families Corixidae (27) and Saldidae (17) differ in species diversity.

ӘОЖ 595.754

### Г.Сейдахмет, Г.С.Оспанова, Г.Т.Бозшатаева, Г.Қ.Тұрабаева

магистрант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан а.ш.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан б.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан п.ғ.к., аға оқытушы, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

### СЫРДАРИЯ-ТҮРКІСТАН Өңірлік табиғи бағының жыртқыш жартылай қаттықанаттыларын (Heteroptera) зерттеу

#### Түйін

Мақалада Сырдария – Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің шегінде организмдердің биоалуантүрлілігін сақтау мәселесі қарастырылады, ол ең алдымен флора мен фаунаны түгендеу қажеттілігімен байланысты, бұл болашақ мониторингтік зерттеулер үшін негіз жасауға мүмкіндік береді.

Түркістан, Сырдария, Боралдай филиалдарынан тұратын Сырдария – Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі үшін осы үш филиалдың әрқайсысының энтомофаунасын, атап айтқанда жыртқыш жартылай қанатты фаунаны егжей-тегжейлі зерттеу қажет.

Авторлардың алдын ала зерттеу материалдарының негізінде «Сырдария-Түркістан» МӨТП жартылай қатты қанатты тұқымдастарының таксономиялық құрамы, олардың тіршілік формалары мен тағамдық мамандануы келтіріледі.

Сырдария-Түркістанда «МӨТП» -ке алдын ала 17 тұқымдастан тұратын жартылай қанатты 55 түр анықталды. Анықталған жартылай қанатты түрлер негізінен хортобионттар және бес трофикалық топтар сияқты тіршілік формасымен ұсынылған, олардың ішінде фитофагтар, полифагтар және кең олигофагтар көп.

**Кілттік сөздер:** табиғи саябақ, жыртқыш жартылай қанатты, түрлер құрамы, тіршілік формасы, тамақтану түрі, ұрпақ беру, экология, қыстайтын сатысы.

**Кіріспе.** Жартылай қаттықанаттылардың қоректенуіне қарай (фитофагия немесе зоофагия) шаруашылық маңызы екі жақты болып бағаланады. Ауыл және орман шаруашылығы зиянкестеріне өсімдікқоректі (фитофагтар) жартылай қаттықанаттылар жатады. Қазақстанда жартылай қаттықанаттылардың шаруашылық маңызын Г.Г.Жылқыбаев, Г.Я.Матесова, И.Д.Митяев, Л.А.Юхневич, Л.Я.Ломакина, Р.Б. Асанова, Б.В. Исқақов, Р.Б. Асанова, Д.Б.Шілдебаев, Ж.Д.Исмухамбетов, В.Е.Камбулин, А.Дүйсебаев, Д.Б.Шілдебаев зерттеді [1-3].

Бұл аталған еңбектерде өсімдіккөректі жартылай қаттықанаттылардың шаруашылық маңызын зерттеген. Олар өсімдіктердің вегетативті және генеративті органдарымен, әлі пісіп үлгермеген жемістерімен қоректеніп, орны толмас зиян келтіреді [4,5].

Әсіресе, кең таралған зиянды тасбақашық қандала (*Eurygaster integriceps*), нағыз қалқаншалылардан *Aelia* туысы өкілдері, жай көзшесіздерден *Notostira* және *Trigonotylus* туыстары өкілдері, айқышгүлді өсімдіктер зиянкестері *Eurydema* туысы түрлері, жоңышқа қандаласы *Adelphocoris lineolatus*, қызылша қандаласы *Poeciloscytus* туысы түрлері және т.б.

Жыртқыш жартылай қаттықанаттылардың осындай шаруашылық маңызына қарамай, олардың практикалық маңызы Қазақстанда толық зерттелмеген.

Сондықтан бұл бағыттағы жүргізілетін жұмысымыз өзекті болып табылады.

**Зерттеу әдістері.** Авторлардың 2019-2020ж. жиналған материалдары зерттеу материалы болып табылады. Зерттеу маршруттық әдіспен, бунақденелілерді жинау және зерттеудің жалпы қабылданған әдістемелері бойынша жүргізілді [6,7].

Шөптесін өсімдіктерден, бұталардан және ағаштардың бұтақтарынан қандалалар энтомологиялық сүзгінің көмегімен жиналды; топырақ бетінде, өсімдіктердің тамырында, орманның төсеніш қабатында, ағаш қабығының астында және әртүрлі жабындарда өмір сүретін түрлер эксгаустермен немесе пинцетпен ауланды; су қандалалары су сүзгісімен жиналған.

Жартылай қаттықанаттылардың түрлік құрамын анықтау үшін П.А.Есенбекованың (2013) монографиялары қолданылды.

Белгілі бір өмір сүру жағдайларына бейімделудің кеңдігіне байланысты стенобионт, олигобионт және эврибионттар; трофтық байланыстардың сипаты бойынша фитофагтар, зоофагтар және зоофитофагтар; қоректену ерекшеліктері бойынша монофагтар, олигофагтар және полифагтар (Дюжаева, 2013) көрсетілген [8].

**Нәтижелер мен талдау.** 2019 жылдан «Сырдария-Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркінің» жыртқыш жартылай қанаттыларын зерттеу жұмыстарын авторлар жалғастырды. Жиналған материалдар зертханалық жағдайда анықталып, дұрыстығы б.ғ.к, энтомолог маманы П.А.Есенбековадан кеңес ала отырып, нақтыланды.

Төмендегі кестеде «Сырдария-Түркістан» МӨТП-де ұсталған жыртқыш жартылай қаттықанаттылардың алдын ала анықталған түрлік құрамы мен тұқымдастары, сонымен қатар қоректік мамандануы, экологиясы мен қыстайтын сатысының зерттеу нәтижелері көрсетілген.

Кесте 1 – Сырдария-Түркістан МӨТП территориясындағы жыртқыш жартылай қаттықанаттылардың биологиясы мен экологиясы

Түр	Ұрпақ беруі	Қоректенуі	Экология	Қыстайтын сатысы
<b>Miridae тұқымдасы</b>				
<i>Adelphocoris lineolatus</i> (Gz, 1778)	поливольтинді	полифитофаг	мезофил	дернәсіл
<i>Adelphocoris quadripunctatus</i> (Fabr., 1794)	поливольтинді	полифитофаг	мезофил	дернәсіл
<i>Lygus pratensis</i> (L., 1758)	бивольтинді	полифитофаг	мезофил	имаго
<i>Lygus gemellatus gemellatus</i> (Herrich-Schaeffer, 1835)	бивольтинді	полифитофаг	мезофил	имаго
<i>Trigonotylus ruficornis</i> (Geoffr. 1758)	поливольтинді	кең олигофитофаг	мезофил	жұмыртқа
<i>Orthotylus flavosparsus</i> (C.R. Sahlberg, 1841)	бивольтинді	тар олигофитофаг	мезофил	жұмыртқа
<i>Polymerus unifasciatus</i> (Fabricius, 1794)	бивольтинді	полифитофаг	мезофил	жұмыртқа
<i>Orthops campestris</i> (Linnaeus, 1758)	бивольтинді	кең олигофитофаг	мезофил	имаго

<i>Stenodema calcarata</i> (Fallen, 1807)	бивольтинді	полифитофаг	мезофил	имаго
<i>Nasocoria ephedrea</i> Reuter, 1902	бивольтинді	тар олигофитофаг	мезофил	жұмыртқа
<b>Lygaeidae тұқымдасы</b>				
<i>Lygaeus equestris</i> (Linnaeus, 1758)	моновольтинді	полифитофаг	мезо-ксерофил	имаго
<i>Nysius ericae ericae</i> (Schilling, 1829)	бивольтинді	полифитофаг	ксерофил	имаго
<i>Nysius helveticus</i> (Herrich-Schaeffer, 1850)	бивольтинді	полифитофаг	мезо-ксерофил	жұмыртқа
<i>Cymus clavicolus</i> (Fallen, 1807)	моновольтинді	полифитофаг	мезофил	имаго
<i>Heterogaster urticae</i> Fabr., 1775	моновольтинді	монофитофаг	мезофил	имаго
<i>Heterogaster artemisiae</i> Schilling, 1829	моновольтинді	монофитофаг	мезофил	имаго
<i>Heterogaster cathariae</i> (Geoffroy, 1788)	моновольтинді	тар олигофитофаг	мезофил	имаго
<i>Emblethis ciliatus</i> Horvath, 1875	поливольтинді	полифитофаг	мезо-ксерофил	имаго
<b>Rhopalidae тұқымдасы</b>				
<i>Corizus hyoscyami hyoscyami</i> (Linnaeus, 1758)	бивольтинді	полифитофаг	мезофил	имаго
<i>Chorosoma schillingii</i> (Schilling, 1829)	бивольтинді	кең олигофитофаг	ксерофил	жұмыртқа
<i>Brachycarenum tigrinus</i> (Schilling, 1829)	поливольтинді	полифитофаг	мезо-ксерофил	имаго
<i>Rhopalus parumpunctatus</i> Schilling, 1829	бивольтинді	полифитофаг	мезофил	имаго
<i>Stictopleurus punctatonevrosus</i> (Goeze, 1778)	поливольтинді	кең олигофитофаг	мезофил	имаго
<i>Maccevethus corsicus persicus</i> Jakovlev, 1882	моновольтинді	полифитофаг	мезо-ксерофил	имаго
<b>Coreidae тұқымдасы</b>				
<i>Coreus marginatus marginatus</i> (Linnaeus, 1758)	бивольтинді	кең олигофитофаг	мезофил	имаго
<i>Coreus marginatus marginatus</i> (Linnaeus, 1758)	бивольтинді	кең олигофитофаг	мезофил	имаго
<i>Enoplops scapha</i> (Fabricius, 1794)	моновольтинді	полифитофаг	мезофил	имаго
<i>Syromastus rhombeus</i> (Linnaeus, 1767)	моновольтинді	полифитофаг	мезо-ксерофил	имаго
<b>Alydidae тұқымдасы</b>				
<i>Camptopus lateralis</i> (Germar, 1817)	бивольтинді	кең олигофитофаг	мезофил	имаго

<i>Megalotomus junceus</i> (Scolopi, 1763)	бивольтинді	кең олигофитофаг	мезофил	жұмыртқа
Scutelleridae тұқымдасы				
<i>Eurygaster integriceps</i> Puton, 1881	моновольтинді	кең олигофитофаг	мезо- ксерофил	имаго
<i>Odontotarsus purpureolineatus</i> (Rossi, 1790)	моновольтинді	полифитофаг	мезо- ксерофил	имаго
Pentatomidae тұқымдасы				
<i>Aelia rostrata</i> Boheman, 1852	моновольтинді	кең олигофитофаг	ксерофил	имаго
<i>Aelia acuminata</i> (Linnaeus, 1758)	моновольтинді	кең олигофитофаг	мезо- ксерофил	имаго
<i>Anthemina lunulata</i> (Goeze, 1778)	моновольтинді	полифитофаг	мезо- ксерофил	имаго
<i>Dolycoris baccarum</i> (Linnaeus, 1758)	моновольтинді	полифитофаг	мезофил	имаго
<i>Carpocoris purpureipennis</i> (De Geer, 1773)	моновольтинді	полифитофаг	мезофил	имаго
<i>Carpocoris fuscispinus</i> (Boheman, 1851)	моновольтинді	полифитофаг	мезо- ксерофил	имаго
<i>Codophila varia varia</i> (Fabricius, 1787)	бивольтинді	полифитофаг	мезофил	имаго
<i>Graphosoma lineatum</i> (Linnaeus, 1758)	моновольтинді	кең олигофитофаг	мезофил	имаго
<i>Graphosoma consimile</i> Horvath, 1903	моновольтинді	кең олигофитофаг	мезофил	имаго
<i>Eurydema wilkinsi</i> Distant, 1879	бивольтинді	кең олигофитофаг	мезофил	имаго
<i>Eurydema fieberi</i> Fieber, 1837	бивольтинді	кең олигофитофаг	ксерофил	имаго
<i>Eurydema maracandica</i> Oshanin, 1871	бивольтинді	кең олигофитофаг	мезофил	имаго
<i>Eurydema maracandica</i> Oshanin, 1871	бивольтинді	кең олигофитофаг	мезофил	имаго
<i>Eurydema ornata</i> (Linnaeus, 1758)	бивольтинді	кең олигофитофаг	мезофил	имаго
<i>Leprosoma tuberculatum</i> Jakovlev, 1874	моновольтинді	тар олигофитофаг	мезо- ксерофил	имаго
<i>Ventocoris halophilus</i> (Jakovlev, 1874)	моновольтинді	кең олигофитофаг	мезо- ксерофил	имаго
<i>Ventocoris falcatus</i> (Cyrillus, 1791)	моновольтинді	кең олигофитофаг	мезо- ксерофил	имаго
<i>Ventocoris falcatus</i> (Cyrillus, 1791)	моновольтинді	кең олигофитофаг	мезо- ксерофил	имаго
<i>Brachynema germari</i> (Kolenati, 1846)	бивольтинді	полифитофаг	ксерофил	имаго



<i>rachynema irpureomarginatum iguttatum</i> Fieber, 1870	моновольтинді	тар олигофитофаг	ксерофил	имаго
<i>Tarisa elevata</i> Reuter, 1901	моновольтинді	тар олигофитофаг	ксерофил	имаго

**Қорытындылар.** Жартылай қаттықанаттыларды түрлік құрамы, сондай-ақ, тіршілік формалары мен қоректік мамандануы бойынша алдын ала зерттеу төмендегі нәтижелерді көрсетті:

- тіршілік формалары бойынша түрлердің де, тұқымдастардың да саны бойынша хортобионттар басым;
- жыртқыш жартылай қаттықанаттылар жылына беретін ұрпақ санына қарай бірнеше топқа бөлінеді: 1) моновольтинді (23 түр, 46%), 2) бивольтинді (21 түр, 42%), 3) поливольтинді (6 түр, 12%);

- олар қоректік байланысына қарай полифитофаг (24 түр, 48%), кең олигофитофаг (18 түр, 36%), тар олигофитофаг (6 түр, 12%), монофитофаг (2 түр, 4%) болып бөлінеді.

Зерттеліп отырған «Сырдария-Түркістан» МӨТП-нің жартылай қаттықанаттыларының құрамы, тіршілік формалары мен қоректік мамандануы туралы мәліметтер мынаны көрсетті, біріншіден – ерекше қорғалатын территориялардың биоценоздарының құрамы мен тіршілігіндегі аталған бунақденелілілердің маңыздылығын, екіншіден бұл табиғи парктің Түркістан облысының жыртқыш жартылай қаттықанаттыларының биоалуантүрлілігін сақтаудағы маңыздылығын дәлелдейді.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Есенбекова П.А. Полужесткокрылые (Heteroptera) Казахстана. Алматы: Нур-Принт, 2013, 268с.
2. Есенбекова П.А., Баймуратов Б.А., Төлеміс Е.Х., Наров М.А., Тажиева А., Төре Н. Сырдария - Түркістан табиғи паркінің Сырдария, Арыс, Боралдай өзендерінің атырауындағы кездесетін омыртқасыздар түрлерінің қысқаша анықтамалығы. Шымкент, 2017, 107б.
3. Есенбекова П.А., Толемис Е.Х., Наров М.А., Тажиева А. Таксономический состав по фауне полужесткокрылых (Heteroptera) «Сырдария-Туркестанского Государственного Регионального природного парка» //Наука и жизнь Казахстана. Международный научно-популярный журнал, 2018, № 1/2 (55), С.47-52
4. Темрешев И.И., Казенас В.Л., Есенбекова П.А. Определитель стволовых вредителей лесов Иле-Алатауского Государственного национального природного парка и сопредельных территорий. Алматы: Альманах, 2016, 245с
5. Темрешев И.И., Казенас В.Л., Чильдебаев М.К., Исенова Г.Д., Кожабаева Г.Е. Предварительный список индикаторных видов насекомых Южного Казахстана. Алматы: Нут-Принт, 2015, 163 с.
6. Палий В.Ф. Методика изучения фауны и фенологии насекомых. Воронеж: Центрально-Черноземное книжное издательство, 1970, 192с.
7. Кулик С.А. Методы сбора и изучения полужесткокрылых насекомых (Heteroptera), обитающих на деревьях, кустарниках и травянистых растениях Сибири //Насекомые Восточной Сибири и Дальнего Востока. Иркутск, 1978, С.7–19.
8. Дюжаева И.В. Эколого-фаунистическая характеристика хортобионтных полужесткокрылых (Heteroptera) лесостепного и степного Поволжья (на примере Самарской области). Автореф. дис. канд. биол. наук. Самара: 2013, 21с.

#### Аннотация

В статье рассматривается проблема сохранения биоразнообразия организмов в пределах Сырдария – Туркестанского государственного регионального природного парка, которая прежде всего связана с необходимостью инвентаризации флоры и фауны, что позволит создать основу для будущих мониторинговых исследований.

Для Сырдария – Туркестанского государственного регионального природного парка состоящего из Туркестанского, Сырдаринского, Боралдайского филиалов необходимо подробное изучение энтомофауны каждого из этих трех филиалов, и в частности фауны хищных полужесткокрылых.

На основе предварительных исследовательских материалов авторов приводится таксономический состав семейств хищных полужесткокрылых ГРПП «Сырдария-Туркестан», их жизненные формы и пищевая специализация.

В Сырдария-Туркестан» ГРПП-ке предварительно выявлено 55 вида полужесткокрылых из 17 семейства. Выявленные виды полужесткокрылых представлены, в основном такой, жизненной формой как хортобионты и пятью трофическими группами, среди которых многочисленными являются фитофаги, полифаги и широкие олигофаги.

#### **Abstract**

The article deals with the problem of preserving the biodiversity of organisms within the Syrdarya-Turkestan state regional natural Park, which is primarily related to the need for an inventory of flora and fauna, which will create the basis for future monitoring studies.

For Syrdarya-Turkestan state regional natural Park consisting of Turkestan, Syrdarya, Boraldai branches, it is necessary to study in detail the entomofauna of each of these three branches, and in particular the fauna of predatory Hemiptera.

Based on the preliminary research materials of the authors, the taxonomic composition of the semipteran families of the Syrdarya-Turkestan state farm, their life forms and food specialization are presented.

In the «Syrdarya-Turkestan» GRPP-ke, 55 species of Hemiptera from 17 families were previously identified. The identified species of Hemiptera are mainly represented by such a life form as hortobionts and five trophic groups, among which numerous are phytophages, polyphages and broad oligophages.

**ЖЕР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР, АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІ  
НАУКИ О ЗЕМЛЕ, АГРОПРОМЫШЛЕННЫЙ КОМПЛЕКС  
SCIENCES ABOUT THE EARTH, AGRICULTURE**

ӘОЖ.338.439.222

**Р.Н.Кенжебай, Д.А.Утеева, З.Х.Мамедова, А.В.Бахритдинова**

п.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан  
оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан  
магистрант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан<sup>1</sup>  
магистрант, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНІНІҢ  
САЛАЛЫҚ ҚҰРАМЫ**

**Түйін**

Ауыл шаруашылығы-материалдық өндірістің ең маңызды түрлерінің бірі. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз етумен айналысады. Ауыл шаруашылығы екі үлкен саладан, яғни өсімдік шаруашылығынан және мал шаруашылығынан тұрады. Сонымен қатар оның құрамына балық аулау, аңшылық және омарташаруашылығы да кіреді. Ауыл шаруашылығы – шаруашылық салаларының ішіндегі ең ежелгі және табиғат жағдайларына тікелей тәуелді саласы. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы – неғұрлым көп тараған сала. Шындығында, дүниежүзінде ауыл шаруашылығының түрлі салаларымен айналыспайтын бірде-бір ел жоқ. Ауыл шаруашылығының барлық жерге таралуы оның алуан түрлілігіне байланысты. Ғалымдар қазіргі таңда ауыл шаруашылығының шамамен 50-ге жуық түрін бөліп көрсетеді. Қазіргі мәлімет бойынша дүниежүзінде бұл салада шамамен 1,3 миллиардтан астам адам еңбек етеді, оған ауыл шаруашылығындағы шаруа отбасыларын қосатын болса, онда ол көрсеткіш 2,6 миллиард адамға жетеді. Еңбекке жарамды ер адамдардың ауыл шаруашылығындағы үлесіне сәйкес елдер индустриялы, постиндустриялы және аграрлы болып жіктеледі. Дүние жүзінде экономикалық белсенді халықтың (ЭБХ) 46%-ы осы салада еңбек етеді.

**Кілттік сөздер:** ауыл шаруашылығы, индустриялы ел, еңбек ресурсы, аграрлы ел, агроөнеркәсіп.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2030» - деп аталатын елдің даму стратегиясында: «Біздің еліміздің негізгі мақсаты ұлттық бірлігі орын алған, әлеуметтік жағынан қорғалған, халқының экономикалық жағдайы жақсы тәуелсіз, гүлденген және саяси жағынан тұрақты Қазақстанды құру болып саналады» - деген болатын [1]. Ал бұларды жүзеге асыру үшін елде қолайлы жағдайлар қалыптасқан. Олардың бірі - елдің табиғат жағдайлары мен табиғи ресурстарына сүйене отырып экономикалық жағынан тұрақты, интенсивті ауыл шаруашылығын қалыптастыру.

Мемлекетімізде экономикалық жағдайдың жақсаруы мен тұрақталуы, білім мен ғылым жүйесінің қалыптасуы қазіргі сұранысқа ие болып отырған агроөнеркәсіпті дамытуда негізгі алғышарттарының бірі болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда агроөнеркәсіп кешенін дамытуға мүмкіндік беретін аграрлық ресурстарына бай және қолайлы өңірдің бірі - Түркістан облысы болып табылады. Оның табиғат және аграрлық ресурстарының молдығы, табиғатының алуан түрлілігі мен өзіне тән ерекшеліктері ауылшаруашылығы мен агроөнеркәсіп кешенінің көптеген түрлерін дамытуға мүмкіндік береді.


Бүгінгі таңда ұлттық экономиканың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылып отырған агроөнеркәсіп кешенінің кешенді және кластерлік жүйемен дамуына Қазақстан Республикасының заңдары мен ауыл шаруашылығын дамытуға арналған бағдарлама ықпал

етті. Ауыл шаруашылығының салаларын дамытудағы аумағының көлемділігі, агроландшфаттары мен агроклиматтық ресурстарының қолайлылығы Түркістан облысының орасан зор, аграрлық мүмкіндігін бәсекеге қабілетті, ішкі және сыртқы нарықта сұранысқа ие салаға айналдыру міндеті тұр [2].

Қазақстанның өзге өңірлерімен салыстырғанда халық өте тығыз қоныстанған және жол қатынастары, географиялық жағдайы біршама қолайлы, ежелден ауылшаруашылығын дамытқан Түркістан облысының үйлесімді ауыл шаруашылық мүмкіндігі аталған аймақта жоғарытехнологиялық, интенсивті агроөнеркәсіп кешені мен мақта кластерін дамытуға мүмкіндік береді.

Түркістан облысының ауыл шаруашылығының емін-еркін дамуына салыстырмалы түрде алғандағы біршама жер қоры үлкен әсер етеді. Облыстық жер қорлары төмендегі категориялардың жиынтығы болып есептеледі. Олар:

- а) ауылшаруашылығында қолданылатын жерлер;
- б) елді мекендердің жерлері (қалалардың, поселкелердің, ауылдық елді мекендердің);
- в) өнеркәсіптің, транспорттың, байланыстың, қорғаныс министрлігінің жерлері;
- г) аса қорғауға алынған табиғи территориялардың жерлері, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсатта қолданылатын жерлер;
- д) орман қорының жерлері;
- е) су қорының жерлері;
- ж) жалпы қорлар жерлері [3].



Сурет 1. Түркістан облысының ауыл шаруашылығының салалық құрамы.

Түркістан облысында жер қорларының құрылымы төмендегідей жалпы қорлар жерлері екінші орынды алады, шамасы барлық жерлердің үштен бірін құрайды, бірінші орынды ауылшаруашылық жерлері алады. Үшінші орында 30% жуықтай көрсеткішпен орман қорлары жерлері алады, қалған жерлер шамалас мөлшермен елді мекенді жерлері, су, аса қорғауға алынған табиғи территориялар мен басқа да ауыл шаруашылығы емес жерлерді қамтиды [4]. (1 кесте).

Кесте - 1. ТО жер қорының бөлінуі

<b>Жерлер категориялары</b>	<b>мың га</b>
– ауыл шаруашылығы жерлері	4419,2
– елді мекендер жерлері	660
– өнеркәсіп, транспорт, байланыс және басқа да ауылшаруашылығы емес жерлер	50,5
– аса қорғауға алынған табиғи территориялар жерлері	111,6
– орман қоры жерлері	3041,4
– су қорлары жерлері	134,1
– жалпы қорлар жерлері	3309,4
Барлығы	11725,8

Соңғы жылдары ауылшаруашылығы жерлері қатарына біршама жерлер басқа категорияларға ауыстырылды, бұл процесс әсіресе шөлді және шөлейтті зоналарда жүргізілді. Ауылшаруашылығы жерлері Түркістан облысында әлі де бірінші орынды алады, бірақ соңғы жылдары оның құрылымы біршама өзгерді, ол көрсеткіштер төмендегі кестеде көрсетілген[5]. (2 кесте)

Кесте - 2. Ауыл шаруашылығы жерлерінің құрамы

<b>Ауыл шаруашылығы жерлері</b>	<b>мың га</b>
– жалпы көлемі	4419,2
– барлық ауылшаруашылығы жерлері	4088,2
– егістіктер	822,0
– көп жылдық өсімдіктер	17,5
– тың жерлер	95,1
– шабындықтар	119,0
– жайылымдар	3034,5

Агроөнеркәсіптік өндірістің соңғы нәтижелері тек тікелей ауыл шаруашылығының даму деңгейіне ғана емес, сонымен қатар соған қызмет көрсететін салаларға да байланысты. Ауыл шаруашылығының өндіріс көлемі ұлғайған сайын материалдық-техникалық ресурстарды, қажетті шикізаттарды, қосалқы материалдарды т.б. жұмсау мөлшері де ұлғаяды. Шаруашылықтың электр-энергияға, транспортқа, байланыс құралдарына, өнімдерді сақтауға деген қажеттіліктері де көбейеді.

Ауылшаруашылық өндірісі жөндеу-техникалық қызметтерге, материалдық-техникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыруға, инженерлік, зооветеринарлық, агрохимиялық және агролизингтік қызмет көрсету және т.б. қызметтерге деген тәуелділігі өсе түсуде. Сонымен бірге ауылшаруашылық өнімдерінің қажетті көлемін алуды қамтамасыз ететін салалары мен өндірістерді де, өнімдерді де тиімді пайдалануды және оларды тұтынушыларға дейін жеткізуді қамтамасыз ететін ұйымдастырудың да бірдей дәрежеде дамуы маңызды. Осындай салалар мен қызметтердің жиынтығы экономикада инфрақұрылым деп аталады.

В этих случаях очень часто выражаются оскорбления, потому что люди чувствуют мнимую безнаказанность. Они не всегда задумываются, что их действия не являются законными. В настоящее время за оскорбление в Интернете к нарушителям применяется наказание предусмотренное Уголовным Кодексом Республики Казахстан.

Согласно статье 131. Оскорбление Уголовного кодекса Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V:

«1. Оскорбление, то есть унижение чести и достоинства другого лица, выраженное в неприличной форме, -

наказывается штрафом в размере до ста месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до ста двадцати часов.

2. То же деяние, совершенное публично или с использованием средств массовой информации или сетей телекоммуникаций, -

наказывается штрафом в размере до двухсот месячных расчетных показателей либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до ста восьмидесяти часов»[5].

Если произошел факт оскорбления в сетях, имеется возможность разрешить ситуацию по закону, для того чтобы обратиться в суд или правоохранительные органы необходимо произвести несколько действий. В первую очередь необходимо зафиксировать факт неправомерных действий. На практике множество проблем создаются отсутствием в законодательстве определенных понятий. Чтобы суд принял снимок экрана как доказательство, его следует нотариально заверить. Каждый пользователь сети Интернет знаком с подомным действием как скриншот. Однако в законодательстве на сегодняшний день подобное понятие отсутствует. Поэтому к скриншоту относится правило относимости.

Согласно пункта 1 статьи 111. Понятие доказательств Уголовно-процессуального кодекса Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231- V: «Доказательствами по уголовному делу являются законно полученные фактические данные, на основе которых в определенном настоящим Кодексом порядке орган дознания, дознаватель, следователь, прокурор, суд устанавливают наличие или отсутствие деяния, предусмотренного Уголовным кодексом Республики Казахстан, совершение или несовершение этого деяния подозреваемым, обвиняемым или подсудимым, его виновность либо невиновность, а также иные обстоятельства, имеющие значение для правильного разрешения дела»[6].

Так как в законодательстве отсутствует понятие скриншот, суд будет оценивать его с точки зрения относимости, поэтому необходимо такой скриншот задокументировать надлежащим образом.

На практике после того, как нотариус произвел осмотр скриншота, необходимо получить заключение эксперта-филолога. Эксперту-филологу заказывают составление заключения по текстовому содержанию изображения (скриншота), имеются ли в нем оскорбительные для пострадавшего выражения.

Также имеется возможность обратиться в гражданский суд с иском о защите чести, достоинства и деловой репутации, с просьбой о взыскании морального вреда.

Согласно пункта 4 статьи 9. Защита гражданских прав Гражданского кодекса Республики Казахстан (Общая часть), принят Верховным Советом Республики Казахстан 27 декабря 1994 года: «Лицо, право которого нарушено, может требовать полного возмещения причиненных ему убытков, если законодательными актами или договором не предусмотрено иное. Под убытками подразумеваются расходы, которые произведены или должны быть произведены лицом, право которого нарушено, утрата или повреждение его имущества (реальный ущерб), а также неполученные доходы, которые это лицо получило бы при обычных условиях оборота, если бы его право не было нарушено (упущенная выгода)»[7].

Необходимо учесть, что в случае обращения в гражданский суд ответчик должен доказывать, что его высказывания не содержат оскорбительный характер.

На сегодняшний день существует проблема выявления лиц, осуществивших оскорбление, можно выявить с помощью полицейских, так как необходимы специальные технические средства, к сожалению, отсутствует законодательство, регулирующее деятельность частных детективов.

При рассмотрении поведения блогеров в социальных сетях, то можно отметить, что имеются отдельные лица, осуществляющие кибербуллинг посредством задействования многочисленных комментаторов-пользователей сети. На данный момент комментаторы-пользователи ни к какой ответственности не привлекаются, так как они могут находиться в разных городах, странах, континентах и их поиск в данный момент затруднителен. Также статья об оскорблении не содержит таких квалифицирующих признаков как группа лиц и неоднократность. Представляет, что каждый оскорбительный пост в сети является окончательным составом уголовного проступка и случаи оскорбительных высказываний десятками тысяч комментаторов-пользователей пока законодательством не установлены.

По нашему мнению для разрешения данной проблемы необходимо развивать цифровую грамотность и культуру поведения пользователей сети Интернет с самого детства. Необходимо, в целях искоренения негативных действий пользователей, учить детей культуре поведения в сети Интернет и обязательно самозащите от кибербуллинга.

В настоящее время социальные сети представляют собой виртуальный, нереальный мир, где многое можно видоизменить, например, показаться другими людьми, давать не корректные комментарии и т.п.

По нашему мнению пришла необходимость законодательно предусмотреть определенные меры наказания за кибербуллинг в киберпространстве.

### Список литературы

1. Кибербуллинг: что это такое и как его прекратить. Доступно на: <https://www.unicef.by/press-centr/328.html> (от 27 ноября 2020г.).
2. Травля. Материал из Википедии - свободной энциклопедии. Доступно на: <https://ru.wikipedia.org/wiki/%D0%A2%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BB%D1%8F> (от 6 декабря 2020г.).
3. Кибермоббинг. Словари и энциклопедии на Академике. Доступно на: <https://dic.academic.ru/dic.nsf/ruwiki/1806188> (от 6 декабря 2020г.).

4. Конституция Республики Казахстан (принята на республиканском референдуме 30 августа 1995 года). Доступно на: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1005029#pos=120;-8](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1005029#pos=120;-8) (от 27 ноября 2020г.).
5. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V. Доступно на: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31575252&doc\\_id2=31575252#activate\\_doc=2&pos=160;-98&pos2=2105;-108](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575252&doc_id2=31575252#activate_doc=2&pos=160;-98&pos2=2105;-108) (от 27 ноября 2020г.).
6. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Казахстан от 4 июля 2014 года № 231-V. Доступно на: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31575852&doc\\_id2=31575852#pos=148;-188&pos2=2360;-98](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31575852&doc_id2=31575852#pos=148;-188&pos2=2360;-98) (от 27 ноября 2020г.).
7. Гражданский кодекс Республики Казахстан (Общая часть), принят Верховным Советом Республики Казахстан 27 декабря 1994 года. Доступно на: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1006061&doc\\_id2=1006061#activate\\_doc=2&pos=32;-98&pos2=632;-48](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1006061&doc_id2=1006061#activate_doc=2&pos=32;-98&pos2=632;-48) (от 27 ноября 2020г.).

### **Түйін**

Бұл мақалада жасырын қолданушылардың қорқытуы мен қорлауы болып табылатын кибер-бұзақылыққа қатысты мәселелер талқыланады. Жаһандық Интернетті адамдар қолдана бастаған кезде, сонымен бірге, әлеуметтік желілерде, форумдарда, чат бөлмелерінде, онлайн ойындарда және т.б. Кейіннен киберкеңістіктегі қорқыту киберкаскүндік ретінде анықталды және соңғы бірнеше жылда ол жиі қолданыла бастады. Әдетте өмірде қорқыту әлдеқайда жиі кездеседі, бірақ бұзақылардың айтарлықтай артықшылығы бар, өйткені олар өздерін қудалаушылардан оқшаулай алады. Кибербуллерлер өз құрбандарын үнемі ізіне түсіру мүмкіндігіне ие. Біздің ойымызша, бұл мәселені шешу үшін цифрлық сауаттылық пен Интернет қолданушыларының өзін-өзі ұстау мәдениетін бала кезінен дамыту қажет. Қолданушылардың жағымсыз әрекеттерін жою үшін, интернеттегі балаларды өзін-өзі ұстау мәдениетін үйрету және кибербұзушылықтан қорғануға сенімді болу үшін қажет. Қазіргі уақытта әлеуметтік желілер - бұл виртуалды, шындыққа жанаспайтын әлем, мұнда көп нәрсені өзгертуге болады, мысалы, басқа адамдар сияқты көріну, дұрыс емес пікірлер беру және т.б. Біздің ойымызша, киберкеңістіктегі кибербуллинг үшін белгілі бір жазаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету қажеттілігі туды.

### **Abstract**

This article addresses issues related to cyber mobbing, which is harassment and insults by nameless users. With the beginning of the use of the global Internet by people, in parallel, harassment began on social networks, on forums, in chat rooms, in online games, and so on. Subsequently, harassment in cyberspace was defined as cyberbullying and in the last few years it has become often used. Bullying in real life in general is much more common, but people who have been bullied have a significant advantage, as they can isolate themselves from their pursuers. And cyberbullers have the opportunity to pursue their victim constantly. In our opinion, to solve this problem, it is necessary to develop digital literacy and a culture of behavior of Internet users from childhood. It is necessary, in order to eradicate negative actions of users, to teach children a culture of behavior on the Internet and necessarily self-defense against cyberbullying. Currently, social networks are a virtual, unrealistic world where much can be modified, for example, to appear to other people, to give incorrect comments, etc. In our opinion, it was necessary to legislate certain penalties for cyberbullying in cyberspace.

ӘОЖ 323.1 (574.5)

**А.М. Джалилов**

магистр, оқытушы, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

## **ЭТНОКОНФЕССИЯЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ РЕТТЕУДІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІ**

### **Түйін**

КСРО тұсында лінге қарсы науқан мемлекеттік деңгейде жүргізілді. Бұл саясат мемлекет ыдыраған күніне дейін жүргізілді. КСРО қабылданған конституцияларына сәйкес өз республикасының азаматтарына діни бостандық құқығын беріп отырған. Алайда олы діни бостандық шеңберіндегі бостандықтар формалді түрде сақталып келді. Қазақстан Республикасы 16 желтоқсан 1991 жылы Тәуелсіздігін жариялағанда, мемлекеттің діни қатынастар бойынша саясатты қайта қарады. Тәуелсіздік жарияланған күннен бастап Қазақстан Республикасы ұлтаралық және дінаралық қатынастардың нығаюына аса үлкен мән беруде. Дін – қоғамды біріктіруші басты фактор ретінде қарастырылады. Қазақстанның ұлттық және діни құрамы әралуан болғандықтан, діни фактордың Қазақстан халқын біріктірудегі орны ерекше. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасында 40 конфессия өкілдері өмір кешуде. Тәуелсіздік жылдарында дінаралық қатынастарды реттейтін бірнеше заңдар қабылданды. Мемлекетіміздің толерантты саясатының арқасында Қазақстан азаматтары діни нанымдарға сену саласында көптеген құқықтарға ие. Аталмыш мақалада автор әлемде мойындалған этноконфессиялық саясаттың жүзеге асу әдісі мен тәсілдерін қарастыруда.

**Кілттік сөздер:** дін, конфессия, саясат, толеранттылық, зайырлылық

Дүниенің байлығы оның әр алуандығынан тұратыны баршаға мәлім. Сол үшін, «Этникалық алуан түрлілік – бұл адам өмір сүруінің оңтайлы түрі», – деп айтатын, зерттеуші ғалым Л.Н.Гумилев. Ұзақ тарихи уақыт бойы қалыптасқан діни және мәдени әралуандығы еліміздің ерекшелігін паш етеді. Мемлекетіміздің «өркениеттер торабы» деп аталуы заңды құбылыс деп есептеймін. Еліміз ислам, христиан, буддизм, иудаизм сияқты ықпалы зор дүниежүзілік конфессиялардың нағыз тоғысқан жері болып келеді. Біздің елімізде сан ғасырлар бойы әртүрлі өзге халықтар мен ұлттардың өкілдері мекендеп, еңбек етуде. Осында, өзара өркендеуге маңызды ықпал ететін, берік мәдени және әлеуметтік – экономикалық байланыстар қалыптасқан. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының өзекті басымдылықтарының бірі – дінаралық татулықты нығайту. Еліміздің дінаралық тұрақтылық үлгісі мемлекетіміздің қоғамының дамуындағы күрделі конфессияаралық конфигурацияны көрсетеді. Республикадағы барша діни сенімдердің толық құқықтық теңдігіне қарамастан, осы конфигурацияның ортасында еліміздегі екі ең ірі діни, мемлекетімізде дінаралық төзімділікті қамтамасыз етіп отырған – Ислам және Православие діндері тұр. Мемлекетіміздегі барша діндер арасындағы қарым-қатынас тек тұрақтылық пен толеранттылық негізінде жүзеге асады. Діни сенімдердің көп әралуандығы, түрлілігі, солардың жұмысының ерекшелігі, адепттердің ұлттық құрамы, солардың жастық және білім деңгейлері, осылардың барлығының жиынтығы конфессияаралық қарым-қатынастың жүйесін құрайды. Кез келген дін басқа діндермен өзара қатынасын қалыптастырады. 2011 жылғы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңға сәйкес дін мемлекеттен бөлінген, еліміз зайырлы болғандықтан, діни ұйымдардың ішкі қызметтеріне қол сұқпайды, дегенмен ішкі және сыртқы саясатта этноконфессияаралық факторларды ескереді. Мемлекетіміздің дінаралық келісім моделі дегеніміз – осы. Қазақстан Республикасындағы дінаралық қарым-қатынас жүйесі тұрақты түрде нығайып дамуда. Сондай – ақ осы тұрақтылыққа қолдау көрсетіп және сақтап отыруымыз керек, өйткені әлем елдерінде жүзеге асып тұрған үрдістер тұрақтылықты сақтауға әр кезде мүмкіндік туғызбайды, керісінше тұрақсыздықтың тууына әкеледі. Геосаясат территориясындағы бірқатар ықпалды халықаралық және отандық

сарапшылар дүние жүзінде тұрақсыздықтың артып көбеюіне назар аударуда, сонымен бірге осы тұрақсыздық глобалды сипатқа ие болуда.

Сол үшін де осындай жаңа шарттардан дінаралық келісімнің тұрақтылығын қалай сақтауға болатындығын анықтайтын заңды сұрақ туындайды. Біріншіден, ел мен конфессияларға осы салада қол жеткізген жетістіктерді сақтау және дінаралық бейбітшілікті жоюға әкелетін қадамдар жасалмау керек. Екіншіден, Біздің мемлекетіміз қоғамымыздағы өзгеріп жатқан әлеуметтік-саяси жағдайларға сәйкес конфессияаралық саладағы заңдарға қатысты өз заңнамаларын өзгертуге немесе қайқарастыруға құқылы. Үшіншіден, осы заң дінге сенушілердің құқығын шектемеу керек. Сол үшін өзгертулер мен толықтырулар дәйекті және үйлестірілген болуы қажет. Төртіншіден, Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы, Еуропалық Одақ, Біріккен Ұлттар Ұйымы адам құқығы жөніндегі Кеңесі және тағы басқа халықаралық ұйымдар адам құқығы саласындағы халықаралық заңнамаларға назар аударып зерттеуде, сол себепті осы ұйымдар конфессияаралық қатынастар саласындағы 2011 жылы қабылданған жаңа заңнамаға ерекше көңіл бөлуде.

Қазақстан Республикасындағы конфессияаралық қатынастардың кейбір қағидаттары туралы:

Алғашқы қағида – барша дін ұстанушыларға төзімділік және инабатты қарым-қатынас қағидасы, сонымен бірге өзге конфессия өкілдеріне толеранттылық таныта отыру. Екінші қағида – дінаралық сұхбаттың барша қатысушыларына деген тең құқықтық қағидасы, осымен бірге баршаның өз ойы мен ұстанымын еркін білдіру мүмкіншілігі. Сұхбатқа қатысушылардың ешқайсысында басқаларға деген басымдық болмауы тиіс. Үшінші қағида – сұхбат ұйымдастыру және жүргізуден құралады. Төртінші қағида – Қазақстандағы мемлекеттік – конфессиялық қатынастар серктестік, өзара сыйластық және бір – бірінің істеріне араласпау қағидаларына негізделеді. Еліміздегі діни бірлестіктер қоғамдағы азаматтық бейбітшілікті және рухани келісімді нығайтуға бағытталған әлеуметтік – мәдени шараларға атсалысады, соның барысында:

– өзге конфессияны ұстанушылардың өз дініне қаратуға бағытталған ойы, бір сенімнің өзге сенімге басымдық көрсету әрекеті болмауы тиіс;

– дін ұстанушылардың қатынасы өзара түсіністік үшін жайлы атмосфера тудыратын, кереғар наным мен өзге сенімді дұрыс емес түсіндіруді көздемеу керек ;

– барлық адамдар ұлттық және конфессиялақ ерекшелігіне тәуелсіз, барша азаматтардың бейбіт қатар өмір кешуі мен серіктестігі үшін қолайлы шарттар мен тиімді жолдар іздеуге негізделуі керек [1].

Дінаралық және конфессияаралық сұхбатқа тоқталар болсақ, Қазақстан Республикасы дүниежүзілік деңгейде конфессияаралық диалогты нығайтып кеңейтуге зор үлесін қосып келетіні баршаға мәлім. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың

ұсынысымен, қазіргі заман тарихында біздің мемлекет алғашқы болып конфессияаралық және мәдениетаралық сұхбатты өрбітумен айналыса бастағанын атап өту керек. Біздің еліміз әлімдік деңгейде төзімділік пен ынтымақтастың принциптері мен ұстанымдарын ұсынып, бірегейлік пен толеранттылық статусы арқылы танылған мемлекет болып отыр. Мемлекетіміз келесі халықаралық ұйымдар деңгейінде қауіпсіздік, ынтымақтастық пен төзімділік секілді маңызды проблемаларды шешу бағытында белсеңе қызмет атқарды:

1. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі (Азия кеңесі, АӨСШК). АӨСШК-ні құру жөніндегі ұсынысты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1992 жылы 5-қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында ұсынды;

2. Түркітілдес елдердің ынтымақтастық кеңесі (ТМЫК) мүшесі, 2009 жылы 3- қазанда құрылды.

3. Шанхай ынтымақтастық ұйымына 2010 жылдың маусымы мен 2011 жылдың маусымы аралығында төрағалық жүргізді;

4. Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының 2010 жылғы төрағасы;

5. 2011 жылы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына төрағалық етті;

6. 2011 жылы Ислам ынтымақтастық ұйымына төрағалық етті, Қазақстанда 2011-2015 жылдарға арналған Орталық Азия елдерімен ынтымақтастық туралы ИЫҰ Іс-шара жоспары қабылданды.

Қазақстан Республикасы осы аталған халықаралық ұйымдарға төрағалық ету барысында мынадай оң нәтижелерге:

- халықаралық деңгейде елімізді мойындауға және елдің қалыпты дамуына;

- әлемдік қауымдастықтың еліміздің Орталық Азия аймағындағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау мен ығығайтудағы қосқан үлесін жоғары бағалауына;

- халықаралық маңызға ие мәселелер бойынша өзіндік бастамаларын іс жүзінде асырудың мүмкіндіктеріне;

- әлемдік қауымдастықты Азия континентіне, ондағы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікке төндіріп отырған немесе төндіруі мүмкін мәселелерді реттеуге, алдын алуға көңіл аудартуға;

- толеранттылықтың қазақстандық үлгісін халықаралық аренада кеңінен танытуға қол жеткізді.

Қазақстан Республикасының Президенті бастамасымен елімізде халықаралық деңгейде толеранттылық қағидалары мен механизмдерін жетілдіру бағытында мына іс-шаралар жүйелі түрде өткізілуде:

1. ЕҚЫҰ Астана саммиті, 2010 жыл 1-2 желтоқсан;

2. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Съездері;

3. Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиялары. «Қазақстан халқы Ассамблеясы: Сенім. Дәстүр. Традспаренттік. Толеранттылық» атты ҚХА-ның XVI сессиясы, 20-қазан, 2010ж.;

4. Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК) мемлекеттерінің толеранттылық мәселелері туралы азаматтық форумы [2].

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Съездеріне келер болсақ, еліміз алғашқылардың бірі болып, өзіне жауапкершілік ала отырып, саналуан әлемдік және дәстүрлі діндер мен конфессиялар көшбасшылары арасындағы сұхбатты нығайтумен іс жүзінде айналысуда. Конфессияаралық келісімді нығайтудағы маңызды қадамдардың бірі Әлемдік және дәстүрлі діндердің съезін өткізу болды. Бұған бастамашы болған Елбасы Н.Ә.Назарбаев. Азаматтық бейбітшілікті, әртүрлі діндер өкілдерінің арасындағы келісімді қолдауға бағытталған Қазақстанның тәжірбиесі мен саясаты дүние жүзі қауымдастығына түрлі конфессиялардың сенімді қатар өмір сүру әрі қажет, әрі мүмкін екендігін тағы да дәлелдеді. Мемлекет басшылары мен әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының қолдауымен, 2003 жылы 23-24 қыркүйекте республикамызда әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының I Съезі өтті. Дінаралық форум жұмысында Астанаға дүние жүзінің 14 мемлекетінен 17 делегация келді. Құрметті қонақтар ретінде форумға атақты саясаткерлер қатысты. Олар: Сауд Арабиясының әділет министрі А.Аль Аш-Шейх, Египет Араб Республикасының Вакуфтар ісі бойынша министр М.Закзук, Жапонияның экс-премьер-министрі Ц.Хата, БҰҰ Бас хатшысының арнайы өкілі В.Сотиров. Бірінші Съездің жұмысы, болашақта үйлесімді әлем құруға негіз болатын, адамзат үшін бейбітшілік пен алға жылжуды және мемлекеттерде тұрақтылықты қамтамасыз ету жолында рухани басшылар бірігіп, қызмет ететінін жариялаған Декларация қабылдаумен аяқталды. Съезд қорытындысы бойынша, съездке қатысушы делегаттар конфессияаралық сұхбатты терең мазмұнды және пікірталас жүргізе білуге қабілетті болуы қажет екендігі жайлы бір тұжырымға келді [1].

Конфессияаралық және дінаралық салада тұрақсыздықтың пайда болу себептерін анықтау, конфессияаралық үйлесімділікті жетілдіру қажеттілігі, бір-біріне деген өзара



сыйластықты өзге этностардың дәстүрлерінен үйрену жөнінде мәселелер қаралды. Аталмыш конфессияаралық басқосуды 3 жылда бір рет тұрақты өткізу туралы Бірінші Съездің шешімі өткен іс-шараның жетістігі ретінде бекітілді. 2006 жылы Елордамызда Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының ІІ Съездің ұйымдастыру және дайындауы жөнінде Қазақстан үлкен мәртебеге ие болды. Съездің және оның Хатшылығының қызмет ұйымдары, осымен бірге қоса Хатшылықтың қызмет тобы жиынның мазмұнды және тұжырымдамалы құжаттары мен материалдарын, сонымен бірге Съездің қорытынды құжаттарын әзірлеуге негізделген қызметін тұрақты түрде атқарды. І Съезд қатысушыларының шешімімен, Съезді өткізу және даярлауға қатысты барлық мәселелер бұл іс-шараның бастаушысы мемлекетімізге берілді. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Екінші Съезі 2006 жылы 12-13 қыркүйекте Нұр - Сұлтан қаласында бірегей архитектуралық ғимарат – Бейбітшілік және келісім сарайында өтті. Іс-шара «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» жалпы тақырыбымен, «Діни сенім еркіндігі және өзге дін өкілдеріне құрмет» және «Дін көшбасшыларының халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі ролі» деген екі бағытта өтті. Дінаралық форумға қатысу үшін елордамызға әлемнің 26 елдерден 25 діни көшбасшы және 14 құрметті қонақтар келді. Құрметті меймандар ретінде солардың арасында БҰҰ Бас хатшысының орынбасары Сергей Орджоникидзе, Малайзияның бұрынғы премьер-министрі Мохаммад Махатхир, ЮНЕСКО-ның бас директоры Коичиро Мацуура және әйгілі саяси және қоғам қайраткерлері, сонымен қатар әртүрлі мемлекеттердің үкіметтік емес ұйымдарының, заң шығарушы органдардың мүшелері шақырылған еді. Съезд жұмысына тұңғыш рет рухани көшбасшы Жоғарғы Патриарх және Католикос Гарегин ІІ бастауымен Армяндық Апостолдық шіркеу делегациясы қатысты. Бірінші күні Съезд жұмысында әртүрлі конфессияларға сенушілердің көшбасшыларының қабылдайтын алғашқы қағидалары анықталған «Дінаралық диалог қағидаттары» атты құжат қабылданды, бұл қағидаларды ұстанбай дінаралық сұхбатты бастау мүмкін емес. Съезд жұмысы аяқталғаннан кейін, делегаттар барша конфессия және этнос өкілдерін мәдени және діни айырмашылықтар негізінде туындайтын қақтығыстарға тыйым салуға шақыратын ортақ Декларацияны мақұлдады. Декларацияда «қарсылық идеологиясын» «әлем мәдениетіне» алмастыруда глобалдық қажеттілік толық көрсетілген. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының ІІІ Съезі 2009 жылы 1-2 шілде де өтті. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары Үшінші Съезінің қатысушы өкілдіктерінің деңгейі бұрын өткен дінаралық форумдармен салыстырғанда ерекше жоғары және беделді болды. Шақырылғандардың көптігі ІІІ Съезде көтерілген сұрақтардың маңызды әрі ауқымды болуымен, сондай-ақ көптеген қоғам қайраткерлері және өкілетті органдар жетекшілері ілтипат білдіріп, белсенді қатысуымен байланысты, бұл – өткізілген іс-шараның маңыздылығын және қажеттілігін білдіреді. ІІІ Съезге 37 мемлекеттен келген 77 делегация өкілдері қатысты. Әлемдік діндер, яғни ислам, христиан және буддизм өкілдерінің саны артты [1].

Съезд барысында жүзеге асатын іс-шаралар, Съездің одан арғы табысты қызметіне қосымша қуат беретінін ескере отырып, Жерорта теңіздік серіктестермен ынтымақтастық Тобы шеңберінде қосымша семинар өткізілді, елімізде тіркелген өзге елдердің дипломатиялық корпус мүшелері оның қатысушылары болды. «Съезд қатысушыларының діни және саяси көшбасшыларға, қоғам қайраткерлеріне, ғалымдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына және әлемдік қоғамдастыққа үндеуі» – Форумның қорытынды құжаты болып есептеледі. Үшінші Съездің өзекті ұсынысының бірі Дін көшбасшылары Кеңесінің құрылуы болды. Үшінші Съездте, жұмысы мәдениет және экономикалық өзара қарым-қатынас сұхбатына негізделген, басқа форумдармен және халықаралық ұйымдармен серіктестік үшін діни көшбасшыларының Кеңесін құру туралы ұсыныс айтылды. Ой-пікір алмасу кезінде, ұсыныс енгізілген соң, Кеңес құру жөнінде бастама іске асты. 2011 жылдың маусым айында Елордада өткен Съездің Х Хатшылығында, «Діни көшбасшылар кеңесі тұжырымдамасы» бекітілді. 2012 жылы 30-31 мамырда Астанада «Бейбітшілік және келісім – адамзат таңдауы» ұранымен Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының ІV Съезі өтті. Съезд

жұмысының құрамында христиан, ислам, иудаизм, синтоизм, зороастризм дін өкілдері, сондай - ақ мемлекет, қоғам және халықаралық ұйымдардан келген құрметті қонақтар, барлығы дүние жүзінің 40 мемлекетінен келген 85 делегация қатысты. Съезд барысында, құрамына әлемнің 14 конфессиялардың өкілдері кіретін Дін көшбасшылар кеңесінің бірінші отырысының болуы тарихи оқиғаға айналды. Дін көшбасшылар кеңесі бұдан былай Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің тұжырымды және мазмұнды жұмысын айқындайтын басты институты болып табылатыны – IV Съезде жарияланды.

*Кеңес қызметінің негізгі міндеттері:*

– әртүрлі конфессия өкілдері арасындағы өзара төзімділік пен серіктестікті ары қарай дамыту;

– Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері Съезді сұхбат алаңының тұжырымды негіздерін нығайту;

– Съезд жұмысына қатысты мәселелер бойынша, сонымен қатар өзге халықаралық ұйымдар және форумдармен әріптестік туралы шешім қабылдау.

Қазіргі таңда электрондық порталдың бір бөлігіне айналған G-Global» – «Ұлы әлем» деп аталатын, глобалды толеранттылық пен сенімді қалыптастыру және бекітуге арналған интернет-қорды құру – IV Съездің өзекті ұсыныстарының бірі болды. Съезд қорытындысы бойынша қатысушылардың Үндеуі қабылданды [1].

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IV Съезінде сөйлеген сөзінде: «Жиырма бірінші ғасырда толеранттылық дамудың, өсімнің және инновациялық экономиканың негізгі факторы болып келеді. Соңғы отыз жылда этно-мәдени алуан түрлілігімен ерекшеленетін елдер барынша табысқа қол жеткізді. Бүгінгі әлем осындай тәжірибені байыту мен дамытуды қажеттілік етеді» - деп айтқан болатын. Яғни, толеранттылықты - дамудың негізгі факторы деген тұжырымды ұсына отырып, дамудың әлемдік тәжірибесіне назар аудартады. Еліміз толеранттылықтың қазақстандық үлгісі ретінде, дүниежүзіне бейбітшілік мәдениетімен, ядролық қаруға қарсы күресімен, ұлттар мен конфессиялар арасындағы келісім мен татулық қатынастарымен танылды. Толеранттылық өркениеттіліктің белгісі, бұл халықтың санасы, мәдениеті мен дәстүрі, рухани байлығы дамуының көрінісі. Толеранттылық күрделі және көпжақты феномен, ол мемлекеттің даму болашағын анықтаушы, жалпы тұрақтылықтың негізі, экономикалық дамудың маңызды факторы, әлеуметтік өмірдің - этникалық, мәдениет аралық, діни, саяси мен әлеуметтік аспектілерін қамтушы құбылыс болып табылады [2].

2015 жылы 10-11 мауысым аралығында Нұр – Сұлтан қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының V съезді өтті. Бейбітшілік және келісім сарайында өткен жиында дүние жүзінің 42 мемлекетінен келген беделді саясаткерлер, Иудаизм, Христиан, Ислам, Буддизм, Индуизм, Синтоизм, Даосизм, Зороастризм қайраткерлері «Діни көшбасшылар мен саяси қайраткерлердің бейбітшілік және даму жолындағы диалогы» тақырыбын тереңдей талқылады. Сонымен бірге Съезд жұмысына ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев, БҰҰ бұрынғы Бас хатшысы Пан Ги Мун, Қасиетті Тақтың дінаралық сұхбат жөніндегі Папа кеңесінің президенті, кардинал Жан-Луи Торан, Финляндия Президенті Саули Ниинисте, Дүниежүзілік Ислам Лигасы бас хатшысының орынбасары Абдрахман бен Абдалла аз-Зейд, Иордания Королі Абдалла II, Дүниежүзілік Ислам мәзхабтарын жақындастыру ассамблеясының бас хатшысы Мохсен Мохаммади Араки, Франция митрополиті Эммануил Адамакис қатысты. Форум қорытындысы бойынша мүшелер әскери шиеленістерге қатысып жүрген тараптарды тұрақсыздықты тоқтатып, келісімге келіп, диалог арқылы тұрақсыздықты тоқтату, бейбіт тұрғындарды қорғау мен барша қайшылықтарды бейбіт шешу туралы келісімді даярлауға шақырған және эпидемиялардың, ашаршылықтың, кедейліктің, жұмыссыздықтың және өзге де қатерлердің мәселелерін шешу үшін діни, саяси қайраткерлердің күш-жігерін жұмылдыруға бағытталған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының V съезінің декларациясын қабылдады [3, 6].

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының V Съезінде Елбасы Н.Ә. Назарбаев осындай державаларды санкциялық, ақпараттық майдандарды тоқтатуға шақырды. Таяу Шығыстағы, Солтүстік Африка мен Украинадағы тұрақсыздық бәсеңдемей тұр. «Ислам мемлекеті» террористік ұйымының күш алуы – өз алдына бір әңгіме. Түптеп, келгенде осының барлығы өңірлік, глобалдық қауіпсіздікке қауіп-қатерлер төндіруде. Елбасымыз соларға қарсы күш біріктіру идеясын ұсынды [3].

2007 жылдың 20 – 23 маусымында Елордамызда әлемнің 15 мемлекетінен парламенттер депутаттары мен сарапшылар қатысқан Парламентаралық православие Ассамблеясының XIV Бас Ассамблеясы өтті. Қыркүйекте «Орталық Азиядағы ислам өркениеті» атты халықаралық ғылыми конференциясы өткізілді, оған дүние жүзінің 21 елінен 120 ғалым, зерттеуші, саяси, қоғам қайраткерлері, түрлі діни бірлестіктер мен халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты. Біздің еліміздің бүкіл планетада тұрақтылық пен өзара түсіністік орнатуға ұмтылыстың дәлелі – 2007 – 2008 жылдары өткен Біріккен Ұлттар Ұйымының 62 – сессиясында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың биік мінберден таяудағы жылдардың бірін Халықаралық мәдениеттер мен діндердің жақындасу жылы деп жариялау туралы бастамашылдығы болып табылады. Бұдан басқа, БҰҰ – ның адам құқықтары жөніндегі Жоғарғы Комиссары Басқармасының өкілі, тәуелсіз сарапшы Гэй Мак Дугалл өзінің Қазақстанға сапары барысында біздің тәжірибемізді арнайы зерттеді, ал этносаралық толеранттылықтың қазақстандық үлгісі Женевада БҰҰ - ның аз ұлттар мәселелері жөніндегі «Азшылықтар және олардың саяси өмірге атсалысуы» атты II Форумында таныстырылды. Франция, Норвегия, Ұлыбритания, ГФР, АҚШ, Финляндия, ҚХР, Ирландия, Литва және Австрия өкілдерінің Ассамблеяның тәжірибесін зерттеу мақсатымен Ассамблеяға сапарлары жиілей бастады. Армения ғалымдары Ереванда қазақстандық үлгіні зерттеу жөнінде арнайы «Дөңгелекестел» өткізді, ал Варшавада өткен адамдықөлшем жөніндегі мәжілісте грузин Мемлекеттік емес ұйымдар біздің тәжірибені қабылдап алу жоспарларын айтты. Тәжірибе саласында Ресей және Татарстан халықтары Ассамблеяларымен Ынтымақтастық жөніндегі келісімді, «ЕуроАзия» журналына «Қазақстан халқы Ассамблеясы және мәдениетаралық уақытасу» атты тақырыптық қосымшаны, қазақстандық тәжірибеге арнайы тақырыптық блоктар арналатын «Вестник актуальных прогнозов. Россия: Третье тысячелетие» басылымын айтуға болады [5][7].

Жалпы, ашықтық пен ынтымақтастық рухы біздің дәстүрлердің бір бөлігін құрайтындығы, себебі ерте замандардан бері еліміз саналуан дәстүрлер мен мәдениеттердің тоғысу және табысу ортасы болғандығы да қазір айтылып та жазылып келеді. Сол үшін де жаңа замандағы егеменді мемлекетіміз өзге халықтармен, этностармен және мәдениеттермен мүдделес ынтымақтастықтың «көпірлерін салу» үшін қажетті алғышарттардың-туыскандықтың, сұхбат пен өзара түсіністіктің рухында өркендеуді қалайтындығын да көре білді. Осы ойлармен сабақтасып, көп ұзамай мемлекетімізде конфессияаралық сұхбат басталды. Сұхбат - өзара түсіністікке негізделген, оған қатысушы екі жақтың мүмкіндігі бар әлеуметтік құбылыс. Сұхбат - бұл адамдардың бір-бірімен ой алмасуы, өзгелерді түсінудің оңтайлы тәсілі. Мәдениеттер мен конфессиялардың диалогы қақтығыс пен тұрақсыздықты шешу үшін ынтымақтастықты нығайтуды қамтамасыз етеді. Осы орайда еліміз үлгі бола алады. Этносаралық және конфессияаралық толеранттылыққа тәрбиелеп, ұлттардың дәстүрлі мәдениетін сақтау мен дамыту үшін, мемлекетімізде түсіністік пен сыйластықты арттыру үшін игі шаралар тұрақты атқарылып келеді. Құрбан айт пен Рождествоның ресми тойлануын осының жарқын мысалы ретінде келтіруге болады. Қоғамымыздың рухани тұрғыдан жаңаруында дәстүрлі конфессиялардың маңызы ерекше. Ислам, христиандық және иудей діндерінің жалпы адамзаттық және адамгершілік құндылықтарының ұлттаралық және конфессияаралық келісім мен толеранттылықты орнықтырудағы маңызы айтарлықтай. Олар елімізде достықты, өзара құрмет пен түсінісушілікті нығайтуға қызмет етуде. Мемлекетіміздің биік мінберлерінен айтылған осындай ойларды халыққа түсіндіріп, дінаралық келісім ісінде игі дәстүрлерге ие болғандығын паш етеді. Еліміз базғы заманнан

бері әралуан мәдениеттер мен діндердің тоғысу жері болғандығын, ел территориясында сан ғасырлар бойы тәңіршілдік, зороастризм, манихейлік, буддизм, христиандық және ислам діндері бейбітшілікте өмір сүргенін, яғни төзімділік пен дінаралық келісімнің моделі болғандығын баяндайды [4].

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан қоғамы дамуының өзекті мәселелері: мақалалар жинағы / Жауап. ред. Б.Қ. Сұлтанов. – Алматы: ҚР Президентінің жанындағы ҚСЗИ, 2010. – 164 б.
2. «Дін тазалығы- Ел,Қоғам, Ұлт тұтастығының кепілі» Атты обылыстық ғыл.-прак. Конф. Мат-дар жинағы Шымкент, «Асқарлы баспасы», 2014.-244 бет.
3. М. Сұлтан. Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V съезі өз жұмысын аяқтады. Мына сілтемеде: <http://old.baq.kz/kk/news/ruhaniyat/alemdik-zhane-dasturli-dinder-liderlerinin-v-s-ezi-oz-zhumisin-ayaktadi-66621> (23 қараша 2020 ж.).
4. А. Бектұрғанов. Көпконфессиялық қоғамның ортақ мұраты. Мына сілтемеде: <https://centre-tur.kz/kk/maqalalar/zaiyrlly-memleket/kopkonfessiialyq-qogamnyn-ortaq-muraty-35/> (23 қараша 2020 ж.).
5. Дін және қазіргі заман: Қазақстан Республикасы Дін істері агенттігінің және Агенттіктің ведомствалық ұйымдары мен аймақтық департаменттері қызметкерлерінің БАҚ беттерінде жарық көрген мақалаларының жинағы / Құраст. Ж.Қ. Жарқымбеков, Н.Х. Шубаев. – Астана, Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығы. 2013– 162 б.
6. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар // Мемлекеттік қызметкерлерге арналған әдістемелік құрал – Астана: МДХО, 2014. – 106 б.
7. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздік дәуірі. – Астана, 2017. – 508 б.

### Аннотация

В период существования СССР, в государстве вплоть до распада Советского Союза проводилась антирелигиозная кампания. Согласно конституциям СССР гражданам республики предоставлялось право сввободного вероисповедания. Однако все эти законы в области религиозных прав были формальными. После обретения независимости 16 декабря 1991 года, Республика Казахстан учитывая ошибки СССР, пересмотрела свою политику в сфере религиозных отношении. С обретением независимости Республика Казахстан уделяет особое внимание к укреплению межнациональных и межрелигиозных отношении. Религия – является одним из факторов который объединяет общество. Так как национальный и религиозный состав Республики является разнообразным, религиозный фактор особенно важен в объединении народов Казахстана. На сегодняшний день в Республике Казахстан проживает представители 40 различных конфессии. За период независимости были выработаны множество законов которые регулируют религиозные отношения. Благодаря толерантной политике государства в Казахстане гражданам предоставляется широкие права в области вероисповедования. В данной статье автор рассматривает пути и методы реализации модели этноконфессиональной политики которая позитивно оценена за рубежом.

### Abstract

During the existence of the USSR, an anti-religious campaign was carried out in the state until the collapse of the Soviet Union. According to the constitutions of the USSR, citizens of the republic were granted the right of free religion. However, all these laws in the field of religious rights were formal. After gaining independence on December 16, 1991, the Republic of Kazakhstan, taking into account the mistakes of the USSR, revised its policy in the field of religious relations. Since independence, the Republic of Kazakhstan has paid special attention to strengthening inter-ethnic and interreligious relations. Religion is one of the factors that unites society. Since the national and religious composition of the Republic is diverse, the religious factor is especially important in the unification of the peoples of Kazakhstan. Today, representatives of 40 different confessions live in the Republic of Kazakhstan. During the period of independence, many laws were developed that regulate religious relations. The tolerant policy of the State in Kazakhstan gives citizens wide rights in the field of religion. In this article, the author discusses ways and methods of implementing the model of ethno-confessional policy, which is positively evaluated abroad.

УДК 787. 55

**А.А.Исмаилов, Л.К.Омарбаева**

к.ю.н., старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова,  
Шымкент, Республика Казахстан  
старший преподаватель, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова,  
Шымкент, Республика Казахстан

## **РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ (ДУХОВНОЕ ВОЗРОЖДЕНИЕ) – ДВИЖУЩАЯ СИЛА, МЕНЯЮЩАЯ ТРАДИЦИИ И МИРОВЫЕ ИДЕОЛОГИИ КАЗАХОВ**

### **Аннотация**

В статье рассматривается значение духовной модернизации в период становления Казахстана как независимого государства. Духовная модернизация сознания общества основывается в духовных ценностях человечества, при этом национальное сознание стоит как первостепенная задача перед государством. Права человека, его жизнь и свободы являются основой правового государства.

В 21 веке национальное сознание как продукт должна быть конкурентоспособной, иметь национальный прагматизм, сохранить национальную общность, торжество знания в духовной жизни человека и общества и развитие общества в целом. В свое время об особенностях развития казахского общества в своих трудах писали Ч. Валиханов, Ж. Ақпаев и другие видные общественные деятели. Национальные традиции сформировавшиеся веками, являются мощным позитивным фактором формирования развития духовного сознания человека и общества.

**Ключевые слова:** демократия, духовные ценности, национальное сознание, прагматизм, национальное единство, гражданское общество

Провозглашение государственного суверенитета Казахстана - одно из важнейших политических событий в жизни республики. Этот период стал реальным шагом на пути к полной независимости республики, независимость пришла к Казахстану в результате постоянной борьбы казахского народа на протяжении более двух с половиной веков. 16 декабря 1991 года - провозглашение государственной независимости Республики Казахстан, названное Днем Независимости, стало поистине великим событием в истории казахского народа.

Казахстан с момента приобретения независимости провозгласил себя демократическим, правовым, светским и социальным государством. Красной чертой пронизана линия, и эта черта верховенство закона. Главной целью верховенства закона является защита прав, свобод и законных интересов личности и общества в целом. Где главными ценностями являются человек, гражданин и личность и его права, жизнь и свобода. По действующей Конституции РК четко указано равенство всех граждан, равная ответственность перед законом, независимо от национальности и т.д.. В Послании Президента Республики Казахстан народу Казахстана от 2007 года подчеркивается, что на пути к верховенству закона необходимо развитие политической и административной систем в новую эпоху и требуется дальнейшее укрепление основ открытого, демократического и правового государства[1].

Дальнейшее развитие верховенства закона было опубликовано 12 апреля 2017 года, где Глава государства в своей программной статье под названием «В фокусе будущего: возрождение общественного сознания» четко обозначил конкретные направления возрождения общественного сознания казахстанцев[2].

Любой народ может быть объединен только своими изначальными духовными ценностями и добродетелями. Эту позицию Президент разъяснил в программной статье «В фокусе будущего: духовное возрождение», где поднимается проблема национального самосознания. По мере изменения направления человеческой цивилизации меняется и задача расширения поля национального сознания. В это новое время новые миры развития (научные, технические, информационные, технологические) в мире человечества ставят

новые проблемы и новые задачи перед национальным сознанием. Один из вопросов, который должен стать одной из отличительных черт современного национального самосознания, - это способность заранее распознавать то, что противоречит обществу, чтобы овладеть новыми мирами, укрепляющими и сохраняющими национальные интересы.

Что касается того, что должно стать продуктом национального самосознания казахского народа в XXI веке, так это конкурентоспособность, национальный прагматизм, сохранение национальной идентичности, торжество знаний в духовной жизни общества и личности, развитие общества по-своему. Как упоминалось ранее, национальное сознание - это духовное явление, объединяющее человека с государством и обществом. Следовательно, стабильность и устойчивое развитие общества зависит от действий людей, их духовных ценностей и духовного уровня, объединяющего все формы общественного сознания. По этой причине конкурентоспособность всегда необходима для будущего и развития общества. Без конкуренции опыт общества не приближается к его (обществу) сущности.

Перед проблемой конкурентоспособности существуют проблемы, которые препятствуют появлению талантливой молодежи, образованных людей, которые хотят быть конкурентоспособными в обществе. К ним относятся коррупция, взяточничество в образовании и науке и так далее.

Зная особенности казахского общества, Ш. Валиханов написал ряд работ по обычному праву казахов. Он рассмотрел вопросы казахстанского права в широком спектре, то есть с точки зрения исторического развития и современности. Взгляды Ш. Валиханова на историю казахстанского права, его социальное содержание и перспективы важны для правовой науки Казахстана. По словам Валиханова, «казахстанское право начало складываться в эпоху племенного строительства и явилось результатом длительного исторического развития. Вообще Ш. Валиханов писал о нормах обычного права, существовавших сотни лет, а может и тысячу лет, в своем знаменитом произведении «Записки о судебной реформе» [3].

Через пятьдесят лет после Ш. Валиханова профессиональный юрист Ж. Акпаев стремился внести свой вклад в толкование казахстанского законодательства. Что касается особенностей и смысла определения закона, сформулированного Ж. Акпаевым, необходимо отметить следующие моменты. Прежде всего, по словам Ж. Акпаева, казахи понимали закон через термин «дорога», то есть как инструмент регулирования общественных отношений, показывающий, как решать проблемы в правовых отношениях людей. По его словам, казахстанский закон представляет волю всего народа, потому что психология народа признает закон справедливым и справедливым, - сказал М. Кул-Мухаммед [4].

Как сказал Президент в своей статье, «сегодня не только у человека, но и у всего народа есть шанс на успех, только если это повысит его конкурентоспособность».

Конкурентоспособность - это способность страны предложить лучший мир по цене или качеству в регионе или на глобальном рынке. Новые изменения в области времени, времени, которые навязывают конкурентоспособность будущим поколениям. Поскольку развитие общества отражается в новом мире науки, задача конкурентоспособности возрастает. Следовательно, этот вопрос должен быть одной из ценностей любого общества и в рамках национального сознания в этом обществе. В прошлом наши предки защищали страну от врага, но главное направление сегодняшнего поколения - достичь научного мира, который освоили наши герои, и еще больше укрепили мир (национальные интересы) с помощью науки, образования и искусства.

Конкурентоспособность - это пример современной культуры. Главный принцип конкурентоспособности - умение осваивать общие миры мировой цивилизации при адаптации к новым требованиям развития в современном пространстве. Со времени бурного развития науки процесс цивилизации в человеческом мире ускоряется. Новые изменения, происходящие на пути человеческой цивилизации, навязывают каждой нации культуру, ее состояние, раннюю заботу, поиск, адаптацию и гибкость к новым мирам науки в соответствии с новыми требованиями глобализации. В философии это называется

прагматизмом. Национальный прагматизм - это умение узнавать себя, свою нацию, народ, страну, защищать мир, защищать его своевременно. Как сказал Президент: «На пути к возрождению мы должны возродить добродетели, унаследованные от наших предков, привитые нашей кровью и укоренившиеся в наших корнях сегодня».

Национальный прагматизм - одно из величайших достижений наших предков. Действительно, если посмотреть на историю, казахи не потеряли национальной традиции, а наоборот, преодолели трудности в обществе через традицию. В результате, несмотря на независимость страны, не каждый казах в истории утратил свои национальные качества и ценности. Культурное поле традиционного общества было сохранено благодаря силе национального сознания, то есть мудрости и благородства, в защите земли и страны. В результате нация не была уничтожена. Основная цель укрепления национального прагматизма, изложенная в статье Главы государства, - изучить и направить ценности, объединяющие дух нации, дух и будущее нации в этом историческом пространстве.

В статье Президента «Традиция казахского народа защищать, беречь и содержать Родину в чистоте является ярким примером национального прагматизма: «Если мы посмотрим на собственную историю, на образ жизни наших предков, то найдем много ярких примеров истинного прагматизма. На протяжении веков наш народ ведет беспрецедентный экологический образ жизни, сохраняя природу родной земли и экономно и рационально используя ее ресурсы».

Одна из проблем современного общества - национальная идентичность. Сохранение национальной идентичности - принцип сохранения страны в сегодняшнюю эпоху глобализации. Потому что этот вопрос всегда напрямую связан с будущим нации. Если в человеке, в его жизни, в обществе нет национальной идентичности, будущее общества такого человека мрачно. Если в обществе нет национальной идентичности, если национальная идентичность не становится национальным сознанием, человек в такой среде будет отдаляться от той среды и общества, в которых он вырос. В основе национального самосознания лежат примеры духовных качеств, таких как ум, чуткость, интеллект, которые объединяют дух человека и нации. Наша история доказывает, что поколение, которое уважает прошлое и смотрит в будущее с высоким уровнем интеллекта, происходит от сильной национальной идентичности, а также от реалий сегодняшнего дня.

Одним из направлений духовного возрождения можно указать поэтапный переход казахского алфавита на латинскую графику. В свое время великие казахские ученые Ахмет Байтурсынов и Кудайберген Жубанов активно продвигали идею перевода казахского алфавита на латинскую графику. В настоящее время латинский алфавит стал языком новых технологий и применение его открывает значительные возможности.

